Гүлжаз ҚАРЫБЕК

АЛДАСПАН

Өмірбаяндық эссе

АЛМАТЫ
2019

ӘОЖ 323/324(574)
КБЖ 66.3(5Қаз)
Қ 42

Қарыбек Г.
Қ 42 АЛДАСПАН / Өмірбаяндық эссе. – Алматы, 2019. – 240 бет.

ISBN 978-601-06-5484-6

Кітапта белгілі меценат, ел ағасы, облыстық мәслихаттың депутаты, «Құрмет» орденінің иегері Рахым Көлбайұлы Тәңірбергеновтың ғұмырнамалық жолы баяндалады.

Кітап қалың оқырманға арналған.

ӘОЖ 323/324(574)
КБЖ 66.3(5Қаз)

ISBN 978-601-06-5484-6

© Қарыбек Г., 2019



КИЕЛІ ЖЕР — КӨРНЕКТІ КІСІ

«Екі дүние есігі...» (Мағжан Жұмабаев) — киелі Йассы топырағында, иісі түркінің рухани күш-қуаты — Түркістанда Рақымберді есімді есті қазақ бар. Қысқалық пен нұсқалыққа құмар қалың жұрт «Рақым» атап кеткен...

Рақымды жәй қазақ та, бай қазақ та тегіс таниды. «Есті» дейтініміз — Рақымберді Көлбайұлы ТӘҢІРБЕРГЕНОВ — атына заты сай рақымды адам ғана емес, қалың қазағы ерекше-етене білетін, елеп-ескеріп жүретін жайсаң жан.

Рақаң дүние есігін шаруа отбасында ашты. Шәуілдірдің көлік мекемесінде қарапайым жүргізушілікпен еңбек жолының кіндігін қиды. Осынау ойлы қазақтың күллі ғұмыры ауыл топырағына байланып, ағайынның тыныс-тіршілігімен біте қайнасты.

Түркістан — иісі түркі баласының қара шаңырағы. Мағжан Жұмабаев баяғыда:

«Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып,
жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ
қалған жоқ па?» — деп,
айтып кеткен.

Бүкіл түркі жұрағатының рухани астанасы — Түркістанның қадір қасиетін һәм қазақ жұртын ошақтың үш бұтындай темірден берік үш тұғыр-үш тастабаны — Түркістаны, Алтайы, Тілі — ұстап тұр.

Қазақтың алмас қылыштай өткір қаламгері Шерхан Мұртаза: «Әр елдің пір тұтатын мекені болады. Өзбекте — Самарханд мен Бұхара; орыста — Суздаль мен Владимир, иранда — Машхат. Ал, қазақтар үшін рухани алып, күллі қазақ халқы мойындайтын піріміз — Түркістан» — деп жазған еді.

Түркістан — түркі тілінің туған топырағы, терең тамыры. Түркі тілі — жер бетін жайлаған 210 миллион адамның екінші тілі. Түркі тілі — 40 тілден құралған алып құбылыс. Түркі тілін — әлемде тегі түркі 180 миллион халық — Ана тілі санайды. Қазақтың латын қарпіне көшуі — ұлы істің бастамасы.

Жер жүзіне мәшһүр неміс қаламгері Виктор Гюгоны шаң қаптырған қазақ Мұхтар Әуезовтің «Абай жолындағы» 20 мыңға жуықтайтын сөздік қор — қазақ тілінің адамзат баласындағы ең қазыналы, ең көркем, ең әуезді тіл екендігін және

тіліміздің нағыз байлығы мен баянының мығымдығын дәлелдейді. Алаш қайраткері Міржақып Дулатов:

«Алыстан «алаш» десе, аттанамын,
Қазақты «қазақ» десе, мақтанамын.
Болғанда атам — қазақ,
шешем — қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын» — деп, рухын қайрап, жырға қосқан топырақтың тұрлаулы түлегі Рақымберді ТӘҢІРБЕРГЕНОВ, шын мәнісінде, тағдырын ақ періштенің қанаты сыйпаған сыпайы да сабырлы азамат.

Рақаңның арман-мұраты, есілдерті — туған жердің топырағын түлету, тұрғындарына қызмет ету. «Бай болсаң — халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң — жауыңа найзаң тисін» деген, құдайдың берген несібесін қалың қарашамен бөлісуді көкірегіне қаршадайынан құйып өскен Рахым халқының қадірін біліп-құрметтеп, мұң-мұқтажына құлақ асып, жәрдем-пайдасын тигізуге әрдайым әзір.

Түркістан жұрты Рақаңның кәсіби кәсіпкерлігіне емес, бас тіреп келгеннің тауын қайтармайтын қайырымдылығына тәнті. Рахым Көлбайұлының ұстанымынан бай-манаптық мансап-ұғымнан гөрі, ұлықты ұлағат есіп тұрады. Үміт шоғы көмескі тартқан кембағал адамдарға, жетім-жесірлерге, қарттар мен мүгедектерге қарайласып, қол ұшын созған да; талантты танып, дарынды демеп, өнер өрісіне жол ашқан да; саңлақ спортшының арқасынан қағып, құрыш-күшіне қанат

байлаған да; қайтарымы еселі қайырымдылық шараларына демеушілік жасаған да — Рақымберді ТӘҢІРБЕРГЕНОВ.

Тұран топырағындағы оқу ақысы ең арзан кәсіптік білім беру ордасын да Рақаң ашты. Жастарды авто-механикалық кәсіпке тартып, терең меңгерту мақсатымен дүниеге келген арнаулы индустриальды-педагогикалық Түркістан колледжі — ауыл балаларына техниканың қыр-сырын ұғындырып, бесаспап маман дайындауға бағытталған. Он жылдық тарихы бар оқу орны өндірісімізге ауадай қажетті «автомеханик», «диспетчер», «автослесарь», «дәнекерші» сияқты мамандықтар бойынша кәсіби мамандар тәрбиелеп, еліміздегі жаңа технологиялық жандандыру стратегиясын жүзеге асыруға қомақты үлесін қосуда. Түркістан колледжінде мемлекеттік бағдарламаның сыртында, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасылардың балаларын оқытуға нақты қолдау қарастырылып, елдің келешегі — ауыл жастардың алдынан даңғыл жол ашты.

Болмысы аңғал, бітімі биік, азаматтығы артық Рақым Тәңірбергенов — нарықтың қамыты қылқындырған ширек ғасырда мыңның — біріне ғана бұйырған батылдық пен батырлық жасады. Тұранның табанында жолаушы тасымалында Рақаңа бәсекелес жоқ. Өйткені, біріншіден, соңғы оншақты жылдан астам кезеңде әлемдік қаржы дағдарысына «қыңқ» етпеген жер бетіндегі жалғыз мекеме — Рақаңның басқаруындағы кәсіпорын. Екіншіден,

жанармай бағасы жағадан алып, автобөлшектердің құнынының «қаны тамып» тұрса да, жиырма жылдан астам уақыт жол жүрудің бағасын тұрақты ұстап отырған бір-ақ мекеме — Рақаңның басқаруындағы кәсіпорын.

Әрине, қарапайым қала тұрғыны үшін ең шетін мәселе — күнделікті жол күресі. Көпбалалы отбасы үшін күнделікті жолкіренің мөлшері — өте өзекті мәселе. Рақаңдай риясыз атпал азаматтың арқасында Түркістан шаһарының тұрғындары қала ішінде де, қала маңына да ең арзан көлікпен қатынайды. Қарапайым қазақтың қамы, есіл елдің игілігі үшін бұдан асқан қандай қамқорлық керек!

Ол-ол ма, алды кең, жүрегі жомарт Рақаң жыл сайын әл-ауқаты төмен 250-300 отбасыларына, студенттер мен қарияларға қала көлігінде тегін жол жүруіне рұқсат беретін карточкалар таратады. Мұның өзі «Әр қазақ — менің жалғызым!» деген Рақаңның қандастарына қарлығаштың қанатымен су сепкендей жасаған жәрдемі...

Табиғатынан көпшіл Рақаңның досжаранының да қарасы қалың. Туысқа — жанашыр, досқа — адал, сертке — берік. Терең тамыры атышулы Шыңғысханнан бастау алатын қазақ — балғын бала Темучин (Темірші) мен Жамұқаның жан дос (анда) болғанын тарихтан айқын біледі. Шәкерім ақын: «Әбілғазы хан һәм басқа мұсылман шежірелерінде ең бұрын от жаққан, пешті жылы үйді шығарған түрік... Нәсілі бір болмаса да, екі түрік —

ағайын болғысы келсе, бір жерін қанатып, қандарын сүтке, яки, қымызға қосып ішеді де, «қаны қосылған қандас болдық» дейді. Оны «анда» дейді. Қазақтың «құдан-анда» дегендегі андасы осы» —деп жазды. Бүгінгі Түркістанда андасы андыздаған бір байрақты қазақ — Рақым ТӘҢІРБЕРГЕНОВ.

Темірдей тәртіпті бірінші орынға қойып, өтірік айту мен жалған сөйлеуге жаны қас, тікесін айтып, туғанына жақпайтын марқасқа мінез — Тұранның тұрлаулы тумасын топ ішінде жұлдыздай жарқыратты. Елдің жайын ойлаған ерен азамат Рахым Тәңірбергенов — дүбірлі додада халықтың өзі ен тағып еншілеп, аттай таңдап алған қалаулысы болды: бес мәрте облыстық мәслихатқа депутат сайланды.

Адал еңбек, ащы тер, ауыр бейнет — абзал зейнеттен де кенде қылған жоқ: Рақаң апайтөс кеудесіне қадірменді «Құрмет» орденін тақты. Қазақстан Республикасының «Құрметті автокөлікшісі», Халықаралық психология ғылымдары академиясының «Құрметті академигі», Түркістан қалалық Футбол және Бокс федерацияларының президенті секілді жауапты да қоғамдық міндеттері тағы бар.

Рақаң — Түркістанның түлегі екендігін айрықша мақтанышпен айтады. Эстонияның Тарту университетінде музейге қойылған өте көне 1800 жылғы глобуста Орта Азия мен Қазақстан жері жалпылай көрсетіліп, Түркістан қаласы жарқырап белгіленген екен. Бұл — Түркістан — ежелден түркілердің астанасы болғаны-

ның айғағы» — деген Рақаң үшін Түркістан қаласының «Құрметті азаматы» атану — ерекше қуаныш, бөлекше бедел.

***

...Имандылық пен қайырымдылықтың ордасы — Түркістанда құдайдың құтты әр күнінде бозарған таңмен таласа тұрып, тынымсыз тірліктің қамын күйттеп, жаны мен ары таза, өз кәсібінің кәнігі жүйрігі, білікті басшы, майталман маман саналған, сабырлы да салиқалы, қарапайым да қайырымды бір адам Йассының көк күмбезіне бет түзеп, аяңдап кетіп бара жатады...

Автордан



ТЕГІНЕ ТАРТСА, ЕЛІНЕ ТАРТАДЫ

Тегіне тартады - елін жарытады
Тереңге тартқан тамыр



Қарға тамырлы қазақтың тегі тым тереңге тартып, тұңғиық тұшынтады. Қазақ — жер бетінде жеті атаға дейін қыз алыспайтын жалғыз ұлт, жайсаң жұрт. Қазақ жеті атасының ұрпағын бір атаның баласы — туыс санайды.

Жеті ата — қазақ халқының салт-санасында адамның ата тегін таратудың анық ұстанымы, нақты жүйесі. Әр қазақ баласының өзінен бастап, жеті атасының аты жөнін білуін — әке-шешесі мен ата-әжесі ес білгеннен үйретіп, жаттатып өсіреді. Қазақтың Жеті атасы мейлінше кең мағыналы һәм терең түсінікпен таратылады: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

Атасынан төмен қарай аталатын Ататек: ата, әке, бала, немере (немелтай), шөбере, шөпшек, немене болып жалғасады. Қазақтың «Жеті пұсты» дейтіні: бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жүрежат.

Туыстық атаулары: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын болады. Екі немереден туғандар бір-біріне

— Бел немере; Немелтайдан туғандар — Жүрежат, Шөбереден туғандар — Туажат, Шөпшектен туғандар — Жұрағат, Немененеден туғандар — туыс-ағайын.

Жеті ата — әр қазақтың, тұтас ұлтымыздың, күллі жұртымыздың бабалар рухы алдында іштей жауапкершілік сезімін оятатын айрықша адуынды қуат-күш. Аталарымыз: «Ата тегін айтқанның — айыбы жоқ», «Жеті атасын білмеген — жетесіздіктің белгісі» деп, жеті атасын анық та айқын білуді өсиет-аманат еткен. Жеті ата — этникалық тұтастықтың арналы арқауы, тұғырлы темірқазығы.

Рақымның да бастау бұлағы тегін емес: Рақымның әкесі — Көлбай, Көлбай — Тәңірбергеннен туған, Тәңірберген — Құрмантайдан өреді. Рақымның әкесі Көлбай 1910 жылы дүниеге келген. 1913 жылы Тәңірберген 49 жасында өмірден өткенде, Көлбай небәрі үш жаста ғана екен. Тәңірбегеннің әкесі —«Құрмантай қажы өз өңірінен «Түркістанның қызыл кітабына» түскен» деседі. Нақты неше әйел алғаны беймәлім, белгілісі — кіндігінен тоғыз ұрпақ өрген. Екі мәрте мұсылмандық борышын өтеген Құрмантай — толыққанды қажы. Соңғы қажылық сапарында Құрмантай атамыздың жасы 83-84-ті алқымдаған көрінеді...

***

Дәп бүгін қазақтың тәуелсіздік туын тігіп, бодандық ноқтасынан құтылғанына ширек ғасырдан асса да, әлі күнге

дейін мұсылманның бес парызының бірі — қажылық жайлы түйсік-түсінігіміз, өкінішке қарай, кемшін. Тіпті, қайсыбір бауырларымыз «Қажылықтың кімдерге парыз?» екендігінен де бейхабар. Тәлімдеп-тәпсірлесек, қажылық — балиғат жасына жеткен, ақыл-есі дұрыс, басының бостандығы бар, жол жүруге денсаулығы жарайтын әрі тәуелсіз, қажылық шығындары мен отбасының күнкөрісіне жетерлік қаражаты жеткілікті, жолына сенімді (жол ашық болуы керек) мұсылманға міндетті парыз. Алла Тағала Құран Кәрімде: «Мұнда келуге шамасы келген адамның бәрі Аллаһ үшін сол үйді (Қағбаны) қаж етуге қарыздар» («әл — Имран» сүресі, 97-аят). — бұйырады.

***

Әрбір мұсылманның мұраты секілді ерен есімі «Түркістанның қызыл кітабына» енген Құрмантай қажы да Алла Тағала нәсіп қылса, Меккеде, қажылық жолда жүріп, бақилық болуды һәм Жұмақтың бұйыруын мақсұт тұтқан болса керек, қажылық міндетін өтеу үшін екі жыл жол жүріп, әркімнің малын бағып, жол азығын тауып, ақырында, туған топыраққа табаны ілігіп, мәңгілік мекеніне аттанған екен. Алла Тағала қажылығын қабыл қылғай, топырағы торқа, жаны Жәннәтта шалқығай, марқұм Құрмантай атамыздың!

Адам баласына өлшеулі өмір берген Алла Тағала қасиетті Құранның Ағраф сүресінде (34 аят): «Әр әлеуметтің белгілі бір мерзімі бар. Олар сол мерзімі келген

сәтте, бірдем кешікпейді де ілгерілемейді»-деген...

***

Көлбай туылған тұста Ысты руының «Көлбай ысты» деген атақты болысы болған екен, атасы ырымдап, немересінің атын азан шақырып, Көлбай қойған екен.

Біздің Ислам дінімізде: «Өмір деген намазсыз — Азан мен Азансыз — намаз аралығындай ғана тым қысқа мезет» деген тәмсіл бар. Расы, «жарқ» еткен құйрықты жұлдыз тәрізді тез әрі қамшының сабындай тым қысқа өте шығатын адамның ғұмыры — азан мен намаз арасындағы уақыттай ғана біртұтам сәтке ұқсайды. «Өмір деген намазсыз — азан мен азансыз — намаз аралығындай ғана тым қысқа мезет» деген тәмсілдің мағынасы мынада: қазақтың азан шақырып ат қою салты — намазсыз Азан. Ал, өзекті пенденің дәм-тұзы таусылғанда, марқұмды арулап-кебіндеп, жаназа намазын оқып, ақырғы сапарға шығарып салады, бұл — Азансыз намаз.

Иә, намазсыз — азан немесе азансыз — намаз болмайды. Сондықтан, әлімсақтан атамыз қазақ жаңа туылған шараның құлағына азан шақырып, ат қойған. Алдымен, нәрестенің құлағына азан айтылып, содан соң ғана ат қоюдың себебі мен хикметі — қос дүниенің шамшырағы, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) былай дейді: «Сендер қиямет күні өз есімдеріңмен және әкелеріңнің есімдерімен шақырыласыңдар. Олай болса, балаға көр-

кем есім қойыңдар» — деп, арнайы ескерткен.

Әдетте, атамыз қазақ дүниеге жаңа келген шараның басын Құбылаға қаратып, оң құлағына — Азан, сол құлағына — Қамат айтып, ат қойған. «Атына — заты сай болсын» деген изгі ниеттен туған сәбиге ат қоюдың мәнісі: есім-сойдың мағыналы-мәнді, құлаққа жылы-жағымды болғаны абзал. Нәрестенің өміріне ең көп әсер ететін дүниенің бірегейі — төл есімі болса керек. Бала ес жиып, өскен кезде есімі үшін ұялмайтындай болсын!

Ұлтымызда «көз тимесін» дейтін асыл мақсатпен ат қою рәсімі де мықты дамыған. Тіпті, атақты Абылай ханның (жас кезінде «көз тимесін» деп «Сабалақ» атанған) шын есімі — Әбілмансұр. Алаштың адуынды Жәнібек ханының есім-сойы — Абу Саид болған.

Рақымның үлкен атасы Құрмантай — жүнді өргізуден бай-бақуатты болса, оның аталас туысы Құрманбай — қылдыдан алдына қара салмапты. Құрманбайдан Жаздықбай, Күздікбай деген екі ұл қалған. Құрмантайдан — тоғыз ұл.

***

Әлімсақтан ұстанған дініміздің мехнаты мол Қажылығын тайсалмай өтеген Құрмантайдың да тағдыры тақтайдай тегіс, оқтаудай түзу болмаған. Адам ата Хауа анамыз жаралғалы жалғасып-жағаласып келе жатқан пендешілік әрекеттер ешкімді айналып өтпеген.

Пендешілік кісіден қалған ба, Көлбай пәни есігін жұлқып ашқанда, қайран бауыры Құрманбай бақталастық әурешілікпен: «Құрмантай қажы немересінің атын «Көлбай ысты» қойыпты, ол «Көлбай ысты» бола алмайды ғой» деген көрінеді, жарықтық! Әкесі марқұм айтып отырады екен: «Сол кісі ««Көлбай ысты» бола алмайды» деген екен, мен шынымен «Көлбай ысты» бола алмадым» деп...Тәйірі, Шерағам (Шерхан МҰРТАЗА) шерлеткен «Бір кем дүние...» ғой...

***

Дүниенің кеңдігінен — кемдігі көп болмаса, Құрмантайдай ғазиз басты қажыны ағайын-жұрты, жақын-жұрағаты сөзге ілмей, ғибратын тыңдап, қажылық қағидаттарын бойларына сіңіріп алмас пе еді.

Алла Тағала былай деген: «Қажылық және умраны Алла үшін толық орындаңдар!» («Бақара» сүресі, 196-аят).

Бірде сақабалары мүбәрәк Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.ғ.с.):

— Исламдағы ең абзал амал қандай? — деп сұрайды.

— Аллаға және Елшісіне (с.ғ.с.) иман келтіру, — дейді Алланың Расулы.

— Одан кейін ше?

— Алла Тағала жолында жиһад ету.

— Одан кейінгі абзал амал қандай? — деп, сұрағанда:

— Қабыл болған қажылық, — деп жауап береді Жаратқан Иеміздің Елшісі.

Рақым Көлбайұлындай көрнекті кісінің үлкен атасы «Құрмантай қажының ғибадатын Рақымды Раббымыз толық қабыл еткей!» — дейміз.

***

Құрмантай қажының отбасы, ошақ қасында тоғыз баласымен алдында он бес-жиырма мың қойы жайылып жүрсе, бай-бағлан емей, немене?!. Бұдан артық-асып Алладан не сұрайсың?!.

Тоғыз баласына қосылып, Құрмантай қажы өзі оныншы болып көкпарға шықпайынша, ешкім көкпарға тиіспей, күтіп тұрады екен. Көкпарға шығарда Құрмантай қажының ұлы Тәңірберген кешігіп, шешесінің күбісін пісіп, анасына көп қарайлап қалады екен. Үлкен қатынның балалары «жүр» деп, кейінгі қатынның баласын өздерімен бірге ертіп, алып кетеді. Еңкеюге өте епті Тәңірберген «көкпарды алып беруге машықты болған», деседі.

Құрмантай қажы бірде сәуегейліктен гөрі, парасат-пайымның тереңдігімен былай депті: «Бір қиын қыстау уақыттар келе жатыр, білмеймін: соғыс па, ашаршылық па, әлде, ауру-сырқау һәм індет пе, әйтеуір, сірә, соның қасыреті қиын соғып, тек Тәңірбергеннен ұрпақ қалуы мүмкін, қалғандарынан тұқым қалмайды».

Рақым Көлбайұлы мұңайған кейіппен сөз қозғады: «Не жаманшылық екенін біл-

меймін, атамыздың жеті ағасы мен бір інісінен — бір ұл перзент қалмай, тегіс шетінеп кеткен. Тіпті, Тәңірберген атамыздың бауыры Сүгірбай атамыз Түркістанның старшинасы (Старшина — болыстың жауапты хатшысы болуы керек) болып, еңселі қызмет атқарған...» — деп...

***

Жаратқан Иеміздің құдірет-құпиясына жаратылған пендесінің ой-парасаты жеткен емес, кім білсін, барлық жұмбақ, күрмеулі түйін — өзекті пенденің ниет-пейілінде ме екен?!. Әйтпесе, Алла Тағалаға мінәжат қылып, қиын-қыстаулығына қарамай, қажылығын өтеген Құрмантай бабамыздың байсалды сөзі қалайша шынға шықты, айнымай ақиқатқа айналды? Демек, мұсылман баласы, шама-шарқы жеткенінше, бес парызын орындауға тырысуы керек.

Екі мәрте қажылық парызын өтеп, арада екі көктемнің қары ерігенде Құрмантай қажы сексен бес жасында дүниеден өтеді. Әлбетте, сол бір ескі заманда бүгінгідей жүйіткіген жер көлігі де жоқ, аспан төсінде әуелеген алып ұшақтар да жоқ, қажылық сапарында жол азабын тартып-тарыққан Құрмантай қажы алғашқы қажылығын төрт-бес айда жеңілдеу атқарып қайтқан екен, соңғы қажылық сапарында жүрегіне иман тамшысы сіңген әрбір мұсылманның мұрат-мұддесін мансұқтап: «Жаратушымның алдына қажылық сапары кезінде барсам, бек разымын!» — деп, сол жақта екі жылдай уақыт қалуды жоспарлап, бі-

раз кідірген екен, бірақ, ажал — адаммен ақылдасып немесе айтып келмейді ғой, көрер күн, ішер көжесі таусылмағасын, еліне қайтып келген көрінеді.

***

Құрмантай қажы қайырымды Тәңірбергеннен тұқым қалып, ұрпақ өрбуіне айрықша ықыласты болса керек, Раббымыздың рақымы түсіп, Тәңірбергенге — Сәрсенбай, Қатпа, Көлбай жалғасты...

...Көлбай атасы мен әкесі бақилық болғасын — жетім қалады. Теріскейдің саңғыл руының қызы анасы Аяштан — Сәрсенбай, Қатпа, Көлбай, Сәрсенкүл туған.

Қосағынан жастай жесір қалған анасы Аяш — әмеңгерлікпен Сүгірбай қайнысына тиіп, Күләш деген қыз туады. Күләш бойжетіп, божбанның жігітімен отау тіккен: екі ұл, бір қыз өсіріп, бүгінде бір дүйім ел.

Көлбайдың үлкен ағасы Сәрсенбай он алты жасында Шәуілдірдің саңғылы Байысбай деген байдың қызымен некелеседі. Үш-төрт ағайынды кісілер аса ауқатты, өте бай болған, деседі.

Әкесі Көлбайды он екі жасында сол байлардың біріне малшы қылып береді. Қаратаудың бөктеріндегі бір құбырдан ерте көктемде су шығып тұрады екен, Көлбай сол жерге көктемде малын айдап апарып, күзге дейін өргізіп, жаяды. Түз тағысы — қалың қасқыр — малға жаудай шабады...

Тау ауасы қашанда салқын. Көлбай «Малға қасқыр шаппасын» деп, көбіне бет-кейде жатады. Бір күні тонын жамылып жатып ұйықтап кеткен екен, бір мезетте оянып көзін ашса, дәу көкжал төбесінен төніп тұр екен. Көлбай ә дегенде, сасқалақтап қалып, бар дауысымен ышқына айқайлапты. Ащы дауыстан кенет «дір» етіп, шошынған көкшуланның табаны тайып, жығылғанда таудың жарындағы бір тасты құлатып жіберіп, сылдырақ тас бірін-бірі қуып төмен қарай ылдилап, айналаны зор шуға бөлепті. Қатты дыбыстан шошынған түз тағысы ытқып қаша жөнелген. «Қырық жыл қырғында ажалсыз — өлмейді» демекші, сөйтіп, Көлбай тағы бір тік қарап, бетпе-бет келген ажалдан аман қалған...

«Ажал» демекші, түз тағысының қаупінен, бұл жалғанда, кейде шынайы жанашырлық күткен ағайынның қысастығы асып-төгіліп жататыны, өкінішті. Көлбай жапан далада малдың артында азып-тозып жүргенде ағалары ай сайын келіп, бір лақ-серкені сойып алып кетеді екен. Ай асырмай ат байлайтын ағалары лақ-серкені жәукемдеуге келгенде, байғұс інілері Көлбайға жөндем қорек те көрсетпей, тек қалған-құтқан қатты нан әкелетін көрінеді. Қатыгездіктің де шегі жоқ сияқты ғой...

Рақым Көлбайұлы ардақты әкесінің ауыр тағдыр, қиямет ғұмыры хақында мейлінше мұңайып сөз қылады: «Байғұс әкемнің көйлек-дамбалы болмапты: бұтында да, үстінде де шекпен. Тірі адам — тіртіректеп тірлік жасайды: бір тоқтыны сойып,

етін бірнеше бөлшектеп, көміп тастайды екен. Сауып алған қойдың сүтін ұйытып, айран қылып, әр жерге жасырып қойып күнелткен... Кейін Алтынбеков деген кісі Шәуілдірде Жетімдер руының атынан канал қаздырғанда, менің әкем біраз жігіттермен бірге кетпенші болып барады. Ал, 1937 жылы Мәскеудегі Қазақстанның он күндігіне «стахановец» болып қатысады...»

(«Стахановец» дегеніміз — совет билігінің көзбояу бастамасының бірі — Совет өкіметі дәуірінде социалистік жарыс еңбегінің жеңімпазы, еңбек өнімділігін мейлінше арттырған жаңашыл жұмысшы. Совет билігінің диктаторы И.Сталин: «Стахановшылар — біздің өнеркәсібіміздің жаңашылдары» деп атаған. Жалпы, бұл атау — 1935 жылы социалистік еңбек бәсекесінде аса жоғары көрсеткіштерге жеткен Донбасстың Орталық Ирмино шахтасының бұрғылаушысы Алексей Стахановтың құрметіне қойылған).


...Көлбайдың алдындағы Қатпа деген ағасына қатын тұрақтамай, бес-алты рет төсек жаңғыртады. Ақырында, біреудің қатыны — қазіргі бала шағасының шешесі, қалың Қоңыраттың Божбан руының қызын тартып алғанда, анасы: «Шырағым, ақылға кел, тарт тізгінді!» — деп, ақ батасын беріпті.

Қадым заманнан қазақты анасы тәрбиелеген «Бесік жырында» шексіз өрісті өнеге жатыр. Бесік жыры — бала тілінің тез шығып, есте сақтау қабілетінің жақсаруына, шешен де ақылды болуына септігін

тигізіп қана қоймай; ұзын өмір, ұлағатты ғұмырында бағдаршамындай бағыты болған. Қазақ баласы парасатты, иманды, сабырлы, мейірімді ұрпақ болып тәлімденген. Айталық, алдындағы ағасы отау тігіп, отбасын тұрақтандырмай тұрып, інісі үйленуді ойына да алмаған, өз кезегін күткен. Сондықтан, Қатпа ағасының отбасының бақыты байыз таппай, Көлбай да басын құрамай кідіріп, тек орда бұзар отыз төрт жасында ғана некелескен...

Жалғанның баянсыздығын терең толғаған толқулы кездерінің бірінде Рақаң былай деп қалды: «Адам баласының өмірі — биік шыңның көлеңкесін саялаған уақытша жолаушы тәрізді. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр — пенде үшін сынақ. Күш-қауқарың мен мүмкіндігің болып тұрғанда, адамдарға мейлінше көбірек жақсылық жасап, сауапты амал жинаған пайдалы. Амалы мен сауабы мол адамның — ақыреті де баянды, артында қалған ұрпағы де берекетті болады. Неге десеңіз, адам — тегіне тартпай, тұра алмайды...»

Тура сөз, рас уәж. Тегіне тартса, еліне тартады. Болмыс-бітімі мен пейіл-ниеті елімен бірге қайнасқан Рақаңның төл тағдыры — ақжарма сөзінің ақиқаты һәм айқын мысалы.



АСҚАР ТАУДЫҢ КҮНГЕЙІ

Ата-бабамыз перзентін әкесінің кіндігінен таратып, санамалап-түгендейтіндіктен, қазақ отбасындағы әкенің орны орасан, беделі биік. Ақ жаулықты әжелеріміз бен аялы алақан аналарымыз «Әкең келе жатыр» деген жалғыз-ақ ауыз сөзімен – бұзық мінез бен тапырақ болмысты су сепкендей басқан. Осынау бір ауыз сөз – әкенің басты тұлға, соңғы шешімнің иесі екендігін айқындаған...



Асыл дініміздің қазыналы хадис шәрифінде: «Ешбір әке баласына жақсы тәрбиеден артық — ештеңе бере алмайды» дейді. Сондықтан, әкенің сөзі мен ымы, жүрісі мен тұрысы, әрекеті мен қылығы, тіпті, ашуын басып, сабырға жүгінуіне дейін — өскелең ұрпағы үшін тұнған тәлім, өрісті өнеге.

Қазақтың беделі үстем ұлықты Бұқар жырауының: «Әкесіз бала жиын болса — бара алмас, барса — орын ала алмас» дегені осыдан. Ұлтымыздың: «Әке көрген — оқ жонар» дегені — әкесінің үлгі-тәрбиесін көрген бала мейлінше өжет, мейлінше шыдамды, мейлінше табанды болып өседі, дегені.

...Біреудің баласы үнемі тағдырының қиындығына арызданып, төзу мен күресуден шаршағанын айтады. Аспаз болып жұмыс істейтін әлгі баланың әкесі бір күні үш ыдысқа су толтырып, отқа қояды да, су қайнай бастаған кезде біреуіне — картоп, екіншісіне — жұмыртқа, үшіншісіне — кофе дәнегін салады. Жарты сағаттай мезгіл өткенде, әкесі отты өшіріп, картоп, жұмыртқа және кофе дәнегін үш бөлек қояды

да, баласына:

— Картоп пен жұмыртқаға қолыңды тигізіп, кофені ұрттап көрші, — дейді.

Баласы картоптың жұмсарғанын, жұмыртқа қабығының қатқанын, кофені дәмді сусынға айналғандығын мойындайды. Сонда «картоп та, жұмыртқа да, кофе дәнегі де бірдей қайнаған судың ішінде бірдей қиыншылық көргендерін», бірақ, «қиыншылыққа қарсылық кезінде әрқайсысының әртүрлі күйге айналғандығын», мысалы картоп басында қатты, мықты болып тұрса, қайнаған суда жұмсарып, өз күшін жоғалтқанын; ал, басында өте нәзік, сезімтал жұмыртқаның қайнаған суда қатты болғанын; кофе дәнегінің қайнаған суда өзінің де, суды да өзгеріп, толығымен жаңа нәрсеге айналғанын айтқан әкесі баласына: «Сен қиыншылық басыңа түскенде қайсысына ұқсайсың: картопқа ұқсап, әлсіздіктен мыжылып кетесің бе; әлде, жұмыртқадай «жүрегің» қатаяды ма, болмаса, кофе дәнегі секілді өзіңді жетілдіріп, өміріңе жаңа серпіліс жасайсың ба?!.» — деген сұрақ қойған екен...

«Бір әкенің тәрбиесін — жүз мектеп бере алмайды», деген тәмсілдің қайнар бұлағының да тереңде қайнап жататындығы — табиғи заңдылық.Тағдырдың тар жол, тайғақ кешулерінен сүрінбей, алға ұмтылған Көлбай атамыз Екінші әлем қасабы — неміс-совет соғысы етек-жеңін жиған сәттерде Сарықызға үйленеді.

Есі барда, елін тапқан Көлбай екі өгіз

тебетін арбаға «арбашы» болып орналасады. Колхоздың сауылған сиырларының сүтін дәу ағаш бөшкеге толтырып алып, айдап кетеді екен. Сарықыздың Байболыс деген інісін қасына серік қылып алады. Суы бар жерге тоқтап, әлгі бөшкені ашса, «әр бөшкеде бес-алты келіден сары май іркілдеп тұр», дейді.

Шаруаға ілкімді Көлбай қаршадайынан адамның бойындағы қамсыздық һәм жайбасарлықты жек көрген. Істің кілтін, мәселенің мәнісін оңайдан іздемей, мұқият зерттеп, тиянақтылық пен тындырымдылыққа дағдыланған. Пенденің басты жауы — немқұрайлылық, қас дұшпаны — еріншектік пен масылдық деп түсінген.

Көлбай атамыздың келісті келбеті көз алдыма келген сайын, неге екені белгісіз, өз заманының сұңқары, алаш көсемі Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫның барақат бейнесін есіме аламын. Өткенсіз —ел, өркенсіз — жер болмайды: бір алыс шетелдегі ауыл өнімдерін құрт-құмырсқа, бақа-шаяннан қорғаудың озық үлгісіне сүйсінген терең білімді, мейлінше еңбеққор, мүмкіндігінше тақуа Ақаң іске ілкімділік пен жаңалыққа құмарлықты жан-тәнімен сүйіп: «Біздің Түркістанда да бақ бар. Онда да өрік, мейіз, алманы жеп жұтатын жауы бар. Онан бағын қорғаған адам жоқ. Бұл — бізде білім жоқтығы. Өрік, мейіз гүлдемей қалса, құдайға, шайтанға жаланы жаба салып жүре береміз, «қап!» деп отыра береміз. Біздің Түркістанның, Қазақстанның егінінің жұты — шегіртке, тарақ құйрық

тышқан. Шегірткенің жұты — қара-ала торғай, тарақ құйрықтың жұты — күзен. Қараала торғай, әсіресе, қораға үйір, балапанын адам баласы салған ұяда өсіріп ұшырады, адамға үйір болады. Шегірткеге келсе, жер соғып отырып қаламыз, қара-ала торғайды асырамаймыз. Міне, бір адасқандық. «Күзен бұл болды» деп, күз болды — күзенді қырып саламыз... Егінді тарақ құйрық жеп, жер соғып отырамыз» — дейді...

Шаруаның шырынын тұшыну, істің көзін білу — әркімге бұйырған қабілет емес. Табан ақы, маңдай тердің рахаты — нар несібесімен өлшенеді. Көлбай атамыз да бөшкеде іркілдеп тұрған сары майды дереу сығып алып, үстіне мұздай су құйып жібереді екен. Қаланың шетіне іліккенде, бөшкеден тағы да шым-шымдап май тамып, ашыққан жолқосшылар тамшысын жалап, тамақ жібіткен...

Есте жоқ ескі заманнан бабаларымыз «Қойдың құты — құлағында» депті. Мұның мәнісі: маңызды бір пәлсапамен сабақтасып жатыр. Ертеректе Сырлыбек дейтін кісінің ауылына кешқұрым ит-құстың тілін жетік білетін қонақ келіп түседі. Дастархан басында сырттан ұлыған қасқырдың даусын естиді. Оған ит үріп жауап беріпті. Қасқыр:

— Әй, ит екеш, інім. Әлімсақтан екеуміз туыс едік. Алла менің жеті несібемді — желден, бір несібемді — үйден жаратқанын білесің. Бүгін көзім осы ауылға түсіп тұр. Маған бір қой бер, — дейді. Ит:

— Қасеке, менің тоқтығым осы қойлардың амандығын ғой. Қойды алдырсам, қожайынның алдында ұятты боламын, — деп көнбейді.

— Ендеше, қонағыңның атын бер, — дейді қасқыр.

— Қазір босағадан сығалаймын. Қонақ маған сүйек берсе, атты бере алмаймын. Егер сараң болса, ала бер, — дейді ит.

Қонақ мұның бәрін естіп отырады. Бір уақытта қонаққа ет тартылғанда, ит босағадан сығалайды. Қонақ итті көріп, қолындағы жамбас сүйегін сыртқа лақтырып жібереді. Үй иелері түкке түсінбей: «Кәде қылып, сыйлап берген асымызды далаға тепкені несі» — деп, іштей ренжиді.

Тамақ желініп, жұрт ұйқыға кетеді. Таңертең қонақ абыр-сабыр айқайдан оянады. Түнде қасқыр шауып, қорадағы қойларды айдап кетіпті. Үй иесі қонағына:

— «Қонақ жақсы болса, қой егіз табады, жаман болса, қораға қасқыр шабады» деген. Пиғылың лас адам екенсің, — деп, өкпесін айтады.

Қонақ сыртқа шығып, батысқа қарай кеткен — екі ізді, шығысқа жүрген — төрт ізді байқайдыда , қожайынға:

— Қам жеме, қойың аман. Шығыста жайылып жүр. Ал, итің қасқырмен жан алысып, жан берісіп жатыр. Батысқа кеткен із — соны меңзейді. Итіңнің артынан барма. Ол «ием келді» деп саған алаңдап, қасқырға алдыруы мүмкін. Қасқырдың ар-

тынан барсаң, ол қорыққаннан — артына қарайды. Итің бас салып талайды, — дейді.

Сырлыбек қонақты ертіп, қасқырдың ізімен барады. Айтқандай, иті мен қасқыр бір-бірін ала алмай, көзбен арбасып тұр екен. Қасқыр арт жағынан келе жатқан адамды иісінен танып, жалт қарағанда, ит тамағынан шап беріп, қасқырды мерт қылады.

Сырлыбек қонағын ертіп шығысқа барса, қойлары сайдың ішінде жайылып жүр. Буаз қойы егіз қоздап, емізіп тұр екен. Сырлыбек қуанып:

— Аңдамай, ашумен айтқан сөзімді кешіріңіз. Жақсы қонақ келсе, қой егіз табады екен. Сіз тегін адам емес екенсіз. Көңілімді қалдырмай, тағы бір күн қонақ болыңыз, — деп, үйіне түсіреді.

Қонақ тағы бір күн жатады. Ертесіне үй иесі қонағынан:

— Не бұйымтайыңыз бар? — деп сұрайды.

— Итке қатты қызығушы едім. Көңілім бөрібасарыңызға ауып тұр. Қарғысын берсеңіз, жетектеп кетер едім, — дейді. Сырлыбек:

— Итіңіз не, марқа қой берейін, жылқы жетектетейін, — дейді.

— Жоқ, ниетіңізге разымын, мен итіңізді бұйымтай еттім, — деп, итін жетектейді. Ит кетіп бара жатып, киіз үйдің іргесінде жатқан шиге дәрет сындырады.

Қонақ:

— Қожайын, мен ойландым. Иттен гөрі мына жаман шиді алсам, қалай қарайсыз. Кемпірім: «Ши әкеп бер», — деп қақсай беруші еді. Соның тілегін орындайын. Итіңізді қоя берейін, — дейді.

Сырлыбек дымға түсінбей, келіседі. Қонақ шиді ала бергенде, әлгі қойдан туған егіз қозының бірі шидегі иттің дәретін жалайды. Қонақ қайтадан Сырлыбекке бұрылып:

— Қожайын, шиді басқа жерден табармын. Көңілім жаңа туған қозыңызға түсті. Жас қозының етіне аңсарым ауып жүр еді. «Іздегенге — сұраған» деген. Маған қозыны сойып беріңіз, — деп, қозыға бата жасайды.

Сырлыбек қонағының көңілін қимай, әлгі қозыны бауыздайды. Қонақ:

— Қозының басына ешкімнің қолын тигізбей, алдыма тартсаңыз. Құмарым қанып, бір тояйын, — деп өтініш қылады.

Ас піскен кезде Сырлыбек қозының басын қонағының алдына табақпен тартады. Қозының бір құлағы жоқ екен. Қонақ:

— Қожайын, «қозының басына ешкімнің қолы тимесін» деп өтініш етіп едім, құлағы қайда? — деп сұрайды.

— Жолаушы, айып етпеңіз. Жаңа ғана қозының басын қазаннан түсіріп, суытып қойған едік, көзді ала бере, үйдегі жүгірмектің бірі қозының құлағын кесіп

алып, жеп қойыпты. Ат-шапан айыбымды өтейін, қаласаңыз, марқа қой сояйын. Тек бізге ренжімеңізші, — деп жалынады.

Қонақ мырс етіп күліп:

— Қожайын, шаңырағыңа тепсе кетпейтін бақ орнады, — деп, естіп-білген оқиғасын бастан-аяқ айтып береді.

— Сенің ырысың — итіңде екенін білгенмін. «Алып кетейін» дегенімде, итің айла жасап, дәрет сындырып, ырысыңды қалдырып кетті. Дәрет тиген шиді алмақ болғанымда, қозы келіп жалап, құт — қозыға қонды. «Қозының басын жеп, берекеге кенелсем» дегенімде, оны кенже ұлың жеп, маған бұйырмады. Құдай сүйген қылығың бар екен. Қонақжайлығыңды жоғалтпа, — деп батасын беріп, аттанып кетіпті.

Осыдан бастап ел аузында «ырыстың бірі — қойдың құлағында» деген түсінік қалыптасыпты. Қонаққа бас тартқанда, оның оң құлағын кесіп алып, «Құт-берекеміз өзімізде қалсын» деп ырымдап, үйдің бір мүшесіне береді. Жомартты — ит те жақсы көреді. «Иесін сыйласаң, итіне сүйек сал» деген мақал да осыдан қалған,- деседі.

Болашақ береке-бірлігіне бет алған арбакеш Көлбай да жол-жөнекей нәсіп болған оншақты келі сары майы мен үш-төрт шелек қоймалжыңды базарға пұлдап, тар тұрмысқа тоқтау салған...

Бүгінгі барақат таңдарда жаңа ғасырдағы өркениетті заманда өмір сүріп, жаста-

рымыз шетел асып, озық білімге жетсе де, ең өзекті өртер өкініш: бір белгісіз кертартпалықтан, шаруаны ертеңге қалдырудан, жайбарақаттыққа жабыса кетуден құтыла алмай, ұйыққа батқан бақадай бір орнымызда үйелейміз. Тежеудің терең тамыры — ұлттық салт-санамыздан алыстауымыз болса керек.

Қазіргі қазақ баласының басым бөлігі қолына қару ұстап, аңшылыққа шығуды білмейді. Көлбай атамыз болса, жастайынан садағын қамдап, қармағын қармап, мылтығын асынып, аңшылықпен мықтап айналысқан. Қапқыш қақпан, оңтайлы тұзаққа ұста болған.

Үш ағайынды бауырлар бір үйде тұрып, нәпақа ажыратқанда: «Қармаққа күніге он қарыс, он екі қарыс лақалар ілінеді» дейді. Тұзақ салса, қаптаған қырғауыл-қояндар қырылып түседі екен.

Мінезі тіктеу, адуынды Сарықыз әжеміз: «Әй, Көлбай!Мынау құдайдың нәсіп қазынасының бірсыпырасын сатсақ, біретек ақша болады ғой» — деп, Көлбайды лезде айнытып, бөлек алып кететін көрінеді.

Құдауанда, «Адамның есебі — Алланың есебіне жетпейді» деген, бәйбішесінің ығына жығылып,бауырларынан ажырап, алыс кетсе — күніге төрт-бес қарыстық жайын балық түсетін Көлбайдың қармағына жалғыз шабақ жоламайтын көрінеді. Аңға барса, анда-санда ғана бірен-саран соқыр қоян мен жалқы-жаралы қырғауыл

түседі. Сатып-пұлдау былай тұрсын, қу тамақ, талғажау қорегіне зорға жеткізген ашулы Көлбай атамызға байсал бәйбішесі тура қарай алмайды екен.

Құдыреті күшті Хақ Тағала өзекті пендесіне нәпақасын бұйыртып, әсіресе, көкөскін бала-шағаның, Көлбай атамыздың қос бауырының бір қора балаларының несібесін ескеріп-елеп, еселейді екен-ау. Үш отау бас қосқанда, бір қазаннан жиырмадан аса адам тамақ ішеді, демек, көптің несібесін Жаратқан Иеміз жарытып нәсіп қылады...

Қазақ Елі үшін мақсат-мүддесі — күмәнді, тағдыр-толғауы — тұманды Екінші Дүниежүзілік қырғын-қасаптың таразы басы ауып, жеңіс туы тігілген соң, тура он алты Ай аунап туғанда, яғни, 1946 жылдың қырманы тоқ қыркүйегінде Көлбайдың тұңғышы — Амангелді дүние есігін айқара ашты.

Қазан айының ортасында «баржы» дарияға түсіп, өктем өкімет ұлы судың қос қапталының мұқым жұртын «Киров каналы» аталған жер мен ор қазу бейнетіне аяусыз жегеді. Қазақ «баржы» атап кеткен баржа деген — су үстімен екі жағалауға адамдар мен заттар тасымалдайтын шағын кеме немесе дәу қайық. Баржамен Сырдариянның үстінде қалаған бағытыңа қарай жүруге мүмкіндік жоқ. Дария суының аздығынан баржа табаны қайырға кептеліп қалады.

Дарияда су мол жылдары баржамен

су бетінде емін-еркін жүзу оңай. Баржа тартқыштар — баржыны өзен бойымен сүйреттетін маусымдық жалдамалы жұмыскерлер. Орыс суретшісі Илья Репиннің атақты «Волга өзеніндегі бурлактар» туындысы —баржыны суреттеудің жарқын мысалы. Бар суды бағалай білген қазақ баржының үстіне кішкентай үйшік жасап, әрі тұрмыс-тіршіліген атқарған, әрі серуендеп, көңіл көтерген. Шарана Амангелдіні сол ұзын баржының үстінде қырқынан шығарады...

Адамзатқа атышулы «Жүз жылдық жалғыздық» романының авторы, жержаһанға аты жария колумбия жазушысы Габриэль Гарсиа Маркес бірде: «Мен ертегі жазуға тырыстым. Балаларыма жазған бір ертегімді көрсетіп едім: «Әке, сіз балаларды осыншалық ақымақ деп ойлайсыз ба?» — деп, өзіме кері қайтарып берді» — деп жазған екен. Дұрысы, болатын бала жастайынан жұлқынып, жарқырап-жалындап өседі.

Ұзын баржының үстінде Амангелдінің жарық дүние есігін ашқанына қырық күні тойланған жылы Көлбайдың еті тірі, етекжеңді ағасы Қатпа колхоздың бастығына тағайындалып, Жаушығұмның тұсына баржыны тоқтатып, інісінің отбасын түсіріп алады.

Жаушығұм — Сырдария өзенінің оң жағын ала, Шардара бөгенінің жағасында орналасқан қазіргі Шардара қаласының орны. Құла түзде бой көтерген әсем де жасанды теңіз Шардара — Шардара ка-

ласының Оңтүстік батысынан қабырғалы бірнеше аудандарын ірі жасанды су тоғанымен қамтамасыз еткен берік бекіністі мекен ғана емес, Орта Азиядағы ең ірі су қоймасы мен су электр бекеті.

«Кім білмес бүгінгі күн Шардараны,
Гүлденген, құлан жортқан
сар даланы.
Сейхунды буып тастап теңіз жасап,
Орнатқан сар далада он қаланы...»
— деп, ақын жырлаған шежірелі Шардара шалғайының атышулы жалды құмдары баршаға мәлім. Өскен өлкенің өнегелі тарихы көне дәуірлердің сырын шертіп, шежіре тартады. Тарих тұңғиығындағы ескі мекен — Сүткент қалашығы — түркі тайпаларының құтты ордасы болған.

Қазіргі Шардара — кешегі Жаушығұм — ежелгі Жаушықұмтөбе қаласының атын алған. Сонау моңғол шапкыншылығымен байланысты Жаушықұмтөбе атауы — ілгеріде, Жыланкөз батырдың тұсында екі жас жігіт жаугершілікте опат болған құрбандарды жекелеп жерлеуге мүмкіндік болмай, айқастырып көмгендіктен қойылған, деседі...

Қасқыры мен түлкісі, қарсағы мен қояны, ақбөкені мен қарақұйрығы өріп жүретін шөлді аймақ — Қызылқұм даласының бар байлық-сыры ішіне бүгулі.

«Бел жері Байлар-Жандар көшік еді,
Көбек, сенің мекенің есік еді.
Торғауыт пен Елемес кеткеннен соң,
Әруақ саған ауып, көшіп еді», — деп

тебіренеді, көне бір дастан жолдары...

Әулие ата-бабаларымыздың кесенесіне бай мекенде 1949 жылы Көлбайдың екінші атұстары — Рақымберді дүниеге келеді. Сол кезеңде ауданда «Патсаев» деген денесі толық хатшы болған екен, жұрт беті томпиған, кең кеуделі Рақымды «Патсаев» деп мазақтайды екен...

Көлбайдың екі ұлы Амангелді мен Рақымбердінің — «Сүндет тойы» екі күндік аламан көкпарымен ел жадында ұзақ сақталып қалды. Жетімдер руының Айқын атты айбынды асабасы дүрілдеген тойдың тізгінін ұстап, атан түйе мінді. Ұсақ малдар шөпше жапырылып, ірі қаралар қос-қостап сойылды. Мыңдаған адам сол жерде жата қонып, сүндет той қызықтап, көкпар көркін қыздырды. Судай ағылған мейман-дарға ақ жастық, мамық көрпе жетпей, елден тең-тең киіз жиналды.

Көлбай 1954-1956 жылдар арасында үш жыл бойы Талдықұдық, Қуаңқұдық деп аталатын көп құдықтың маңында колхоздың қойын бақты. Құдайдан сұраған момын Көлбайдың перзенттері қатар-қатар: 1946 жылы — Амангелді, 1949 жылы — Рақымберді, 1952 жылы — Сара, 1954 жылы — Гүлбара, 1957 жылы — Бәтима, 1959 жылы — Төрегелді, 1962 жылы — Жұмагелді дүниеге келді...

Арада тура жеті жыл өтіп, Рақымберді — Жаушығұм мектебінің есігін ашқан 1956 жылы Қызылкұм даласына бір дүйім ел — дуадақ сары шашты адамдар қос тігіп, түрен

салады. Бұлар — су электр бекетін ((ГЭС (гидро- электро станция)) салуға келген үш жүз орыс — Қыршынкөл деген жердің тұсына палаткалары мен вагондарын орналастырып, айналаны түн қараңғылығында күндізгідей жарқыратып жібереді. Майшаммен түртінектеген мұқым қазақ таң қалып, ертеңіне үміт оздырып, жат жұрт, бөтен ел өкілдеріне тиіспейді...

Тағдырдың теперішін, тұрмыстың ауырын аямай кешкен Көлбай атамыз — Рақымбердінің әкесі аурушаң болды. Шешесінің мықты мінез, мірдей жігерінің арқасында аман қалды. Қаршадайымыздан еңбекке әбден жегілген Рақым ағасы Аманмен колхоздың да, совхоздың да қойын бақты, ағасы айтқандай: «қызылды да көрді, қоқанбайды да көрді...» Кейінірек Киров ауданына қарасты Большевик совхозының №3 бөлімшесінде совхоздың бар мақтасын шауып-терді, түніменен малға шөп тасыды...

...«Әкелі бала — жау жүрек, Әкесіз бала — су жүрек» (Бұқар жырау) дегендей, Рақымберді — жүрек жұтқан қайсар, тапыраңы тарам тентектеу болып жетілді. Тыным тауып, тыныш отырмайтын жайсыздау балақайға: «Мен білсем, сен не ел басқарасың, не құр бітірмей, бос қаласың» — деп, жекитін бүгінде торқалы тоқсан жастың жалынан ұстаған мұғаліміне Рекең аракідік арнайы ат басын бұрып, иығына торқа шапан жауып тұрады.

Атақты Отырардың Темір теміржол бекетінде туған шешесі Сарықыз — кол-

хоз бастығының қызы еді, көзі ашық, орысшаны таза сөйлейтін. Балалары басты тәлімді шешесінен алды. Жуас әкеден қорықпайтын бала-шаға анасы бір қарап: «Жатыңдар!» дегенде, құлаққа ұрған танадай тыныштық орнап, бәрі тым-тырыс ұйықтап қалатын.

Сарықыз — өздеріне қарасты ағайындардың биі, тілі мен ісі бірдей айтқаны екі етілмейтін жігерлі болды. Рақымның Темір бекетіндегі үш ағайынды нағашыларының үшеуі де үлкен қызметте істеді. Өте бақуатты, «Отырардың мақтанышы» аталған марқасқалар еді.

Анасының «Байболыс мырза» атанған бір інісі — қырық жыл прокурор қызметін атқарды; келесі інісі — отыз жыл ауданаралық базаны басқарды; ағасы — өмірбақи қойма меңгеруші болып істеді. Екеуі екі нағашысының үйінде тұрып, қарындасы Сара Темір бекетінде тоғызыншы сыныпқа барды, Рақым шопырлық оқыды...

...Көлбайдың Қостақы деген жаз жайлауда үш-төрт жүз ешкісі, екі жүздей қойы, сиыры, жылқысы, түйесі бар басы құралған бірқора малы болған-ды.

Бір жылы нөсер көктем жаңбырлы болды. Рақым азанда ерте тұрып, қыр жаққа қараса, мыңдаған майда қой жайылып жүр. Байқампаз бала әкесіне келіп: «Мында көп қой жайылып жүр» десе, әкесі: «Қой шырағым, мұнда қой қайдан болсын» дейді. Сөйтсе, жыл сайын ерте көктемде тырналар тыныстап, үш-төрт күн

аялдайтын жер екен...

...1958 жылы ГЭЦ түсетін болып, қазақтардың бәрі Бестал деген қыстауға лезде түгел көшіріліп, жұрт жабылып екі бөлмеден оншақты үй салып алды. Әбілғашар деген ағайы мектебі бірге келді. Алайда, ол жерден тағы көшуге тура келді. 1959 жылы Киров ауданының «Большевик» совхозына қоныс аударғанда, бұл жер — қазақтардың ата қонысы болатын. 1960 жылы Хрущев бұл жерді Өзбекстанға біржола беріп жіберіп, ел енді «өзбекпіз» деуге мәжбүрленді.

Амангелді мектеп бітіріп, «пединститут»-қа түскен соң, бір жыл өткенде Көлбай атамыз арыстанның жүрегінің қайсарлығын танытып, көлік жалдап, бір түнде ың-жыңсыз, үйі мен қора-қопсысын қалдырып, құмның ішімен Қазақ Еліне қашып шықты. Әкесінің шешімінен өз балалары да хабарсыз еді, ертеңіне Рақым қаражат алуға үйге барғанда, ауылдастары: «Отбасың қазақ топырағына көшіп кеткен» дейді. Әке-шешесі ата қоныстары — Күйбасарға табан тірепті.

Бұл жер уақытысында май зауытына дейін жұмыс істеген берекелі қоныс. Алапат ашаршылық пен сұрқия соғыс жылдарында мұндағы қалың тоғай талай қазақты аман алып қалған екен, ең ақыры, зорыққан жұрт қоғаның тамырын сорып, тірі қалған. Қалың ну орман, қаптаған қамыс қауқар беріп, қауын-қарбызға дейін талғажау болған киелі топырақ...

Рақым мектебін тәмамдаған 1966 жылы мал сойылса, дастархан басында; екі кісінің басы қосылса, тіл ұшында — тек қана Түркістан сөзі болатын. Түркістан — Рахымның көрген жері емес еді...

1968 жылы Түркістанға ат басын тіреді. Шымкенттегі технологиялық институтқа тұяқ іліндірген Рақымберді үшін оқудың баяны тым қысқа болды. Шәуілдірдегі «Автобаз»-ға жұмысқа кірді. Ұзамай Отан алдындағы перзенттік борыш өтеу үшін 1968 жылдың 21 қазаны күні әскер қатарына алынды. Бір күн қалған кеште «Автобаз»-ға көлігін өткізіп, ағаларының үйіне түнеп, ертемен әскери комиссариаттан әскерге аттанды. Дос-жаран, ағайын-туысты жиып, қоштасу кешін де өткізбеді. Ағасының үйдің екі қызы қайыр-қош айтысып, алыс сапарға шығарып салды.

Шымкент қаласына бір күн кідіріп, шайтанарбамен (поезд) шалғайға кете барды. Тәуліктен аса жол жүріп, Тәжікстан астанасы Душанбе қаласына жетті. Мұнда «Шетел мемлекеттеріне әскери қызметке жауынгерлер дайындайтын бекет» бар екен. Вокзалдан түсіп жаяу жүріп, жолшыбай моншаға кіргізіп, шаштарын тықырлап, әскери киімдер кигізді. Түркістаннан үп көтерілген қазағы мен өзбегі аралас отызшақты жігіт қырықтықтан өткен біртектес қойларға ұқсап, бір кейіпке еніп, ә дегенде, бір-бірлерін танымай қалды.

Душанбе — тау жағасындағы әдемі де жинақы қала. Сым шығаратын, ет өңдейтін, сүт өндіретін зауыттары бар. Тәжік

туысқанның бас қаласында бір ай, бес күн жаттығып, «ГДР-ге әкетеді екен» деген ұзынқұлақтың ақбары жетті.

Әскери бөлімде «Дәрігерлік бөлімнің бастығы» қызметінде бұрыннан жұмыс істейтін Қуаныш деген қазақ жігіті бар екен, Рақымға: «Сені «Жедел жәрдем»-ге жүргізуші қылып алып қалайын. «Әй, дейтін әже — қой, дейтін қожа жоқ», пейіштегідей өмір сүресің деді.

«Кететін түні «ішім бүріп, аурып барады» деп, жата қаласың, біз сені Жедел жәрдеммен алып кетеміз, сөйтіп, ГДР-ден қалып қоясың» деді. Басында уәдесін берген Рақым уақыт таянғанда, «Ауылдастарымның бәрі кетіп барады» деп, ерекше елегізіп, айныды...

Ата-бабасы көрмеген Германияға қарай «көппен көрген — ұлы той» деп, бет алды. Үш тәуліктен асқанда, Түркістан қаласына түн ортасында келген поезды бауырсағы мен етін пісіріп, қоржынын жинап, үш күн күткен анасы бейшара артынып-тартынып, тастай қараңғыда: «Рән! Рәнжан! Рақымжан!» деп, дауыстап іздеп жүріп, ақыры, жолақтырады...

Араға он жеті күн салып, Германияның Франкфурт деген қаласына жеткен жауынгерлер тура екі жыл, төрт ай қызмет етті. Рақым арасында үлгілі қызметі үшін елге қысқаша демалысқа келіп кетті. Бұл да үлкен абырой еді. Сол әскердегі тәртіпке әбден қалыптасты. Ерте тұрып, кеш жатуға; темірдей тәртіпке, мұнтаздай таза-

лыққа, бұйрықты бұлжытпай орындауға машықтанды.

Тым шалғайдағы жауынгер ұлы Рақымға анасы бейшара кішкентай балаларына хат жаздыртып, сыртын біреу толтырып береді. «Аман ба, не жаңалық?» дегеннен басқа ешнәрсе жоқ.

Бір қызығы, әскерде жазылмаған заң, бекітілмеген тәртіп көп болады. Соның бірі: үйіңнен қанша хат келсе, сонша рет мұрныңнан сол конвертпен ұрады. Рақымға бір күнде кейде жеті-сегіз хат қатар жетеді. Хаттарды қабаттап ұстап, мұрыннан шерткенде, қан сау ете қалады...

Германия тәртіпті ел екен: түйір ұрлық жоқ, дүкендері еркін ашық-шашық. Көшеде де нешеме заттар жатады. Оны ұрлайтын совет адамдары ғана, басқалары ұрлық жасамайды. Үйіне мейман шақырмау, қонақты мейрамханада күту әдебі сол заманда Германияда қалыптасып үлгерген, енді қазір бізде салтқа айналып барады...

Рақым әскерде жүргенде, әкесінің ағасы Қатпа көкесі дүниеден өтті. Кішкентай күнінде Рақымды жақсы көргені сонша лық, үйіне жиі алып кетеді екен...

«Арғымақ атқа көп міндім — садаға кетсін буданнан, Азаматқа көп ердім — садаға кетсін туғаннан» — деп, Шалкиіз Тіленшіұлы жырламақшы, әскердің тәлімді тәртібі, басшыларының азаматтық қасиеттері — Рақымның келешек күнгейлі күндерінің бастау бұлағындай болды. Темекі шекпейтін, арақ ішпейтін, күрес пен во-

лейболды мықты меңгерген салауатты жас жігіт жұрттың бәрінің көңілінен шықты.

Әскерден аман-есен елге оралып, Сырдарияға өзеніне бөгет, дәлірек айтқанда, Түгіскен су қоймасын салуды жобалап жатқан Тәшкендегі ғылыми институтқа қызметке орналасып, екі жылдай жұмыс жасады. Туған жер, ата қоныстың қадірін түсіне бастады...

***

Жас жігіттің бармаған жер, баспаған тауы қалмады: қайда да қыруар еңбек етті.

Ержеткен азамат шаңырақ көтеруі керек. Тағдырдың жазуымен, жастықтың қызуымен аракідік біреумен уәделескен болады, Рақым шешесіне айтса, алыстан тонын ала қашады. Қаз дауысты Қазыбек би:

«Алтын ұяң — Отан қымбат.
Құт берекең — атаң қымбат.
Аялайтын — анаң қымбат.
Мейірімді — апаң қымбат.
Асқар тауың — әкең қымбат.
Туып-өскен — елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген — жар қымбат» — демей ме, осынау қымбаттардың арасын түспей, Рақым анасына: «Менің тапқандарымды ұнатпасаңыз, болашақ келініңізді өзіңіз тауып, таңдап беріңіз» — деп, қолқа салды.

...Тәшкендегі Рақымға: «Елге тез жетсін!» — деген хабар жетеді. Шайтанарбамен шұғыл аттанды. Анасы баласына

лайықты қалыңдық тауып, құда-құдағиларымен бәтуаласып қойыпты.

Алдымен, қазақы дәстүр бойынша, бел шешіп, іске кіріскен Рекеңнің әкесінің ағасының әйелі — арыны қуатты үлкен жеңгесі: «Бір жақсы қыз таптық, өзі мейірбике, есімі — Баян» дейді.

Рақаң қыз көруге барғанда, «ұнамай қалайын» деген ниетпен: «Асықпай-аптықбай көріңіз: дені-басым — сау, аяқ-қолым — аман, тілім — сақау емес, көзім — соқыр емес» — депті.

Жаздың қазан қайнағандай шыжғырған ыстығында «қыз көруге барудың» дәстүріне сай ақ кәстөм-шалбар, ақ топли киген Рақымның үсті-басы терден малмандай болыпты. «Бабыңызды да, тағыңызды да көрдік. Бағыңыз қалай шабар екен? Қайдам, оң жақта отырыңқырап қалған аяғы қисықтау егдеге ұқсап тұрсыз, көзіме...» — дейді. «Болмысымды бірден байқатсам, менен біржола қашар» деген дәмемен. Сөйтсе қашу қайда, белгісіз бір тылсым күш — екеуін бір-біріне еріксіз тартып, жақындата беріпті...

Жастықтың жалыны шарпымай қоя ма, арадағы екі үш-айда «суретке түсеміз», «баққа қыдырамыз», «кино көреміз» деген сылтау-себептермен үш мәрте жүздесті. Бірақ, иманды заманның — заң-зәкөні мейлінше мықты еді, қыздың қолынан да ұстай алмады...

Екеуі шаңырақ тігіп, Рақым Тәшкендегі «автобаз»-ға жұмысқа кірді. Баян —

жуас, жылы, жұмсақ, жақсы жан болып шықты. Құдайға тәубе, Рақаңның атұстарлары мен кеңөрістерін дүниеге әкелді...

1972 жылдың қазанында «Автобаз»-ға жұмысқа кіруінің де кішігірім қызықты тарихы бар. Мекеме басшысы алдына кірген кісіні тыңдап-мойындамайды, жұмысқа қабылдамайды. Рақаңның ауылының «экономист» жігіті бар еді, араға салып жүріп, жарты айдан асқанда, әбден тозығы жетіп, шашылып қалған машинаға әзер қолы жетеді. Көлігіне мінген бірінші күні мекеменің маңында тұрған Баянды да байқамай, жанынан шаңғытып өте шығады. Кешке үйіне келсе, жас келіншегі: «Мені көрмедің, байқамадың, тоқтамадың...» — деп, өкпелеп, бұртиып отыр...

Не керек, жұбайлық өмір, пенделік тағдыр тоқтап тұрмайды: тіртінектеп қимылдайды, тиындап таразылайды, майда-шүйде жияды, кешке екеуі ақша санап, бір жарым немесе екі сом тапқан күні қатты қуанады. Әупірімдеп ес жиып, дүниеге тұңғышы келді.

Осы арада көлік мекемесінде оншақты директор ауысты. Негізі, салмағы да, болмысы да ауыр ұжым тұғын. Қазақстанда үш жүз «автопарк» болса, соның ішіндегі, нағыз арызқой мекеме осы екен. Қағылез жас жігіт көп нәрсені санасына тоқып жүрді. Басшылардың әрқайсысының кемшілігін байқап, артықшылығын тәлімдеуге тырысты. Жалғыз арманы: екінші қабаттағы басшының кабинетінің иесі болу еді.

Елмен қоян-қолтық араласып, өз ісін ұқыпты орындап жүріп, әріптестерінің арасында бірінші болып, «Икарус» деп аталатын автобустың жүргізушісі болды. Несібе келіп, қаражат жиналып, жағдайы едәуір түзелді. Шымкент «Автомеханика» техникумын сырттай оқып алып, Құдай сәтін салып, 1982 жылы «Автовокзал»-ға бастық болды. Дәп сол жылы Алматыдағы Ауылшаруашылығы институтына сырттай бөлімге оқуға түсті.

«Автовокзал»-ды бес жыл басқарды. Бойға кісілік кірді. Ірі кәсіпорында «Бас инженер»болып, аты шықты. «Бас инженер»-лікпен үш жыл өтіп, өткен ғасырдың соңғы онжылдығында орыс досы жұмыстан босап, орнына директор болды...

Атышулы Желтоқсан ызғарының артынша, 1987 жылы ардақты әкесі жетпіс жеті жасында дүниеден өтті... Кеңес Одағы тарқап, Қазақ Елі еркіндік алды. Әсіресе, жаңа жұрттың қалыптасуының алғашқы қарлығаш жылдары халыққа өте ауыр тиді: қираған дүниені жинап-теру — оңайға түскен жоқ.

Жұрттың еңбек ақысына ақша тапшылығынан: күріш пен бидай, құрт пен ірімшік, ет пен балық, таба нан мен қауын құрт берген кезең туды. Кәсіпорынның отыз жүргізушісі бір күнде көліктерін тастап, кетіп қалған жағдай болды. Ызғары өңменіңнен өтетін осындай қиямет күндері Рақаң шыдам мен төзімге сүйеніп, ерінбей еңбек етті. Жұртты жұмылдыра білді. Ілкімді іскерлікпен, тіпті, өлермендікпен

күндіз-түні тер төкті. Салық төлемек түгілі, жұмысшылардың бала-шағасының нәпақасын ажыратқан болмашы айлығына қолма-қол қаржы жетпеді. Жарықтың жиі сөнуі мен жанар-жағар майдың жоқтығын ауызға алмасақ та болады.

Түркістандағы жеті «Автобаза»-ның ең ахуалы нашар, қуаты кемшіні Рақаңның пешенесіне жазылыпты. Жаппай жойылу мен түп-тұқиянымен сату науқаны қызыл тілін жалаңдатты. Түркістан мен Кентаудағы, Арыс пен Отырардағы, Ордабасы мен Шардарадағы, Жаңақорған мен Шолаққорғандағы талай әйдік мекемелерден түк қалмады, тырапай асып, тарқап кетті. Жүз ойланып, мың толғанған Рақаң жабылған зауыттар-фабрикалардың, совхоз-колхоздардан қаңырап қалған техниканың нешеалуан түрлерін арзан бағаға сатып алып, бесаспап мамандарды тартып, «Жолаушыны» аман сақтап қалды.

Ес жиып ,етек жинаған сәтте аң-таң қалып, көште қалғандай жұртқа ақыл-кеңес айту керек болды. Сайлауға түсіп, салық пен кірісті қадағалауға тура келді. Сайлау бәйгесіне түскен алты еркек, бір қыз баланың аламанында Рақаң ортаға ақ қамшы тастап: «Жігіттер, біз анасын аялаған асқақ алаш жұртымыз, арамыздағы жалғыз қызғалдағымыз жайқалсын!» — деген бастама көтеріп, қыз депутат болып сайланды.

1999 жылы екінші рет облыстық мәслихаттың депутаттығына мақта тресінің бастығы Шақарбек Оспановпен бәсекеле-

сіп, абыроймен жеңіп шықты. Рақаңның елі сөзіне құлақ салған, бәтуасына бітім бекіткен тұлғалық дәурені бастады...

***

...Сірә, бүгінгі балғын жастарға екі нәрсе жетпей, зәру болса: қарияға шынайы құрмет пен ерінбей еңбек ету шығар. Әкесінің алдындағы перзенттік парызының өтеуін жиірек уайым қылған ойлы ағамыздың жетпеген — арман, алмаған — асулары аз көрінбейді. «Менің ауызымның — қолыма жеткенін, ошағымның — берекетті тірлігін әкем көбірек көріп, ұзағырақ өмір кешуі керек еді» — деген өкініш өзегін өртеген Рақым ағамызға Елбасымыздың ерекше есте қалар ерен қылығы қатты әсер қалдырыпты.

Рақымберді ағам ағынан жарылып, былай толғанады: «Баспасөзден Елбасымыз жайлы керемет бір ұлағатты оқиғаны оқыдым. Бірде Елбасымыз Қостанай қаласында халықпен кездесіп жатқанда, ойда-жоқта бір қария о кісіге амандасып, әлгі ақсақал: «Қазақпыз ғой, үйден бір үзім нан ауыз тиіп кетпейсің бе?» — дейді.

Президент: «Ал, жүріңіз!» — депті.

Екеуі үш қабатты үйге қарай кетеді. Айналадағы адамдардың бәрі аң-таң қалады. Үйге кіріп, Елбасы мен қария аядай ас үйге өтеді. Сонда Нұрекең «Кемпіріңіз бар ма?» — деп сұрайды. Ақсақал: «Кемпірім қайтып кеткен...» — дейді. Сол сәтте Президент облыс әкіміне: «Ақсақалға кемпір алып беріңдер» — деп, тапсырма берді. Ол:

«Жарайды, міндетті түрде», — деп, басын шұлғиды...

Осындай мейлінше қарапайым әрі биік кісілік қасиет біздің Елбасымыздың бойынан молынан табылады. Сұңғыла Елбасымыз қартайған шағында жаны жүдеп, жалғызсыраған қарияның мұң-қайғысын тереңнен толғап, түсіне қойды. Нұрекеміздің өсиет-өнегесі қазіргі жастар үшін ұшан-теңіз...»

Кешегі көкірегі көрікті қазақ: «Аға алдында — пейіліңді көрсет, іні алдында — мейіріңді көрсет» деген өсиет қалдырған. Елбасымыздың кісілігі — көргендіктің ғана емес, көрегенділіктің белгісі.

***

Сөз жоқ, Көлбай пенденің де ішінде де, ісінде де қызылы; көрмеген де, термеген де қызығы көп еді. Бір сөзінде:«Құдайға өкпелеп отырмын» деп, кейіген кейіп танытады екен.

«Әй, Құдайға неге өкпелеп отырсың?» — десе: «Жасым жетпістен асса да, ата-укерені татып алмадым, кісінің ала жібін аттамадым, Құдай қосқан қосағымнан өзге өзекті ұрғашының етегін көтергенім жоқ. Маған төрт ұл берген құдіретті Құдай төртеуін де қатынқұмар, тентексуға тәнті етіп қойды» — деп, мұңаятын көрінеді.

Құрбы-құрдастары: «Болмашыға несіне күйіп-пісесің? Балаларың қайта сенің әйелге кеткен ақыңды түгендеген екен ғой» — деп әзілдесе, Көлбай атамыз:

«Әй, бос сөзге — қамшы салдырмас боз жүйріксіңдер-ау. Қай әйелде — қай атаңның атан-ақысы қалып еді? Екі мәрте қажылық парызын өтеген атам Құрмантай қажы: «Әйелі мен балаларының ақыларын өтемейінше, еркек адамның намаздары да, оразасы да, ғибадаты да қабыл болмайды» деп отырады екен. Сонда атаукереге сылқиып, жат қатынның қойынын аңсағандардың «ілім-тәлімі» — жүрегіне иманын жиған менің Құрмантай қажы атамнан артық болады ма? Сандырақтапсыңдар!» — деп, дүрсе қоя берген...

Асыл дінімізде ерлі-зайыптылардың міндеттерімен қатар, әйел ақысы туралы да терең тәмсілдер бар. Шамшырақты шариғат әдебі бойынша, әйелінің жақсы мінезді болуын қалайтын адам, алдымен, өзі жақсы мінезді болуы керек! Құран Кәрімде пенденің басына түскен қиыншылықтар — өзінің жасаған күнәларының себебінен екендігі айқын айтылған.

Фудайл бин Ияд хазреттері: «Дінге сай емес іс жасағанымды — әйелімнің мінезінің өзгерісінен аңғаратын едім. Дереу ол ісіме тәубе еткенімде, әйелімнің мінезі де дұрысталатын. Осылайша тәубемнің қабыл болғанын түсінетін едім» — деген екен. Демек, дініміздің әміріне мойынсұнып, тыйымдарынан ұзақ болғандар әйелімен жақсы қарым-қатынаста болады.

Сонау қиын-қыстау таршылық замандардың қияметіне қарамай, қажылық парызын қос рет өтеген Құрмантай қажының немересі Көлбай атамыздың бойында

иман дәнегінің болу — табиғи һәм рухани заңдылық.

Көлбай атамыз «Мұсылмандардың иман тұрғысынан ең үстемі — мінезі ең жақсы болғаны және әйеліне ең жақсы, ең мейірімді мәміледе болғаны» (Тирмизи) екендігін, «Мұсылмандардың ең жақсысы, ең пайдалысы — әйеліне ең жақсы, ең пайдалы болған адам» (Нәсаи) болатындығын жүрегінің тұңғиық түйсігімен түсінген момын мұсылман дәрежесіне жеткен, жайсаң пенде.

Рақымды Раббымыз пендесін де, мінез-құлқын да әралуан қылып жаратады. Жалғанның жалпағы — жаппай сынақтан тұнып тұрғандықтан, әр сынаққа — шыдап, қанағат еткен абзал. Көлбай атамыздың атаукерден аулақ, иманға саңлақ болмысы — кім-кімге де үлгі боларлық көрнекті қарекет.

***

...Жиренше шешен: «Әкесі өлген — асқар тауы құлағанмен бірдей...» депті. Рақаң осы бір күйбеңі көп тіршіліктің кейбір аз-маз сабырға түскен тұстарында жылуы мол күнгейлі асқар тауы — әкесін — күңірене есіне алғанда, қазақтың мұңлы ақыны Мұқағалидың:

«Әке, сенің жасыңнан асып барам.
Кезі-кезі келгенде, тасып та алам,
Кезі-кезі келгенде, жасып қалам,
Мына өмірге, бәрібір, ғашық — балаң.
Құры алақан емеспін қуаныштан,
Қуаныштар алдымда құрақ ұшқан.

Бір арыстан өмірден өткенімен,
Өмір сүріп келеді — тірі арыстан.
Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады, көрмей тыным.
Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,
Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын!» — дейтін жолдарын іштей қайталап, сағыныш-мауқымын басқандай болады...

ҚАДІРІҢДІ БІЛДІМ БЕ, ҚАЙРАН ШЕШЕМ!



Қаншама күндерін күңірентіп, талай түндерінің тынышын алған, ой елегінен,сана сүзгісінен, мыңдаған мәрте өткізсе де, әр ретте жаңаша түрленіп, тың тыныспен жаңғыра түсетін бір ескі әңгіме —Рақаңның жадынан еш өшпей келеді. Аяулы анасы Сарықызды сарыла сағынып, ой-мұхитына терең түскен шақтарында бүркіт пен оның балапандары туралы аңызды еріксіз есіне алады...

Баяғыда таудың қиясын ерекше қасиетті қыран мекендепті. Өзгелерге өрлігімен өнеге болған әлгі бүркіт — бір жылы өмірінде бірінші рет үш балапан басыпты. Балапандардың қанаттары қатайып, ұясынан ұшып шығуына аз уақыт қалғанда, бүркіт үш балапанын уысына қысып, теңіз төсіне алып шығыпты.

Ұшып келе жатқан қыран өзіндік өмірге қанат қаққалы тұрған балапандарын соңғы рет сынап, былай деп сұрапты: «Қанаттыға — қақтырмай, тұмсықтыға — шоқыттырмай, мәпелеп бағып-қаққанымның өтеуі ретінде ертең өскесін маған қандай жақсылық жасайсыңдар?..»

Біріншісі балапан айтыпты: «Анашым, сенің ақ сүтіңді ақтау үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын. Мен сені өмір бойы қанатыма мінгізіп, алып жүремін. Дүниенін төрт бұрышын саған аралатамын, таңғажайып тамашаларды көрсетемін...»

Сонда бүркіт басын шайқап, уысындағы балапанын теңізге тастап жіберіпті. Бірінші балапан теңіз тұңғиғына батып кете барыпты.

Сосын, екінші балапаны: «Анашым, мен сені ел аралатып, босқа әуре қылмаймын. Ғаламның барлық кереметтері мен қызықтарын алдыңа әкеп беремін, ішкенің — алдыңда, ішпегенің — артында қалады...» — депті.

Сол кезде бүркіт уысын жазып жіберіп, бұл балапаны да шыңырауға құлдилапты.

Ал, үшінші балапаны уәжінің турасын былайша баяндапты: «Анашым, өтірік қанша тәтті болса да, саған ащы ақиқатты ақтармасқа амалым жоқ. Маған жасаған жақсылығыңның шетсіз де шексіз екенін, оны өтеуге менің барлық ғұмырым жетпейтінін білемін. Дегенмен, менің өмірім сені әлемді аралатуға да, сан түрлі ғаламаттарды алдыңа алып келуге де арналмайды. Мен сенің маған жасаған жақсылықтарынның барлығын — өз балапандарыма жасау үшін ғана өмір сүремін...»

Дәп сонда ғана кәрі бүркіт көкірегін керіп, терең дем алып: «Әулет аманатын алға апарар, «қыран» атына лайық ұрпақ

туғаныма көзім жетті» — деп, балапанын құшағына қысып, зеңгір көкке асқақтай беріпті...

Рақаң, зәуде, тым-тым алысқа, мәңгілік сапарға аттанған, ақ сүт берген анасын — аңыздағы алып қыранға теңейді...

***

«Шешем Сарықыз он алты жасында өзінен он сегіз жас үлкен —менің отыз төртке ілінген әкеме тұрмысқа шыққан, — деді Рақым аға. — Анамның руы Жетімдердің Бөгенбайынан тарайтын Құл тармағы — менің туған нағашыларым. Еміс-еміс естігенім: қонысы «Қызыл Түркістан» деген жердегі болмысынан адуынды Сарықыз шешем соғыстың кезінде Шәуілдірде бригадирлік жұмыс атқарған. Жараулы ағасы Әбен әскерге аттанғанда, кішкентай бауырларына өзі бас-көздік жасап, ие болған. Әкеммен отау тіккенде— менің нағашы апамды өз анасын қолына алып, бағып-қақты.

Сарықыз анам жұртына қарасты жетпіс-сексен отбасының басын қосып, «Би апа» атанған —сөзі мен ісі тең жігерлі адам еді. Бек тұрмысты, малды болған.Тұрмыс-тіршілікті, күнкөрісті малмен есептейтін кезең ғой.

1958 жылы Жаушығұмнан көшкенде,-шешем әркімнің қолынан келе бермейтін апайтөстік қарекет жасап, тоғайдың ішіне небәрі оншақты күнде ағаш пен қамыстан екі бөлмелі үй салып ала қойған көрінеді. Неткен ерен ептілік, ілкімді іскерлік де-

сеңші!

Бала күнімнен білетінім: сол бір сұрапыл кездері тұзақпен балық ұстап жүрген әкем байғұс аз-маз есін жиып, өз-өзіне келгесін, ұзақ жылдар бойы колхоздың малын бақты...»

Рақымның 1926 жылы дүниеге келген анасы Сарықыз шешей Әйтімбетқызының отбасында тұлымды төрт қыз, ұғымды үш ұл өсіпті: Әбен, Ұмсын, Сарықыз, Ұлболыс, Байболыс, Сәтболыс, Күлзия.

Рақаңның нағашы апасы Күнсұлу мейлінше жігерлі де адуынды кісі болған екен. Атамыз қазақ есте жоқ ескі заманнан қыздың тәлім-тәрбиесінде үш ұстанымды басшылыққа алған, олар: құрмет, үлгі, тыйым. Ары таза қазақтың — бары да таза болған. Қызын сақтай алған қазақ — ұлтын да сақтай алған. «Ұл жарылқап ас бермес — әке үлгісін көрмесе, Қыз ақылды ескермес — ана үлгісін көрмесе» деп, күңіренген Қорқыт атам айтқандай, Күнсұлу әжеміздің кемерінен өрген қызы Сарықыз шешей шымыр да шешімді, батыл да рухты ғұмыр кешті.

Сарықыз шешейдің әкесі Әйтімбет оқыған-тоқыған, атқа мінген, он колхоздың басы қосылғанда, сол аса ірі шаруашылықтың бастығы болған кісі. Көлбайдың ағасы Сәрсенбай — қайын атасы Әйтімбет екеуі бір үйдің қыздарын алған туған бажалар.Сәрсенбай мен Әйтімбет бажа болғанда,Сарықыз шашы желкілдеген ойнап жүрген төрт жастағысап-сары

қыз екен...

Ұлтымыздағы ұлықты бір ғұрып: әдебі келісті, тәлімі түзу тұлымды қыз көзіне түссе, ерте бастан құда түсіп, сырға салып қойған. Қазақ әулетінің баянды болашағын күнбұрын ойлап, тәлім-тәрбиесі терең текті жұрттың ұрпағынан қыз алуға тырысқан.

«Ер бақыты — әйел» деген алаштың асқаралы Төле биі бір жылы ел арасындағы дауды шешу үшін шалғайға жол жүреді. Бір жерде алдарынан бір топ атты қыз көрінеді. Сонда бір қыз: «Ер-азаматтардың жолын кеспейік, кідіріп, өткізіп жіберейік» дейді.

Мұны байқаған Төле би қасындағы бір жолдасын: «Ізетті балаларды шақырып келші» — деп жібереді.

Қыздар жолаушыларға жақындай бере аттарынан түсіп, жаяу жүреді. Төле бидің қасында тізе бүгіп, сәлем береді. Жігіттер бас иіп амандасады.

— Қарақтарым, қай ауылдың баласысыңдар? Әлдеқашан өтіп кететін уақыттарың болып еді, бізді неге тостыңдар? — деп сұрайды қазақтың төбе биі. Сол сәтте қыздың бірі:

— Алыс жолдан аталарымыз бен ағаларымыз келе жатыр екен, алдынан кесіп өтіп, жолын шаңдатпайық. Араларында қол бастаған батырлар, сөз ұстаған шешендер бар шығар. Елдің қамын жеген, жердің шөбін қорғаған ерлер ғой. Тойға — жорға

мінгеніміз, үстімізге — торқа кигеніміз — осы атпал азаматтардың арқасы. Аз тоқтап ілтипат етсек, ауылымызға азар болса, бір шайқайнатым кеш жетерміз, есесіне, аталарымыз бен ағаларымыздың көңілін көркейтерміз, деп едік, — дейді...

Қыздың әдебіне көңілі толып, риза болған Төле би бірден: ««Жирен — жаман әдеттен, үйрен — жақсы әдеппен» деген, тартыңдар жаңағы қыздың ауылына, біздің әулетке әбден лайықты бала екен» — деп, бұйрық береді...

Ертеректе қазақтар боза ұйымдастырып, боза ішетін болған. Бірде Көлбай бозаға тойып алып, колхоз бастығының он екі кесесін майдалап шағып-сындырып, үйіп қояды. Сонда «Арақтың дәмін татпай кеттім» деп отыратын Көлбай атамызға жұрты: «Шырағым, Көлбай, сенің арқаң-аруағың бар екен, саған боза ішуге болмайды» — деген көрінеді...

Шынтуайтында, Көлбай атамыз иіні жуас, құдай қосқан қосағы Сарықыз бәйбішесінің бетіне тіктеп қарамаған болмысы сабырлы кісі болыпты.«Анаңды қадірлесең — әйеліңді жәбірлеме» деген көнекөз қарияларымыз. Исламның өнегелі өсиеттеріндегі: «Әйеліне күлімдеп қараған еркектің Амал дәптеріне бір құлды азат еткендей сауап жазылады»дейтін тәмсіл — қой ауызынан шөп алмайтын Көлбай атамызға арналғандай әсер қалдырады...

АНА ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫСТАР...

— Ана — әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүт беріп аялаған ардақтысы. Ана болу — ұлы рухани күш қана емес, еселі еңбек. Анаңыздың түп-тамыры терең әулетін тарқата аласыз ба?

— Шешем Сарықыздың анасы Күнсұлу — байдың қызы еді, бала кезімізде айқайлап әңгіме айтып отыратын бұзықтау кісі болатын. Әкесі Әйтімбеттің туған інісі Сартай он колхозды ұйымдастырып, «бас бухгалтері», «колхоз бастығы» болып қызмет қылған. Соғыстан бұрын атақты Құлымбетов Отырар ауданын аралағанда, Әйтімбет көкеміздің үйіне түсіп, шәй ішкен екен...

Әйтімбет көкеміз де зорлықшыл совет билігінің «тройцкийшіл» деген әдейі қолдан ұйымдастырған атағына ілініп, жалған жаламен отыз жетінші жылдары қамалып, Түркістандағы әулиенің қасындағы түрмеде қайтыс болған. Шешем: «Түн жарымында жасырынып келіп, көкемді ұрлап жерледім» — деп, көзіне еріксіз жас алып отыратын еді, жарықтық!

— Алаштың арда ақыны Мұқағали Мақатаевтың: «Қызым болсаң — Қырымда құралайсың, Ұлым болсаң — Ұлы бір мұрадайсың» дейтін өлең жолдары бар, анаңыздың ұл-қыздарына көзқарасы қатаңдау болды ма, әлде, жылуы мол ма еді?

— Қайран, бейбіт те бақытты, берекелі де барақатты бүгінгі күндер-ай, нешеалуан сиқырлы сауалдар қояды. Сол бір тұрмысымыз тұралаған кезеңде біздің жылу мен ызғарды ажыратып жатуға құлқымыз да, уақытымыз да жетпеді.Киров ауданындағы совхозда қым-қиғаш мақта: суару керек, теру керек. Еңбек пен бейнетке белшемізден батып, қойып кеттік: таңның атысынан — күннің батысына дейін тынбаймыз, тынықпаймыз. Шешем жанына екі баласы мен Сара қарындасымды ертіп, өзіммен қосқанда төртеуіміз — мақтаның сабағын теріп, күнделікті нәпақамызды ажырататын шәйпұлымызға ақша жасайтынбыз.

Аурушаңдау, зейнеткер әкеміз: «Еңбекке ерінбеңдер, бейнет түбі — зейнет» деп, уағыз-уәжімен демесе, сөзшеңдеу әрі иіні қаталдау анамыз бізді қаршадайымыздан еңбекке тәрбиеледі, егіншілікті те, мақта теруді де үйретті. Елдің балаларына ұқсап біз волейбол, футбол ойнаған жоқпыз, қолынан келмейтін тірлігі жоқ өте бейнеткер шешеміз әрбірімізді қатқан қайыстай бейнетпен жетілдірді.

— Турасында, сол бір ауыр бейнеттің тереңінде ананың ыстық мейірімі жасырынып жатады. Адамның әдептілігі мен жан дүниесінің сұлулығы — ақ сүт беріп, әлпештеген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бір мысал айтайын: ғалымдар аналарынан айырылған маймылдың жетім балалары үшін тәжірибе өткізіпті. Маймылдың жасанды екі анасын қолдан жасаған: бірінші сінің омырауынан сүт шыққанымен

— денесі қатты әрі суық болыпты; екіншісінің омырауынан сүт шықпаса да — денесі жұмсақ әрі жылы екен. Сөйтсе, маймылдың жетім балалары сүті бар — денесі қатты қуыршақтың емес, сүтсіз болса да — денесі жұмсақ қуыршақты анасындай қабылдап, бауырына тығылған көрінеді. Сонда кімге де болса, бәрінен бұрын керегі — ананың ыстық құшағы мен мөлдір мейірімі.

— Ынтымақ пен бірліктің, төзімділік пен сабырлылықтың, тыныштық пен дүние атаулының құпия кілті — әйелдің мейірім кілкілдеген жүрегінде. 2003 жылы 77 жасында өмірден озған шешем қашанда бағыт көрсетер бағдаршамым болды. Оқу бітіргенде, мен (халықтың арасында «гаи» дейді ғой), жол көлігінің милициясы болуды армандап едім, таңғы шәйда шешем: «Шырағым маған түсімде бір аян берілді, сен осы Дәуіт пайғамбардың кәсібімен нәпақа табасың» деді. Әдетте, қазақ Дәуіт пайғамбардың есімін темір-терсекпен, көлікпен байланыстырып жатады.

Шариғат бойынша, он сегіз мың ғаламның жалғыз Жаратушы Иесі — Алла Тағала! Жаратылушы пайғамбарлар — Алланың әмірімен өздеріне тиісті қызметтерін атқарған. Мәселен, атамыз қазақ есімі Құранның он алты жерінде ұшырасатын Дәуіт пайғамбарды темір өңдеудің хас шебері ретінде таниды.

Хазірет Дәуіттің қой бағып жүріп үйірген сақпан тасы өте ұзаққа түседі екен. Сақпантас деген — көне замандағы қол

қаруы. Сақпан — жылқының қылынан, жүннен есілген немесе таспадан өрілген. Негізінен, сақпан — түркі халықтарында жаугершілікке, аң аулауға, мал қайыруға пайдаланылған. Ежелгі Мысыр, Грекия, Рим, Орталық Азия елдерінде соғыс қаруы ретінде қолданылған.

Сом денелі, қуат-күші кемел Дәуіт — алып Жалутты шайқас үстінде сақпан тасын бір сілтегеннен мүрдем кетіреді де, батылдығы ел ішіне кең таралып, аты жалпақ жұртқа мәлім болады. Талут — Хазірет Дәуіттің қадір-қасиет, іс-әрекетіне тәнті болып, қызын беріп, өзіне күйеу бала қылады. Тіпті, дүниеден көшерде тағына отыруын өсиет етеді. Талут өмірден өткенде, таққа хазірет Дәуіт отырды. Исрайылдың он екі руы Дәуіттің патшалығын мақұлдайды.

Хазірет Дәуіт патшалық пен пайғамбарлықты бірдей атқарған алғашқы пайғамбар. Пайғамбар-патша басшылық һәм қазылық міндетті ғажап іске асырды. Дәуіт пайғамбардың тұсында «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбітшілік заманорнап, елі берекелі өмір сүрді. Хазірет Дәуіт қалың әскер қолын жинап, шартарапты өзіне қаратып, Құдысты астана етті.

— Хазірет Дәуіт қатардағы қарапайым адам емес, Алланың қалаған пайғамбары болғасын, мейлінше әділдікпен қазылық қылған шығар?

— Оған сөз бар ма, барынша батыл, адал да әділ болған. Бірде Дәуіт пайғам-

барға екі адам келіп, бірі — екіншісін адамды көрсетіп: «Мынау менің өгізімді тартып алды» дейді. Әлгі адам болса; «жоқ, алғаным жоқ» деп мойындамайды. Жәбірленуші оған куә көрсете алмайды. Кейін хазірет Дәуіттің түсінде әлгі адамды өлтіру туралы үш рет аян беріледі. Хазірет әлгі жәбірлеуші адамға осы әмірді жеткізеді. Бірақ, ол: «Куәсі болмаса, адамды нақақ өлтіруге болмайды» деген уәж айтады. Дәуіт пайғамбар Алла Тағаладан берілген аян-әмірдің айқын екендігін дәлелдеп бергенде ғана жәбірлеуші күнәсін амалсыз мойындап: «Мен бұрынырақ оның әкесін өлтірген едім. Бұл қылмысымды тірі жан білмейтін. Енді өгізін тартып алғаным да рас. Ақыры, күнәларымның жазасы із-түзсіз кетпей, пешенеме осылай жазылған екен» дейді. Кінәсын мойындаған жәбірлеуші жазаға тартылады.Осы оқиға ел арасында желдей есіп, Исрайыл халқына тарайды. Сол сәттен бастап, халқы жасырын түрде қылмыс жасауды сап тияды. Патшалық пен пайғамбарлықты қатар алып жүрген Дәуіт қырық жыл тақта отырып, дүниеден өтеді...

— Хақ Тағала Хазірет Дәуітке пайғамбарлық міндет те жүктеген ғой...

— Ып-рас, елін туралыққа бастау үшін хазірет Дәуітке Забур атты қасиетті кітап берілді. Жүз елу сүреден тұратын бұл кітап Рамазан айында Забур ибрани тілінде түскен. Хазірет Дәуіт — хазірет Мұсаның шариғатымен амал еткен. Дәуіт пайғамбар аса тақуа, әр қадамын Алланың разылығы үшін басатын салихалы құл болатын және

күнара ораза ұстайтын. Рухы биік құл екендігін дәлелдеп, ол түннің бір уағында сәждеге бас қойып, Хақ Тағалаға көп құлшылық жасайтын. Құранда: «Мықты құлымыз Дәуітті есіңе ал! Өйткені, ол өте бойсұнушы» — деп, жазылған.

Құран кәрімде Дәуіттің үні биязы екендігі айтылады. Сөзге мейлінше шешен, бір нәрсені түсіндірсе, тыңдаушысы тегіс қанағаттанған. Ғажайып дауыс берілген хазірет Дәуіт Забурды оқығанда, естіген жан еріксіз тәнті болып, айналасына таулар жылжып-жақындап, құстар ұшып келетін болған...

— Дәуіт пайғамбардың темір ұсталығы да ғажап...

— Темірден түйін түйген майталман ұста хазірет Дәуіт өрісті өнеріне сүйеніп, әртүрлі құралдар жасау арқылы, өзі мен отбасының нәпақасын айырған. Өзі патша болса да, ешқашан мемлекет қазынасын жеке басының шаруасы үшін жұмсаған емес. Ол темірді балқытпай-ақ, қамырдай илеп, қалаған қалпына келтіретін. Бұл — Дәуіт пайғамбарға нәсіп болған айрықша мұғжиза һәм берекетті ырғмет болатын.

— Рақымберді аға, тағдырыңызға тастай байланған мамандыққа етене жақын пайғамбардың тұрмыстық-кәсіби ерекшеліктері турасында терең зерттеп, кез келген ғалым айта алмайтын тұшымды сыр ақтардыңыз. Дәуіт пайғамбардың имани-ислами қасиеттері жайлы естуіңіз бар ма?

— Менің салмақ сала айтпағым: менің тағдырым —шешемнің айтқанындай болды: Дәуіт пайғамбарымыз кемел меңгерген темір-терсек, соның аясындағы көлік саласында тура жарты ғасыр, дәлірегі, 51 жыл тапжылмай тер төктім. Бір мекемеде табаны күректей 46-47 жыл жұмыс істедім. Менің шешемнің ауызы дуалы болып шықты. Біз анамызға дүниеден өткеншемінсіз құлақ асып, айтқанын мүлтіксіз орындап келдік. Кейбір бос сөз, құрғақ дабыраның адамы емес еді, шешеміз: «айттым — бітті, кестім — үзілді» дейтін...

Ғұмырым Дәуіт пайғамбардың ұлағатымен ұласып жатқасын хазірет жайындағы ақпаратқа құлағым әркез түрік жүрді. Мысалы, Дәуіт пайғамбардың уағыз-сұхбатына келетін бір жас бала болған екен. Бір күні Дәуіт Пайғамбарға Әзірейіл періште келіп:

— Бұл бала үш күннен кейін қайтыс болады, — депті.

Қызғалдақтай желкілдеген бүлдіршінді ажалға қимайған Дәуіт пайғамбар қатты қайғырады. Жас жігіттің өлімінің келер күнін қорқынышпен күтіп жүреді. Алайда, күндер өте береді де, жас жігіт өмір сүре береді. Ақыры, Дәуіт пайғамбар мұның себебін Жаратқан Иемізден сұрағанда, Алла Тағала:

— Өмірі таусылардан бір күн бұрын бұл жас жігіт көшедегі бір кедей кісіге жиырма дирхем ақша садақа берді. Сол кедей маған: «Уа, Аллаһым! Мына жас жі-

гіттің өмірін ұзарта гөр!», — деп, шынайы пейілімен, екі көзінен жас сорғалап, дұға жасады. Мен пақыр-пендемнің дұғасын қабыл еттім және жігіттің берген әрбір дирхемі үшін — бір жыл ғұмырқостым. Енді жас жігіт тағыда жиырма жыл өмір сүреді, — дейді...

— Аса бір ғибратты әңгіме екен. Мұсылман баласы үшін басты құндылық — ақыретін ойлап, сауап жинау ғой. Кешегі құдайсыз совет билігі ұлтымызды асыл дінінен ажыратып, ұлтанға түсірудің барлық амал-айласын жасап бақса да, Аллаға тәубе, ардақты дінімізбен тәуелсіздіктің арқасында қайта қауыштық. Біздің жұртымыз ежелден: «Бала тәрбиесі —бесіктен» деп, ұлттық негізі мен болмысын, санасы мен түсінігін, тілі мен діліналбесіктен бастап,қалыптап-қалыптастырған Ұлы Дала данасы.

— Сөзіңіздің жаны бар. Көз ашып, ауыз қимылдағаннан — қазақтың тұнған ғибрат-өсиеті құлағымызға құрыштай құйылып, бойымызды түзеді...

Біз 1946 жылдан — 1958 жылға дейін Жаушықұмда (қазіргі Шардара) тұрдық. «ГЭС» түсетін болғасын ғана бізді қопара қоныс аударды.Құмның жиегіне ерте көктемде тұяқ ілікті.Бір шетіміз — шағыл құм, екінші бүйіріміз — жалпақ жазық. Алланың рақымы түсіп, сол жылы жаңбыр қалың жауды. Жаңа жердің белгісіз ой-шұқыры көп, алдымен, жердің жағдайын білуіміз лазым. Малды ауылымыздан аулағырақ үш-төрт шақырымға өрістетеміз. Он жасар

баламыз, үлкендер «малды қайтарып кел» деп жұмсайды. Бір күні шұқырлау ойпаң жерде дөңгелектенген бірнәрселердің өсіп тұрғанын көзім шалды. Қозықарын мен қозықұйрықты көрген емеспіз, ұстап көрсем — жұмсақ.

— Наурыздың нәпақасы ғой...

— Көкөзек шақ болатын. Ел-сел жауын нөсерлетіп алып, дереу етек-жеңін жинап, күн жарқырап шығатын.Қойдың басын қайырып, шешеме: «Дөп-дөңгелек легендей үлкен бір өсімдік шығыпты, иіні жұмсақ, өзі әппақ» деп едім: «Тез есекті ертте, төрт қап ал» деді. Қолтығыма төрт қап қыстырдым, шешем өткір пышақ алды. «Шерімбет жобамен» тауып бардым. Ауылға бет түзеген малды үркітпей, шұғыл іске кірістік. Шешем маған: «Кесіп алып, қаптай бер» деді.

Қазір Түркістанның топырағы мен Шаян өңірінде өсетін қозықарын мен қозықұйрық әлдеқайда шағын. Төрт қапты лықа толтырып, үйге жеткіздік. Шешем шалт қимылдап: «Балам, қазанға су құй да, астына тезекті молырақ салып, от жақ» деп бұйырды. Сол мезетте әкем келіп, етігін шешіп жатты. Қаптағы өскіндерді қазандағы суға салдық.

Менің жасым онда, қарындасым Сара жетіде еді. Анашым мені «Рән» деп атайтын. Сосын, шешем: «Рән-ай, нан жабатын табаға да от жақ» деді. Бүгінгі табалардан әлдеқайда үлкен дәу екі табамыз бар болатын. Нан жабатын дәу табаның екеуін де

отқа салдық. Мал көп, тезек тегін. Малдың күйіс қайырып, жамбас суытатын жерін «шаңлақ» деп атайды, сол жерде тезек көбейіп, қиға айналады. Тезек жинап, қи ойып, көлікке ыңқита тиейміз. Жарықтық, малдың қалдығының қызуы күшті, кейде Сырдың қуатты сексеуіліне татырлық.

Суыр бұрқылдап қайнай бастаған ірі қазанға әлгі қозықарын мен қозықұйрықтың екі қабын ғана салдық. Қалғаны сыймады. Анам қойдың құйрығымен табаның ішін сүртіп, қозықарынды кішірек кесіп салды да, қақпағын жауып, отқа қойды. Екінші табаны да сөйтті. Ыстық табада қозықұйрық лезде піседі екен.Оншақты үй қатар отырамыз, ақпейіл әкем: «Біздің кемпір қозықұйрық пісіріп жатыр, түгел келіңдер» —деп жар салып, қоңсыларымыз бала-шағаларымен жиналып, ауылдастар мәре-сәре болды. Өзінің буымен, отқа піскен қозықұйрықтың дәмділігі тіл үйреді, мұндай тәтті ауқатты бұрын-соңды татып көрмеген жұрт жапырыла бас салып, екі қазанды еркін тауысты.Өзіміз ауыз тимедік, бірақ, бір қабының мұрты бұзылмап еді...

— Қазақтың табиғи таза, ұлттық дәміне не жетсін...

— Сөйтіп, көктеменің ең тәтті асы — мәңгілік есімде қалды. Бүгіннің өзінде мен жылына бір-ақ рет шығатын қозықұйрықты жолдан әдейі сатып аламын немесе арнайы тергізіп, балаларыма жегіземін. Қазір қозықұйрықты немесе қозықарынды көгілдір отынға пісіреді, әйткенмен, та-

биғи отқа піскенге жетпейді.

Анамшым шаруаға аса ілкімді, іскер, көреген, аспаздығы біртөбе кісі болды. Кез келген қазақтың қатынының қолынан келмейтін бесаспап, қасиеті артық туған жан еді. Шешемдей шеберлерді қазір шыркөбелек айналып, емге іздесең де, таппайсың...

Қызылдың құмы шілдеге таяу таңдайыңды кептіретін аңызақ келеді. От басы, ошақ қасымыздан бес-алты жүз қадам қашықта қалың құм жалдары жататын.

Анам бірде: «Балаларым, сексеуіл жинаңдар, мен сендерге бір тамаша тамақ пісіріп берейін» деді.Кең даланың сексеуілі ырғын мол, ен-апат. Амангелді мен Сара бар, жылдам қимылдап, әп сәтте сексеуіл жидық. Сосын,әкеме марқа қозы (желтоқсанда туған төл) сойғызып, басын ғана қалдырып, қалған етін қозының өзінің қарнына түгел салдырды. Бір малдың етінің өз қарнына толық сыятынын көрдік.Сөйтіп, бір жарым метрдей құмды аршып, қарынды салып, төбесіне түтік қойып, бетін жаптық. Шешем отты жаға беруге пәрмен берді. Екі-үш сағат тоқтаусыз от жақтық. Құм әбден қызып, етке жеткенде, бу шығады екен. Темір түтіктен (кейде қатты қамысты да пайдаланатын көрінеді) бір жарым метрге дейінгі аумақта шайтанарбаның (паравоз) түтініне ұқсаған қалың бу бұрқырап тұрды. Сірә, толық бір мәшинеге жетерлік жағылған сексеуілдің шоғы қып-қызыл нарттай, бет қаратпайды. Кеш түсіп, жатар орынға қайттық. Ертеңіне таңда барсақ, әлгі жердің ыстығы әлі ба-

сылмаған, түтіктің буы әлі бұрқырап тұр. Түске таяу сексеуілдің шоқтарын аршып, қарынды алып, дәу бір кепсерге салдық.

Марқаныңжиырма келідей таза еті, шамамен, жарты тәулік бойы қарынның ішінде, құмның астында, сексеуілдің қызуымен бұқтырылды ғой. Былбыраған жұмсақ ет алақаныңда еріп қоя береді, жас сүйектер де езіліп кеткендей... Әке-шеше, бала-шаға жабыла жеп, бір жарым сағатта марқа қозының етін түгел тауыстық.

Түркістанға қоныс аударғанымызда, шешеме: «Бір көлік құм мен сексеуіл түсіріп берейін, баяғыдай марқа қозының сірнесін пісірсеңізші» деп, өтініш жасадым. Аз-маз ойланып қалған анамның: «Е, шырағым, менің күш-қуатым кеміді, қарттық жеңіп барады, жас әйелдер бел шешіп кіріссе, үй мен түздің тамағының аражігін айқын ажыратар еді» — дегені есімде қалыпты.

Балалық балдәурен шақта, табиғаттың аясында татқан таза дәмнің тіл үйірген ғажайып тәттілігі — таңдайдан кетпей, мәңгі қалып қойды...

— Қайран балалық десеңші, әркез әппақ ойларымен, әппақ армандарымен алға жетелейді...

— «Әппақ» дегеннен шығады, сол кездегі Киров ауданының «Большевик» ауылында ала жаздай бозторғаймен оянып, қас қарайғанша мақта өсірдік. Мақтаны егеміз, суарамыз, шабамыз, тереміз. Көлік тым тапшы, комбайн бірен-саран

ғана. Анам бейшара еңбекқор, мақта тергіш. Амангелді, мен, Сара, шешем — төртеуміз жүйекке түсеміз де, бас көтермей іске кірісеміз. Аракідік басыңды көтерсең: «Әй, еңкей!» — деп, шешем жекіп тастайды.

Анамыз бізді — табан ақы, маңдай тердің қадірін түсінуге; адал еңбек етуге, баянды бейнетке тынымсыз тәрбиеледі. Балалық — ойынға тоймайды: мақта теруге әбден машықтанып, қайыстай ысылып алып, жұмыс үстінде бір-бірімізді қуалап кетеміз. Анашым байғұс, бізге бір қарап, жымияды да, жерден басын алмай, мақта тере береді. Қадіріңді білдім бе, қайран шешем?!. Сенің аяулы жүрегіңнің жылуына, алақаныңның ыстық табына, перзенттеріңе арнаған таза пейіліңе тең келетін ештеңе жоқ, бұл пәниде...

— Әйел — үйдің тірегі десек, отбасы — отанның ұйытқысы, қоғамның қорғаны. Отанды қорғау — отбасын қорғаудан басталмақ...

— Өз басым, отбасымнан да, отанымнан да еш аянып қалғаным жоқ. 1968 жылы әскер қатарына алындым. Анам байғұс мені тосып, теміржол бекетінде бақандай үш-төрт күн жүріпті. Болмысымнан тәртіп пен тиянақтылыққа біртабан жақын қасиетімді ұнатқан басшылығым әскерде тегін оқытып, әскер ісінде қызметке қалуға ұсыныс жасады. Жағдайды түсіндіріп, үйге хат жазып едім: «Қарағым, «ит — тойған жеріне, ер — туған жеріне» деген, сен әскерді түгендемей-ақ, өз ауылыңды түгендеп ал, елге қайт!» — деген жауап алдым...

— Отбасында ерекшелеу, кәдімгі қазақ «бір төбе» атайтын бала болады...

— Ата-анамның менен өзге үш бала, үш қызы бар. Құдай біледі, кімнің «бір төбе» бөлектеу болғандығын. Әйтеуір, өзім шешемді өте жақсы көрдім. Екеуміз сырлас, мұңдас едік. «Рәнжан», «Рән» деп атайтын. «Қой асығы демеңіз, қолыңа жақса, сақа ғой. Жасы кіші демеңіз, ақылы асса, аға ғой» дейді қазақ, анам менімен көп ақылдасатын. Ағамның ошағында біраз болып, кейін менің қолыма келіп, өмірден өткенше, бірге тұрды.

Шешеме қарсы шыққан адаммен қашанда жаға жыртысуға әзір едім. Кейде шалыс баса қалсам, ғазиз басын қадірлеп, сыйлап-құрметтегендіктен, жасымыз егде тартса да, шешеміздің көзіне түспеуге тырысатынбыз...

«Бөріктінің намысы бір» демекші, бір күні әкем: «Шырағым, Рақым, мені құдай ұрды, Мен қатынға сыр алдырып қойдым, негізі, еркек қатынға сыр алдырмауы керек екен. Келінге сыр алдырып қойсаң мен секілді сенделіп қалады екенсің...» — деді, кәдімгідей сасқалақтап...

Мінеки, әкеміздің өсиетіне сүйеніп, әйелге сыр алдырмауға тырысып, жетпісінші асуға да аяқ іліктірдік...

— Көнекөз қарияларымыз: «Жақсы әйел жарының жақсысын — асырар, жаманын — жасырар» деген даналық қалдырған. Ендеше, «әйелге сыр алдырмау» дегенді қалай түсінеміз?

— Мәселе — еркектің ірі болуы керектігінде. Алаштың алдаспаны Ахмет Байтұсынұлының:«Біз тірі болуымыз керек, тірі болу үшін — ірі болуымыз керек»дегені бар. Еркек — тым майдаланып, тым ұсақтанып, өсек-аяңға, қаңқу сөзге құмар болмауы керек. Күнделікті көрген-білгенін, ішкенін-жегенінәйеліне тәтпіштеп айтатын, тіпті, есеп бергендей есетін еркектер болады.

«Жақсы әйел — ырыс, жаман әйел —ұрыс» қой, әйелдің де бәрі бірдей емес. Ақылсыздау әйел еркектің ішкі жан-дүниесін біліп алып, қарсы әрекетке кірісуі мүмкін. Бала-шағаға, қатын-қалашқа айтатын да, айтпайтын да нәрселер болады. Мысалы, күнделікті күйбеңдегі қиыншылықтарды тізіп, «анамен ұрсып қалдым, мынаған өкпеледім... Бүгін пәленбай тиын тауып келдім» деп, сандуғашша сайрай берсең — ең жақыныңды да жалықтырып, мезі қыласың. Менің түсінігімше, «сыр алдырды деген» де, «қадірі кетті» деген де, осы.Әйтпесе, құдай қосқан жарың, бала-шағаңның асыл анасы — еріне ғұмырында жат болмайды. Бұрынғылар: «Жақсы әйел —жаман еркекті түзетеді» деп, дөп айтқан.

Дегенмен, еркектің ерекше өзіндік өзекті сыры мен қымбат құпиясы болғаны мақұл. Тіпті, бұл құпия — еркектің сән-салтанаты ғой. Демек, «Әйел — үйдің сәні» дегенде, екі сәнді араластырып жібермеген абзал.

Әкем көзі тірісінде көбіне бөлектеніп жүрген кісікиікке ұқсайтын. «Құлағым ты-

нышты қты, жаным жайлылықты қалайды» деп, бөлек ас ішетін. Мен де біраз уақыттан бері әкеме ұқсап, тыныштықты таңдадым. Бөлмем мен дастарханым да, төсегім мен теледидарым да бөлек. Ұрыс-керіс те, айқай-шу да жоқ. Менімен ақылдасып-кеңесу қажет болса, балаларым маған жүгінеді, мен өз түйін-тұжырымымды ашық та айқын айтамын: дұрысы мен бұрысының аражігін ажыратып беруге тырысамын.

Бөлектену мен оқшаулану — кісімсу емес. Өз ошағыңа кісімсуге болмайды. Тек, еркектің — еркек жолымен, әйелдің — әйел жөнімен жүргені дұрыс. Міне, мұны «еркектің сыры ашылып, қадірі шашылмауы» дейді.

«Алтын басты әйелден — бақыр басты еркек артық» деген де,бір есептен, жөн шығар, бірақ, балаңды туып, кіріңді жуып, асыңды дайындап, ошағыңды жинаған ғұмырлық қосағыңды жатсынып-жатырқау — тірілік те, ірілік те емес. Өкінішке қарай, көбіне біздің оңтүстік өңірлерде күйеуінің — әйеліне қол көтеретін жаман қадеті бар. Алдымен, асыл дінімде: «Әйелін ұрған еркек — Алла Тағалаға және Оның Расулына қарсы шыққан болады» деген таным қалыптасқан. Сосын, әйеліне қол көтерген әрбір еркек — ертең өзінің қызының да жәбір көруі әбден мүмкін екендігін ұмытпауы керек. Өйткені, дүние — кезектесіп келеді. Әйел-ана ежелден ер азаматтың сенімді серігі, аяулы жары һәм жолсілтер ақылшысы.

— Тұрмыс-тіршілікте перзенттерін еш тарықтырмаған шешеңіздің тәлімі — тағдарыңызда бағыт көрсетербасты бағдаршамыңыз болғандығын айтып едіңіз...

— Өмірде екі нәрсе қиын: біріншісі — тамшылап жиып, теңізше төгіле салатын — абырой-бедел. Құдайға шүкір, қадір-құрметтің арқасында бес тиын бермей-ақ, облыстық мәслихатта 5 мәрте депутат болдым; екіншісі — бала тәрбиелеу (қыз тәрбиелеу — он есе жауапты).

«Бір биеден ала да, құла да туа береді» деген рас, төрт баламның мінез-құлқы — төрт түрлі, тіпті, «Бір әке, бір шешенің балалары» деп айтуға келмейтіндей әралуан: біреуі — жер тарпып, жалындап тұр; келесісі — бетегеден — биік, жусаннан — аласа...

— «Әдеттегі, бай-бағланның берекесіз балаларындай емес», дейсіз ғой?

— Абырой-бедел мен тәлімді тәрбие мәселесін жастайымнан мықтап қолға алдым. Ұл-қызың көргенсіз, тәрбиесіз болса, елдің алдында бұлбұлдай сайрап, жұртқа ақыл айтқаныңнан не пайда? «Баланы — жастан...» деп, тәлім-тәрбиесін ерте қолға алмаса, тым кеш болады, бай-бағланның берекесіз балалары осыдан шығады. Ең алдымен, баланы еңбекке, тазалыққа, тұрақтылыққа дағдыландырған маңызды.

Бүгінгі күні жас ұрпақ үшін аса қажетті оқу мен медицина саласында жемқорлық басым. Биыл өзіме тиісті колледжге 12 адамды он екі тиын алмай-ақ, жұмысқа

қабылдадым, біреуінің қолынан бір кесе шәй ішпедім. Арым — таза, бетім — ашық. Мұғалімдер жас өскінге озық бағдарлама бойынша, бәтуәлі білім мен татымды тәрбие берсін!

Тазалық пен тәртіпшілдік, туралық пен тұрақтылық қасиеттер менің бойыма сүйегі текті Құрмантай қажының қанымен ауысқан болар.Мінезімнің туралығы, болмысымның шоқтығы — талай бармақ тістетіп, опық жегізсе де, әділдіктің ақ жібін аттап кете алмаймын...

— Шешеңіздің шымыр мінезі, қуатты қалпы — әйел баласына деген қадір-құрметіңізді қалыптасырған екен...

— Ер мінезділігі — ерлікке пара-пар шешемнің менің тойханамды қыл үстінен тегін үлестіріп, қызына біржола алып бергені бар. Арыс ауданынан Сара қарындасымды көшіріп әкелгенмін. Сол Сараның екінші баласы ораза басталып қалғанда үйленіп, беташар кезінде үлкен тойын жасау үшін бір өзбек әйелдің тойханасына барып кезекке жазылдық. Сөйтсек, әлгі өзбек жұма, сенбі, жексенбіні бізге бермей, тойымызды дүйсенбіге қойыпты. Қазақтарда ешқандай тойхана жоқ, соған ызаланып, 2000 жылы Түркістанда «Сарыарқа» тойханасын салдым. Тойхана құрылысына менің де, Сараның да қыруар қаржысы шықты.Ендігі мәселе, тойхананың басында шоңқиып отырып, күнделікті түскен ақшаны жинап, Сараның үлесін қайтаруым керек.

Бір күні үйге Сара келген екен, шешем мені шақырып: «Шырағым, шешініп, жаныма жайғас. Мен саған бата берейін деп отырмын, Алақыныңды жәй!» — деді. Ойым күдіктен ада, шешемнің жанына тізе бүктім.

Сосын, анам: «Қарындасың Сара төркіндеп келіп отыр екен, бүгіннен бастап «Сарыарқа» тойханасы — Саранікі болады, сенің алашағың да, берешегің де жоқ, той істесең — ақшаңа істейсің. «Аға болсаң — ақыл айт. Ақыл айтсаң — мақұл айт» — деді дауысын нығырлап...

«Төрт-бес айдан бері біз өлетін болдық» — деп, қызы жылап-сықтап келгесін, шешем: «Мен саған қазір тойхананы алып беремін» деген адуынымен ақ батасын беріп, «Сара ағасына төркіндеп келді» дейтін қазақтың ежелгі әдет-ғұрып, салт-санасының желеуімен тойхананы бір кездері тұлымы желбіреген тәтті қызына тартып әперді. Қандай қуатты шешім, ерекше еркөңілдесеңші!

Сол сәттен бастап, көп ақшам шықпай қалды. Әлбетте, менің де анама: «Жұмсаған тиын-тебенімді шығарып алайын, басқа ештеңе сұрамаймын» деп, уәж айтуыма да болар еді, бірақ, «Аталы сөзге — арсыз тоқтамаған», анамның кесімді сөзін кесіп өте алмадым.

Ол-ол ма, қайран шешем: «Шырағым, Рәнжан өз басының ғана жеке байығаны болмайды, жан-жағыңдағы бауырларыңа жәрдемдес, қолғабыс ет» — деп, бар бала-

сына үй салдыртып берді, маған...

***

...2003 жылы мен екінші мәрте облыс мәслихатына депутаттыққа түскелі жатқанымда, шешем: «Бір үйден — екі тұлпар қатар бәйге алмайды шырағым, сен Әлем біріншілігіне аттанатын спортшы ұлың Ерқанатыңа көмектесіп, қажетті жеріне тиын-тебенін беріп, жағдайын жаса!» — деп еді, мен Әлем біріншілігіне әзірленген спортшы ұлым, марқұм Ерқанатымның жанында болып, желеп-демеудің орнына, тағы да депутат атандым. Балам үшінші орын алды.

Бұл қылығыма қатты қапаланып, өзегі өртене өкінген анашым: «Рән, шырағым, Алла Тағала «Әлем біріншілігіне әкесі бірге барсын» деген сыңайда аян беріп еді, уәжіме көнбедің...» — деп, маған өкпелеп отыратын. Қазір тереңірек толғансам, шешем жарықтықтың көзі ашық, көкірегі ояу екен-ау...

Ерқанат екеуі қалың сырлас еді. Шешемнің ажал ауылы таянғанда, туған перзенттері де сиректеді. Апталап-айлап жатып қалғанда, әуелі құдай, сосын, менің жарым Баян, ұлым Ерқанат шешемді жабыла көтеріп, біреуі — құлатпай, демеп тұрып; екіншісі — үсті-басын жуып-шайып, тазалайтын...

Сол кезде мен ауруханаға түсіп қалып едім, шешем маған шұғыл сәлемдеме айтыпты: «Әй, шақырыңдар ана Рәнді, мені «өледі» деп, әдейі әзірленіп, дәрігерде жа-

тыр ма, тез үйге келсін!» — деп...

Жылдам жеткенімде шешем былай деді: «Рақым қалқам, меніңбетім ары қарады, келместің кемесіне мініп кетемін. Ұзамаймын шырағым, сенен бір-ақ өтінішім бар: мені «көрде тыныш жатсын» десең, менің Баянжаныма зәбір көрсетпе, тастап кетуші болма! Оң батамды беремін, шырағым..»

Болды. Бар айтқан аманаты осы.

Мен: «Тып-тыныш жата бер, бір қадам алыс кетпеймін, айтқаның екі болмайды» деп едім, Баянды шақырып алып: «Әй, қарағым, мына баланы мен туғанмын, сенен бір адым алыстамайды, сені тастамайды, бала-шағасына қарайды» — деді...

***

Көкіректе көңірсіген арман, мұқалған мұрат көп. Өзім дүниені күреп тауып, шайқап төккен заманда шешемді Меккеге апара алмадым. Ол кезде мен пісіп-жетілмеген екенмін, миым қатып, санам сартап болыпты. Өзім Умраға барғанымда, шешем үшін де, әкеме үшін де қайталай кіріп, парызын өтедім. Мал сойып, садақа тамақ бердім...

Анамды Меккеге апара алмаған орасан өкініш өзегімді өртеген сәттерде, менің құлағыма тым-тым алыстан, дүниенің терең түбінен күй атасы Құрманғазы жүрегінің тереңінен шым-шымдап шығарған «Қайран шешем» күйінің әсем әуезі еміс-еміс естілгендей болады...

...Ақбайдың шабармандары Құр-

манғазыны арбаға байлап жүргелі жатқанда шешесі Ақбала есіктің алдына шығады. Құрманғазы әлпештеп өсірген анасына Әлі күнге дейін қайырымды іс істемегеніне өкініп, тағы да абақтыға айдалып бара жатқанын ойлап, көздеріне жас толып, шешесіне жақындайды.

Сол кезде анасы Ақбала кенет: «Мен «ұл таптым» деп жүрсем, жасық неме туған екем ғой. Кімнің алдында көзіңнен жас шығарып тұрсың?» — деп, шапалақпен баласының жағынан тартып жібереді...

Кейін Орал түрмесінде жатқан Құрманғазы жүз ойланып, мың толғанып, өзінің кемшілік-қателігін түсініп, анасына арналған«Қайран шешем» күйін шығарады. Қапастағы бейбақтың ауыр халін баяндап, күңірене баяу басталатын құдыретті күй — бірте-бірте әнтек Әсерленіп, шабыттана шабады...

Құдды, ананың жанарынан телегей төгілген көз жасы секілді...

***

Тіршіліктің ақжарма ажары мен айдындай аспаны — Ананың дақ түспеген әппақ көңілі мен шықтай мөлдір пейілі екенау!

Әттең, кешегің — қайтып келсе...



ЕРІН СЫЙЛАҒАН - ЕСІКТЕ ҚАЛМАС

Арманды дара қумаймыз...

Асыл жар Баян Жақсылыққызының сыралғы сыры

«Менің қылаусыз көңілмен айтатын жалғыз шындығым – мен үшін жер бетінде Рақандай азамат жоқ! Отағасының кең пейілі, ыстық ықыласы, ілкімді ілтипаты, кіршіксіз ниеті, жанашыр қамқорлығы, адуынды сезімі – ғажап!», – деді Баян ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ ағынан жарылып...



Отағасының әкесі, менің қайынатам жуас, әулиедей таза адам болды. Алғыр, малтанығыш, жараулы кісі еді. Кешке мал келіп, намазшам өткен соң, қойды өзі аулағырақ жайып кететін. Баққан малы тез семіретін. Төрт түлікке мұқият қарап, жем-шөбін тиянақтайды. Өз денсаулығына күтім болса, малдың да бабын таба білді.

Перзенттеріне: «Шырақтарым, өмірімде мұртыма ұстара тимеген, ауызыма атаукере татып алмаған, некелі жұбайымнан басқа ұрғашының білегінен ұстамаған, адамның ала жібін аттамаған мен аштан — өліп, көштен — қалғаным жоқ. «Бірінші байлық — денсаулық, екінші байлық — ақ жаулық», — деп, дана жұртымыз еріккенінен есті уәж қалдырмаған. Бақыттың басы — отбасы, иесі — отағасы, берекесі — отанасы. Атақты Сырым батыр: «Астымдағы қара атым — тұлпарым, Қасымдағы қара әйелім — сұңқарым» деген екен. Тұлпарға — салқындық, сұңқарға — сатқындық жасамаңдар. Барға — тасынып, жоққа — жасымаңдар!» — деген ұлағатын

ұзақ қайталаушы еді...

Ғұмырымда атамның бетіне келіп, тіл қатқан емеспін...

***

...Рақаңның әулеті маған құда түсе келгенде, сөзқұмар жұрт: «Енесі бетпақ, бұзық кісі. Қыздарыңызды жұлып, жеп қояды» — деп, менің әке-шешемді айнытпаққа күш салды. Әкем біраз үнсіздіктен соң: «Менің қызым сол қатал кемпірдің мұрагері болуға тиіс. Кейуананың құтты орнын басып қалуың керек, қызым. Сол ошақтан сүйегің шығатын болсын!» — деді.

Менің әкемнің сөзі тас кесетін пәтуалы, өзі адуынды кісі еді: «Құдай қосқан қонысыңа тастай батып, судай сіңетін бол: айналаңа «ананы — өйтпе, мынаны — бүйтпе», қайныларың мен қайынсіңлілеріңе «бірнәрсені бермеймін» деме. Бүгінгі ботқаң болса, ертеңгіңе алаңдамай, бере сал. Ертеңгіні құдай береді, еркек табады. «Ішілмеген ас — умен тең, Кісі келмеген үй — көрмен тең» деген, кеңдіктен — ешкім кедейленіп қалмайды» — деп отыратын...

«Жеті бала бар: біреуі — отыншың, екіншісі — сушың, келесісі — қарауылың, тағы бірі — жәрдемшің болады, бәрінің жағдайын жасайсың. Бір баланың маңдайыннан шертіп, тілің тимесін! Денсаулығы мүкіс сырқат қайынатаңды бағып, шиеттей жеті баланы жетілдіру — ақ парызың болмақ» — деп, ерекше ескертті, шешем...

Анашым тағы былай деді: «Ақылдың

алмайтын қамалы, жетпейтін ырзығы жоқ. Ақыл бар жерде ғана — байлық пен бақыт, ынтымақ пен ырыс, бірлік пен тірлік отау тігеді. Барлық берекетті — ақылдың күшімен басқарып-атқаруға, тиянақты тындыруға болады. Ақылдың сүйеніші де, тіреуі де, тұтқасы да — еселі еңбек. Адал еңбектенген ақылды адам — байлық пен бақытқа да кенеліп, мәнді-мағыналы, сәнді-салтанатты ғұмыр кешеді. Әлгі жеті жеткіншектің қалауын танып, көңілін ауласаң, сайып келгенде, тәртіпті жауынгеріңдей қызметшіңе айналады. Құдай қосқан жарың — екінші қанатың, жалғыз қанатты — құс болмайды. Шарапатты шариғатымыз бойынша, күйеуінің ақысын орындаған әйел — жихад еткендей сауапқа кенеледі. Қосағыңмен — қоса ағар, алтыным!»

Соның бәрі ып-рас, тұп-тура келді. Қазір мені бәрі сыйлайды, әкесі мен шешесінен артық көрмесе, кем көрмейді. Анашымның асыл түйіні — түтінімнің түзу ұшуының кепілі болды.

Шаңырақтың шаттығы — от басы, ошақ қасының сый-құрметінің нәтижесі. Жаратқан Ие жолықтырған жарыңмен жарасымды ғұмыр кешу — нағыз бақыт. Бақыттың өлшемі — шексіз болғанымен, нағыз бақыт дегенің — жер басып аман жүруің, алаңсыз тірлік кешіп, тыныш ұйықтауың.

Бақыт — талғампаз әрі үркек құс секілді, құнын біліп, қадірін түсініп, қастерлей алатын ақылды пендеге ғана қонады. «Байлық — бір жұттық, бақыт — ба-

янсыз», түйсігі саяз, пайымсыз-парықсыз адам — бақыттың басынан тебеді...

Шаңырақтың шаттығы мен бақыттың баяны туралы парасат парақтарын өз шешемнен үйрендім. Кіндік кескен ошағымда адам аз еді. Қаладағы үйімізде анам темір пеште нан жауып, ас пісіретін. Күйдік те, пістік те, әйтеуір, біз де машықтандық. Міне, бақыт!..

***

Мінезі тік, болмысы берік, алды адуынды енемнің ащы да айқын ақиқаты — есімде өшпейтін өсиет болып қалды...

Енем былай деп еді: «Терең түйсінген адамға шаңырақтың шын бақыты мен ылайым ырысы — отанасының — келіннің қолында. Көңіл-күйі мен хал-ахуалы жақсы келіннің — пісірген асы да, айтар сөзі де тәтті болады. Мұндай үйден қонақ үзілмейді. Қонақтар бұл босағаға қарны ашып емес, «Бұл ошақтың ханшайымының қабағы ашық» деп, есігін еркін ашып, кең қолтық әңгіме-дүкен құрады. Берекелі үйдің кісіні үйіріп тұратын мол шуағы болады»

Расы, енем — он еркектің шаруасын бір өзі істейтін қарулы кісі болатын. Еркекке бергісіз күш-қуатын өз көзіммен көрдім. Енем үлкен баласының қолында еді, кейін Рекеңнің мінезіне езіліп, бізге арқа сүйеді. «Рахым мен Баян айтқанымды екі етпейді» — деп, мерейленіп отыратын.

...Қыз кезімде сиыр сауып көрген

емеспін. Етжеңді енем ең асау сиырларды бес минөтта бағындырып, сауып алатын өнерін де маған үйретті. «Қорықпа, қасыңда мен тұрмын!» — деп, дауысын көтеріп, сиырдың жүрегінің түгін басатын...

Ә дегенде, бөтен үй, бөгде ортаға тап келу; босағасын аттаған үйдің қасиетін ұғыну; жат жұрттың жамағатын жүрегіңе енгізіп, бірден туған төлі, өз иесіндей сіңісіп кету — әсте оңай емес. Енесі келінін туған қызындай қабылдап, келінінің енесіне өз анасындай ақтарыла сыр айтуы да — кейде қияметтің шыңындай қиын.

Жас келін — біреудің мәпелеген баласы, бетінен қақпай өсірген еркесі, кемеріңді кеңіткен туған ұлыңнан да ыстық немерелеріңнің болашақ анасы. Өз қызың — басқа біреудің келіні болатынын; ұлыңның жүрекқалаулы сыңары — сенің сүйенеріңе айналатындығын ұмытпау керек. Ене мен келіннің арасында қарым-қатынас нәзік те күрделі. Босаға аттаған балғын келініне енесі жат мінез көрсетпей, аналық ақыл-кеңесін беруге тиіс.

Енеміз жарықтық елжіреп-езілген жұмсақ кісі болмағанымен, көп қатемізге көз жұмып, кешіріммен қарады. Бағыт-бағдарын ерінбей үйретуден жалыққан емес. Енемнен елеп-ескеріп, ұқыппен үйренгеніміз ұшан-теңіз...

***

Жастар отау құрғанға дейін көз алдына бұл өмірдің жарқын, шуақты, қуанышты жақтарын ғана елестетеді. Тағды-

рдың қайсыбір бұлтты-күңгіртті тұстарын түйсініп-түсіне бермейді. Десе де, айнымас бір заңдылық — балалар мен ата-аналардың қуанышы мен реніші өзара өзектесіп, ішінара ұштасып жатады. Бүгінгі заманның шапшаң өсу қарқыны мен еркек пен әйелдің теңбе-тең араласуы — кейде жұбайлардың бір-біріне ойдағыдай көңіл бөлуіне, талап-талғамын қанағаттандыруына кері әсерін тигізетіні анық. Отау тіккен екі жастың бір-бірінің талғамы мен әдетіне — инабат пен адамгершілік тұрғысынан қарап, кемшілік-қателіктеріне төзімділік танытуы — ауадай қажет.

Әр үйдің тірегі — ері, жүрегі — жары, тілегі — бала-шағасы. Ғасырлар тоғысында тоқсан толғаулы ұлағатты ұрпақ өсіріп, шаңырақ иесі — батыр ұлы мен әулет тұғыры — әдепті қызын тәрбиелеген қазақтың таным-талғамы тым биік...

Менің енем байғұсқа жеті баланы бағып-қағып, өсіріп-жетілдіру жеңіл болған жоқ. Таңалакеуімнен көзімізді тырналап ашып, боздаған бозторғаймен таласа тұрамыз. Күніне сабан-саңылтырмен-ақ екі табалап, он таба нан жабамыз. Бейнетті белшеден кешуді енеміз әбден үйретті...

Шаруаға бек шалымды, білгір де бесаспап адам еді, енем. Ұнды қаппен алып, май-құртымызды, ет-шәйімізді жеткеріп отыратын. Біз тым жаспыз: әзірге баламыз жоқ, айлық-шайлығымыз бен тапқан-таянғанымызды енемізге қосып-қуаттаймыз. Бертінде өзіміз көшке ілініп, кемелденген кезімізде енемізге жата-жастана қа-

рап, барлық жағдайын жасауға тырысып бақтық...

***

Отының — өшпеуін, бақытының — көшпеуін тілеген қазақта есіктің екі босағасы — ерлі-зайыптылар. Ерлі-зайыптылардың рухани мұддесінің бірлігі — уығын қадап, шаңырағын көтерген от басы, ошақ қасында. Отбасы — адам баласының өркен жайып, өсіп-өнер; қаз тұрып, қанат қағар алтын бесігі. Тілегі бір, мұддесі ортақ адамдар ғана бір-бірін шын сүйіп, бір-бірі-не қамқор болып, ортақ шаруаны орайымен дөңгелетеді. Бұлар ата ұрпақтың түтінін түтетіп, мұрасын жалғастырушылар.

Шешем өте жуас болса да, тұрмысқа шығарымда: «Алтын балапаным, бар — жақсы, жоқ — жаман. «Түйе аунаған жерде — жүк қалады, ат аунаған жерде — түк қалады», тік жүрсең — тоқ жүресің» — деп, көздерінің таңғы шықтай мөлдіреген жасын орамалының ұшымен сүртіп еді...

Тамақ істеуді анашым әбден үйреткен, кәсіби кемелмін. Жаңа отаудың босағасын аттағанымда, асты аста-төк мол жасағанды жақсы көремін, пейілім кең, қолым жомарт.Енем мөлшерлеп-өлшеп: «Мынау жетеді» десе де, балалық-шалалығымыз ба екен, мен қымқырып-жымқырып, қосымша тағы салып жіберемін. Піскен астың біразын тығып қойып, сәті түсіп, қонақтарға апара жатқанымды енем талай рет көріп-біліп отырды. Сондай сәт-

терде ол кісі: «Ай, мен білсем, сенің бақида қарының ашпайды» дейтін.

Мейлінше жараулы, білгір енемнің сөзі де — тас кесетін, айтқаны да — дөп келетін. Лайым, алдымыз — лайсаң-мол болды...

***

Шаңырақтың береке-бірлігі мен тату-тәтті болуы — ата-ана мұддесінің мән-мағынасының тереңдігімен өлшенеді, демек, басты түйткіл — сақа ененің — балауса келінге деген түзу ниетінде, дұрыс көзқарасында жатыр. Шәкәрім бабамыз: «Сақ адам — сандығын бекіте алады. Есті адам — тілін тия алады. Бірақ, ешкім ойын — тия алмайды», — деген ұлағат қалдырыпты. Өткен күндердің көмескі елесінің еміс-еміс естеліктері — менің де ойларыма ойран салып, қай-қайдағымды қозғайтыны бар. «Ата — асқар тау, ана — бауырындағы бұлақ, бала — жағасындағы құрақ» дейтін қазақы отбасы — төл перзентін бүкіл ауыл, күллі қауым болып та тәрбиелеген.

«Ер — әйелдің миы, әйел — ердің күйі» дегенмен, Рекеңнің де мінез-құлқы — балдай тәтті, ұлпадай жайлы десем — жалған сөйлеген болар едім. Қиындық-қияпаттың талайынан тізерлеп өттік: отағасының көңілін аулап, алдап-сулап, тәтті күніміз бен күллі өміріміз өтті.

Отағасының жақсылығын — асырып, жамандығын — жасыратын отанасы. Жәй отана емес, иманы кемел, жиғаны мол кейуана. Менің мінезім жуастау көрінгенімен,

ашу-ызам уытты: екі жеті теріс қарап, тіпті, айға жуық уақыт жуасымай қоятын қиямпырлау кездерім де жетіп-артылады...

Рекеңнің болмысы — қамысқа тиген оттай лап етіп көтеріледі де, қайтымы да жылдам: лезде басыла қояды. Сені көрместей ұрсып кетсе де, араға он-он бес минөт салып, қайта келіп: «Байеке, шәйің бар ма, ауқатың не болды?» — деп жадырап, әңгімесін айта береді.

Көне бір діни әңгіме былайша баяндалады: Бірде Али-ул Хауас хазреттерінің біріне ренжіген әйелі күйеуіне қырсығып, бөлек ыдыспен тамақтанып жүреді. Хазрет бір күні жаңылысып, әйелінің ыдысымен су ішіп қойғанында, әйелі долданып, ыдысты сындырып тастайды. Сонда хазрет сабыр сақтап: «Ыдысты не үшін сындырдың?» — деп те айтпай, ешнәрсе болмағансып, жүре берген көрінеді...

Кім біледі, Рекеңнің тағдырындағы талай тар жол, тайғақ кешулердің ақырының — түзу даңғыл, абыройлы асуларған ұласқаны — осындай жарқын көңіл, кешірімді пейіліне Алла Тағаланың нәсіп кеткен сый-сыяпаты шығар...

Кешірім мен келісімнің, кеңдік пен жомарттықтың арқасында Рекеңнің бас болуымен, менің қосшылығыммен қариялларымыздың алдын кесіп өтпедік; сөздерін де екі етпедік; дұрыс-бұрысын талдап жатпай, бас изеп, «мақұл» дедік; «әруағы да риза шығар» деп дәмеленеміз...

«Ұят пенен ар қымбат, өзің сүйген

жар қымбат» (Қазыбек би) демекші, бәріне көндік, тәмәмына шыдадық.

***

Енемнің естілігін — кешірек танып-түйсіндім. Адуынды, ащылау, шалт мінезінен — қайырым мен кешірімі артық екен. Апамның жас келіндерге «бетің бар, жүзің бар» демей, тікесінен, тура айтатынын біліп: «Ұлғайған кісі айтады да қояды, қарсы сөйлемеңдер!» — деген тоқтау сөзімізбен тігісін жатқызып, Рекең екеуміз жауырды жаба тоқып, жуып-шаятын едік. «Албырт адамның асығыс сөзі — ауыр тие ме...» — деп, қалбалақтаймыз...

Қуатты құйындай жан-жағын жапыратын апамның ашуы басылғанда: «Апа, бұл сөзді не үшін айттыңыз? Маған айқайлап айтқаныңызбен — бір ұшы, бәрібір, өзіңізге тиеді ғой...» — десем: «Сенің тіліңнің уытынан — жыланның уы тәтті, маған буынсыз жерден — пышақ ұрғандай, сәтін тауып, мені әрдайым жеңіп кетесің» — дейтін, жарықтық...

Енемнің үш-төрт келінінің басын қосып, қолымызды қысып отырып: «Жалған өмір — біртұтам сәттей болады екен, қарақтарым! Болмашыға ұрысып-ренжіспеңдер, тату болыңдар!» — деп, маған қарата: «Балаларға, келіндерге еге бол, шырағым!» — дегені есімнен кетпейді...

Екі-үш ай сырқаттанып, төсек тартып, жатып қалғанда, бір күні мұңайып: «Тілімнің жылдам, ауызымның жайсыздаулығынан — талай адамға тілім тиіп

еді, қазір соның азабын тартып жатырмын-ау...» — дегенде, «Қой, апа! Олай деме, мінезсіз адам болмайды. Жаңылмайтын — жақ, сүрінбейтін — тұяқ жоқ. Қайдағы-жайдағыны теріп-тізбелеп, уайымға салынбаңыз!» — деп, көңілін аулауға тырысқан едім...

Қайтпастың кемесінің таянғанын сезген апамның: «Шырағым, Баянжан! Менің тілім тиіп, тізем батса — кешіргейсің!» деуінің өзі— қандай қайыспас қайсарлық, қандай биік кісілік десеңші!..

***

Менің ұққан бір шындығым: өмірдегі ең ауыр сынақ — барға қанағат қылмай, дандайсып кету; Алла Тағалаға тәубені ұмытып, асылық қылу, деп ойлаймын...

Ертедегі бір патша Құран сөзін білетін білімі терең кісі болыпты. Бірде бір кітаптан: «Адам баласы қаншама мықты жаралғанымен, кемшін-мінсіз кісі жоқ» дегенді оқып: «Менің білімім кемел, ерен ел билеген ханмын, менде қандай кемшілік болуы мүмкін. Жоқ, бұл бекер сөз, мен кемшін-мінсіз адаммын» — деген тұжырымға тоқтайды. Сол-ақ екен, кенет, сырттан айқай шығады да, бір уәзірі келіп: «Сыртта бір нәрсе көрдім, не екенін білмеймін», — дейді. Патша далаға шығып, бір отқа ұқсас құбылыстың заулап жанып, ұйытқып қашып бара жатқанын көреді.

Хан уәзіріне: «Тез, менің дүлдүл тұлпарымды әкел. Мен белгісіз жалынды қуып жетейін», — дейді.

Патша шаһардан шығып үлгерген от-жалынды дүлдүлімен қуып, жете бергенде, жүні сусылдап, жарқыраған алтын киік екендігін көреді. Бір сәтте алтын киік алдынан кезіккен қалың батпаққа күп беріп, қабырғасынан батып кетеді. Патша: «Батпаққа киімім былғанады, ат жығылады» — деп ойлап, бар киімін сыпырып тастап, жалаңаш түскенде, дереу батпаққа белшесінен кіріп кетеді.

Сол сәтте әлгі алтын киік қатты сілкініп қалып, айдары беліне түскен ақ жігіт болып шыға келеді де, ханның киімін киіп, дүлдүлін мініп, шаһарға қарай жүріп кетеді. Хан бір мезгілде батпақтан әзер шығып, шаһарға келгенде, «жалаңаш жүрген жынды кісі» деп, балалар тас лақтырып-қуып, қалаға жуытпай қояды. Хан: «Қорлықпен тірі жүргенше, суға ағып кетейін» деп, өзенге келсе, судың жағасында бір кемпір-шал отыр екен. Суға секіргелі жатқан кісіні ақсақал тоқтатып: «Қараңғы өлімнен, жарық тіршілік артық, балам. Сен қалаға барып, қайыр тілесең, құдай нәпақаңды айырып береді», — деп, ескі көйлек пен кішкене нан береді.

Мойнына дорба салып,қалада төрт-бес күн садақа сұраумен құрсағын алдаған патша: «Қатын-балаларым мен уәзірлерім мені таныр ма екен?!.» — деп, хан сарайына келеді.

«Ассалаумағалейкүм! Шын мұсылман болса, хан ием де қайыр-садақа берсін» деп, екпінмен ентелеп, уәзірлерді қағып өтіп, ханның тура алдына барады.

«Сен кімсің, қай жердің адамысың?» — деп, сұрайды хан.

Қайыршы кейпіндегі бұрынғы хан: «Мен осы шаһардың адамымын. Мына рудан тараймын, толық ата-жөнім осындай» — деп, бар шындықты, көрген-білгенін, басынан өткен төтенше жағдайды тегіс баяндайды.

Сонда қазіргі патша уәзіріне: «Мына кісіні боз биенің сүтіне жеті қайтара шомылдырып, алып келіңдер» — деп бұйырады.

Сосын, қазіргі хан боз биенің сүтіне жеті қайтара шомылып, құлан-таза болған мүсәпірдің қолынан ұстап: «Қасиетті Құранды ашқаның рас па?» — деп сұрайды.

Ол: «Иә,рас» — дейді.

Сол кезде хан: «Бұдан былай көңіліңе астамшылық ойлама! Міне — тағың, міне — жұртың, міне — уәзірің, міне — елің. Мен — Жәбірейіл періштемін», — деп, тағын нағыз ханның өзіне қайтарып беріп, көзден ғайып болады...

***

Ешкім аяқтары салбырап, аспаннан түскен жоқ. Аталарымыздың жанды сөзі мен өрісті өнегесі — заман талабымен үндескен мәңгі жойылмайтын дайын үлгі, тәлімдік әдіс-тәсілдік құнды бағдарлама тәрізді. Қадым заманнан ұлтымыздың арман-тілегіне, ой-пікіріне, ұрпаққа арналған өнеге-өсиетіне негізделініп жиып-терген,

қалыптасып-қаланған аса мол тәжірибесі: үлкендердің сөзінен, қылығынан, іс-әрекетінен үлгі алу.

Қазақ — өз баласын кең де көркем мінезді, жомарт та жайсаң болуға тәлімдеген. Ұрпағының сымбаты мен келбетіне, мінезі мен ақылына, тәлімі мен өнегесіне, дәстүрлі талғамы мен өлшеміне терең көңіл бөлген.

Қайынағамның үш баласы біздің қолымызда тұрды. Турашыл, тіктеу қайынағамызға арыз айтып, баланың кемшілігін жария қылмадық. Әйтпесе, шаңын қағып, шыр-пырын шығарады. Қайынағамыз құдайға тәубе: балалы-шағалы болып, өсіп-өнді. Мақтанып айтсам, бүгінде менімен ақылдасып-кеңесіп, пікіріме құлақ асатын дәрежеге жеттік...

Қайынағамның үш баласына қамқор болу — енемнің қалауы тұғын. Қасымызға көшіріп алып, бауырымызға басып, бәрін икемдеп, тәрбие бердік. Әрбірін жұмысқа орналастырып, аяқтануларына жәрдем қылдық. Қазір өздері келін алып, қыз ұзатып, бет-бетімен бәрі үйлі-жайлы болды.

Менің бала-шағам сол үш баланың сыймай қалған ескі киімдерін кие беретін. Кейін менің балаларым ержеткенде денелері ірі болып, жазда әпергенің — күзде сыймайтын еді. Қайын ағамыз бен абысынным шағындау кісілер болатын: «Баяғыда біздікін бұл балалар киген, әкеліңдер, енді сендердің киімдеріңді біз киеміз»,— деп, киіп алады. Жақын ағайын бірінің ескісін

— бірі кие берді, «менікі-сенікі» деген болмады.

«Менің ауқатым», «сенің ауқатың» демейді, ас пісірсең — келіндердің бәрі келеді. «Ананы үйтеміз, мынаны бүйтеміз» — деп, өзара ойласып, ошақ басын мұнтаздай тазалап, күл-қоқысына дейін, ең аяғы: сүйек-саяқ, қалдықты сыпырып-жиып кетеді. Келін-баланың бірде-біріне бүгінге дейін: «Сен мынаны алма» — деп, бірдеңені тығып қойғанды білмеппін...

***

Рекеңмен жарты ғасыр біргеміз. Аш та, жалаңаш та болғаным жоқ. Жыртық көйлек кимедім. Мені ұрып-соқпақ түгілі, аракідік қатты сөйлегеніне өкініп қалады. Жарына — адал, жұртына — арамдығы жоқ.

Әйелі долы, жайсыз болса, қандай да мықты еркектің еңсесі түсіп, жетім балаға ұқсап, жүні жығылып қалады.Тым терең түсінбестік, қаншама қиындық жағдайда да, әйелі — күйеуін ренжітпеуі керек. Еркектің назы ауыр келеді.

Бір күні хазреті Фатима әкесі — Алла Тағаланың соңғы Елшісі Мұхаммед Пайғамбарымыздың ((салла Аллаһу алейһи уә сәллам), (Алланың оған игілігі мен сәлем болсын)) алдына жылап келеді. Алланың Расулы (Алланың оған игілігі мен сәлем болсын) қызынан: «Неге жылап тұрсың, Фатима? — деп, сұрайды. Қызы: «Ойланбай айтқан сөзіме күйеуім Әли ашуланып қалды. Мен кешірім сұрадым. Бірақ, бәрібір, оны

ренжіткенім үшін жылап тұрмын...» — деген жауап қатады.

Сонда Алланың Расулы (Алланың оған игілігі мен сәлем болсын) перзентіне былай дейді: «Қызым, Алла Тағаланың разылығы — күйеуіңнің разылығына байланысты. Әйел үшін ең үлкен ғибадат — күйеуіне мойынсұнуы. Күйеуі әйеліне разы болса, ол әйел қалаған есігінен Жәннәтқа кіруге құқылы. Әрдайым күйеуінің разылығын іздейтін әйел — ең бақытты әйел. Күйеуін ренжіткен әйел — оны разы еткенге дейін Алла Тағаланың лағынетінде болады...»

***

Қазақ — баланы санамайды және санын айтпайды. Құдайдың бір қолды толтырған перзент берді. Ұлды — ұяға, қызды — қияға қондырдық, перзенттеріміз шаңырақ көтеріп, ата-анасының бойларына сіңірген өнегесімен өсіп-өніп, ұрпақ өрбітіп отыр. Алладан балалардың бақыты мен болашағын сұрап, үмітімізді үрледік...

Дүниенің ең бағалысы — адам, бақыты — бала.Тіртінек тіршіліктің күйбеңімен, кейде, адам —уақыттың, денсаулықтың, жастық шақтың, қолға қонған шын бақыттың қадірін білмей қалады екен. Уыстан сусып шығып кеткенде ғана «ah» ұрады екенсің... Сөйтсек, жалған өмірдің өзі — ауыр сынақ, қатал сабақ болады екен: алтын құрсақты жарып шыққан жарығыңнан қапыда көз жазып қалуың да мүмкін екен... Бұлай боларын кім білген, өзекті өртеген өкініштің табы — тым ыстық...

***

Бабалардың сөзі, аталардың батасы, ана сүті, енелер өсиеті, келіндер әдебі — ұлтымыздың баға жетпес байлығы. Асыл қазынаны шыр етіп жарық дүниеге келген сәбидің көзін ашқан күнінен бастап бойына сіңірген дана жұртымыз бақыттың басының — отбасы екендігін терең түсінген.

Қазақ — баласын бесікке салғаннан бастап, оның ойлау, сөйлеу жүйесін дамыту жолында ұлттық әдіс-тәсілдерді шебер пайдаланған. Халқымыздың санғасырлық тыныс-тіршілінің өзіндік ерекшелігінен туындаған, ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары өте мол. Сол себепті, «Жүкті әйел шашын кессе — іштегі бала кемтар болып туады, бақыты кесіледі» — деген ырым-ұстанымды қатаң сақтап жүріп, жалғыз қызғалдағым — Ақмаралым дүниеге келді.

Ақмаралым кейуананың қасында жатып, жанынан бір елі қалмайтын. Қызыма қатал болмақ түгілі, тура сөйлей алмадық. Біздің есімімізді бадырайтып, атымызды атайтын. Қайын ағам мен абысынымды «мама»,«папа» деп, бізді «Баян»,«Рахым» дейтін еді. Кейінгі балаларым «мама», «папа» деді. Бір қызығы, қайынсіңлілерім мен қайын інілерім де, қайын ағаларымның балалары да мені жақын тартып, «әпше» деп атап кетті...

Ешбіріне, ешқандай өкпем жоқ, бек разымын. Бұрын қарияларының қолына салатын ақша мен алтын да, несібе

мен нығмет те бізге бұйырды, бүгінде. Бірде-бірі лəм-мим сөйлеп: «Неге жараттыңыз?» — деген емес...

Келіндерімнің әрқайсысының өзіне тән мінез-құлқы бар, бірақ, ұябұзарлығы жоқ. Өзара өте тату. Ауыр жүкті — жұмыла көтереді. Бір әулеттің перзенттеріндей бірлігі — бекем, берекелері — телегей. Артына түсіп, түрткілей бермесең, жаман адам болмайды, Жаратқан Иеміз әр пендесінің жүрек түкпіріне иман тамшысын тамызып қойған...

***

Біздің ақсақал (Рекеңді айтамын...) ақпейіл, қолы ашық, кең кісі ғой, еш ескертпестен жұртты үйге қонақ қып ертіп, кенеттен келе қалады, осы әдетін ескеріп, бір леген ауқаттың орнына, әрдайым үш-төрт леген дайындаймыз. «Әке көрген — оқ жонар, шеше көрген — тон пішер» дегендей, Рекеңнің інілері мен қарындастары да, балалары да кез келген мәселені арнайы келіп-кеңесіп, ақылмен істейді.

Бірде көзіме ғалым, жазушы, публицист Немат Келімбетовтің: «Мен тек бала-шағасының қамын күйттеп, күйбеңдеп жүрген кісіні «шал» дер едім де; туған ауылының, туған жерінің жоғын жоқтап, қамын жеп, жан-тәнімен қарбаласып жүрген егде жастағы ер азаматты «қария» дегім келіп тұрады; қазақ дейтін тұтас қауымды бөліп-жармай, бүкіл елдің қамын ойлау дәрежесіне дейін көтерілген құрметті қартты «ақсақал» деп, ардақты ат берсек

— артық емес» — деп жазғаны түсіп еді.

Менің Рекем де бүгін түркі дүниесінің рухани астанасы Түркістан жұртының ете-не танып, ерекше құрметтеген ақсақалы дәрежесіне жетті...

***

Алаштың баласы ұрпағының бойына жақсы-жайсаң қасиеттерді сіңіріп, ата-салтын, мүдде- мұрасын мықтап ұстауын талап еткен. Тіпті, жеті атасын, елдегі даңқты адамдардың хикаяларын, ауыл-аймақтағы жер-су атауларын, суды қайдан ішетінін, жылдың әр мезгілінде елдің қайда, қалай көшетінін, баласының санасына қаршадайынан құйып отырған. Сондықтан, «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деген даналық сөз қалған.

Әкенің аяулы алақанына жылынып, ананың ыстық мейірім қанып ішкен маған базбіреулер: «Еркектің кісі болып, елдің алдына шығуы, беделді қызметке ілігуі — ақылды әйелдің арқасы. Әйелі әңгүдіктеніп, майда-шүйдені қаузай берсе, еркек те ұсақ-түйектен аса алмай, сырттың сырттаны болудан қалады. Рекеңнің де реңі толып, жорғасы озуы — сіздің жақсылығыңыз. Кішіпейілдігіңіз бен кеңдігіңіз, мейірімділігіңіз бен сабырлылығыңыз, керек десеңіз, көзге көрінбейтін көптеген қатпарлы еңбек-бейнеттеріңіз. Отағасының сыртта жарқырап, кісілік айтып жүрген себебі — от басы, ошақ қасындағы тыныштық пен таулықты сіз темірдей берік тәртіп-тәрбиеңізбен, сақадай сай сақтап

отырсыз» — деп, азғырғандай болады.

Ерлі-зайыптының арасындағы таза сезімнің жібі үзіліп кетсе, ешқандай рухани жақындық болмайды. Мұндай мәнсіздікке еш жол берілмеуі керек.

Рекең желкілдеген жігіт шағынан бәдігін сапырып, бала-шағасының мазасын алатын бәтуәсіз жан емес. Сөйлер сөзін де, айтар ойын да анық біледі, артық сөз шығын қылмайды. Көңіл-күйі төмен, халахуалы жайсыз көрінсе, түпкі бөлмеге өтіп, тарс ұйықтап қалады...

Қазақ астарлап сөйлеуге, мақал-мәтелге, ән-жырға шебер халық. Сөз қадірін білетін, орынды сөзге тоқтап, «ат-шапан айыбым» — деп, кәде жасайтын ұлттың бүгінгі ұрпақтары «Жақсы — тауып айтар, жаман — қауып айтар» дейді. Тауып айтып, тура төсеген кісі ортаға сыйлы, қауымға қадірлі болады.Алаштың алдаспан ақыны Мұхтар ШАХАНОВтың:

«Асыл жарым!
Жайнаған жасыл бағым!
Бағаласаң бақытыңмын,
Сағынсаң қасыңдамын.
Арманды дара қумаймыз,

Құстың қос қанатындаймыз» — дейтін рухты сөздерімен шырқалатын мұқым қазаққа танымал әуезді ән бар. Әрбір жас перзенттерінің болашақ өмірі мен тағдыры үшін «Арманды дара қумаймыз, Құстың қос қанатындаймыз» — деп, қол ұстасып, кедергі-қиыншылықты бірге жеңуге дағдылануға тиіс.

Отбасындағы перзенттердің татымды тәлім-тәрбие алуы: қыздың еркін өсіп, әдепті-арлы болуы; ұлдың өзіне деген салмақты сенімінің нығайып, бойындағы жайсаң жігердің атойлауы — асқар таудай әкесінің арқасы.

Алла Тағала әйелдер қауымына қаратып айтады екен: «Әйелдің мойнындағы күйеу ақысы — сендердің мойныңдағы Менің ақым секілді. Күйеуінің ақысын орындамаған әйел — Алла Тағаланың ақысын орындамаған болады» — деп...

Рекеңнің қаталдау мінезінен жүрегі қайтқан біреулер: «Қасқырдың етін жегенсің бе, қалай төтеп беріп жүрсің?» — дейді.

Сонда мен қысқа қайырып: «Қайдам, жолдың арғы бетінде айқайлағанда — Рекемнің дауысы жер жаратын шығар, бірақ, бергі бетке өткен соң, бетегеден биік, жусаннан аласа болады...» — деген уәж айтсам, жұрт жапатармағай, жапырыла күледі...

...Мен тағдырыма — тәнтімін, өміріме — өкпем жоқ, Рекемнің рақымына — бақилық қарыздармын! Ғұмырлық қосағымның мейірімді мінез, қайырымды қасиеттерін түгел айтып, тауыса алмаспын. Бұл — құдыреті күшті Алла Тағаланың мендей пендесінің пешенесіне жазған баға жетпес сыйы...

ЖАҒАДАҒЫ ҚҰНДЫЗ

Ақмарал Рақымқызының жан сыры

...Қырқадан асқан қырық төрт жасыма дейін, отбасындағы төрт ұлдың ішінде тұлымы желбіреп ерке өскен жалғыз қыз болсам да, әкемнің жүзіне тіке қарап, бірде-бір рет қарсы сөз, бөтен пікір айтқан емеспін, бәлкім, таза тәлім, темірдей тәрбиенің мықтылығы шығар...



— Қазақы отбасы баланы еселі еңбекке, айналасымен тіл табысып, үйлесімді өмір сүре білуге үйретуден бұрын — бұрымды қызының ар-абыройын көздің қарашығындай қорғаштап, «Қызға — қырық үйден тыйым» деген қырағылықпен қатар, «Қызды асырай алмаған күң етеді, Ұлды асырай алмаған құл етеді» дейтін даналықпен мейлінше мейірім-шапағатын төгіп, ерке-еркін өсірген...

— Баланың бәрі әкесіне арқа сүйейді, пір тұтады. Мен әкемді қатты құрметтеймін, айрықша жақсы көремін, ерекше сыйлаймын. Жан әкем жағдайымның бәрін жасады: бақты-қақты, өсірді-жеткізді, оқытты-тоқытты, тіпті, баспана салып берді. Үлкен отбасына келін болғанымда: «Қызым, сен менің жүрегімнің шаттығысың, сезімімнің нәзіктігісің. Сенің бақытың мен баяның, бала-шағаң мен болашағың үшін қолымнан келген кез келген нәрседен аянбаймын. Тек, құдай қосқан қосағыңа, құтханаңа әкеңнің жәрдемін міндетсінуші болма!» — деп, ескертіп, аманат қылды.

Осындай орасан ойлы, терең парасатты әкеден айналып кетпеймін бе! Алыстан көздеп, алдын-ала ескерткені: әке дәулетін міндетсініп, ошағының берекетін алмасын, дегені екен...

Әкемнің мінезі де қайтымды: «шәй» десіп қалса, шәйі орамал кепкенше, ұмыта салады. Не деген кешірімшілдік деші! Әкемнің қайырымы мен қайтымдығы — менің болмысымда да сақталған тәрізді. Әкемнің күйеу баласы, яғни, менің жолдасым: «Әкең сияқты екпіндеп келіп, екі аттайсың да, ұмытып кетесің» дейді. Үш бала, төрт қыз өсірген қайын атам: «Келінімнің қайтымды мінезі — керемет. Шіркін-ай, сол мінез менің бала-шағамда болсашы...» — деп, армандайды...

«Күйеу бала» дегеннен шығады,қазақтың әдет-ғұрпындағы «күйеу балаға төс тарту» деген салтты көп іздеп, еш жерден таппадым, ешкім де анықтап айтып бере алмады. Бірде әкем осы бір түйінді оп-оңай шешіп берді:«Қызым, күйеу балаға төс тартудың мағынасы былай: алдымен, «күйеу бала — екі қабырғалы елді төспен біріктіргендей, сіңімді болсын» деген ниет, содан кейін, «күйеу баланың тұрмыс-жағдайы — төс секілді майлы болсын, туған-туысына жайлы болсын» дейтін ырымнан шыққан». Бұл даналықты —көлденең көк атты біле бермейді.

Менің әкетайым көпті көрген көреген, қандай мақтауға да әбден лайық асыл адам, кейде ойлаймын: шын қадіріне, шынайы бағасына әлі де жете алмай жүрміз-ау...

— Төрт тарапты түгендеген төрт ұлдың ортасындағы жалғыз кейуана әженің ерке қызына жаңа отбасына сіңісу — жеңіл түспеген шығар...

— Әжеме арқа сүйесем де, артық кетіп, еркетотай болмадым. «Жалғыз қызбын» деп, жалқауланып, жатып алмадым. Кейуана қабағымен білдіріп, ыммен жұмсайтын. Қабақты танып, ымды білген — өте пайдалы екен. Өзбала-шағама да кейуананың қасиетін, кемпірдің тәлімін сіңдіре алсам, жарар еді...

Негізі, біз — қазақтар — мұсылман жұртымыз. Ата-бабамыздың асыл діні — қымбат қазына, ұлықты ұстанымымыз. Әлбетте, бір адамдар намаз оқып, ораза тұтып, исламды тиянақты ұстанады; келесі біреудің — шариғаттан алыстау болуы да ықтимал. Бәрібір, дінің мен діліңді, тұқымың мен тегіңді —көздің қарашығындай қорғаштауың керек.

Қазақтың бесігі — ізгілік нұры мөлтілдеген Ислам дінінің аясында тербеліп келген. «Алла адамды бір тамшыдан жаратып, бейнеледі. Сосын, оның жолын оңайластырды» — деп жазады, Қасиетті Құранда.

Ұлтымыз еркіндік алған соң, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бергі кезеңде дүниеге келген, саналары дінсіздікпен уланбаған жастарға аса қызығушылықпен қараймын. Біздің қатарластар кешегі советтің кезінде — дінсіздік дәуірін бастан өткіздік. Соның өзінде қа-

зақ қызы жігітке қолын да ұстатпайтын. Қыздың бетінен сүю деген ой — жігіттерде де болмайтын.

Десе де, бүгінгі жас ұрпақтың арасындағы ислам дінінің діңгегін тәрк етіп, батыстың батпағына батқан қайсыбірінің қасиетсіздігін мүлдем түсінбеймін. Жеңіл жүрісті адамнан — таза да текті ұрпақ ешқашан туылмайды. Қаттырақ айтсам кешірерсіз: егер асыл тұқымды қаншық — көшедегі қаңғыбас итпен шатасса, (тіпті, күшіктемегеннің өзінде) бұл қаншықтан ешқашан текті төбет күтуге болмайды...

Адасқан адамның — өзінің тұқымын құртатындығын әрбір жас қыз терең түсінуі керек. «Күнәден пәк» деген сөз — қыздың ар-абыройы болуымен қатар, ең жоғарғы бағасы. «Есік көргенді алма, бесік көргенді ал!» деген аталарымыз нағыз данышпан!

Әжеміздің адуынды мінез, темірдей тәрбиесінен жаман болғаным жоқ. Түрмысқа шыққаныма жиырма бес жыл толды: ыстық-суықты қатар көрдік, ыдыс-аяқ та сыңғырлады, тар жол, тайғақ кешу де кезікті. Бабаларымыз баяғыдан: «Астың дәмін келтірген — тұз әулие, Елдің сәнін келтірген — қыз әулие» дегенде, басқаның босағасын аттаған қыздың өз жұртына ұят әкелмеуін жіті қадағалан.

Мені көп қиядан құлатпай, аман алып шыққан: кемпірдің «төзім туралы толғамы».Төзбеген адам — сезбеген адам. «Қыздың жолы — жіңішке», «Ер-азаматтың —

қадірін біл», «Елдің адамы — әкеңнің атына кір келтірме», ««Шешесіне қарап, қызын ал» деген, анаңның абыройын ақ сүттей таза сақта», «Бауырларыңның намысын ойла, беттеріне салық болмасын», «Өз ошағыңның өзегін ешкімге, ешқашан, ешнәрсесін білдірме» т.с.с.кейуананың сөздері — қандай да қисықтан — түзу алып өтті. Ата-анам мен бауырларым қызаратын қылық жасағаным жоқ, өз ұрпағымнан да осындай қадір-қасиетті күтемін...

— Ұлтымыз қыздың тәлім-тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген ғой...

— Қыз тәрбиелеу — қашанда қиын. «Қыздың аңқауынан сақта,Ұлдың жалқауынан сақта» демей ме қазақ, әсіресе, қазіргі құбылмалы өркениет заманында «Қызға — қырық үйден тыйым» деген мықты үрдіс, батыл бақылау — еленіп-еселеніп, қатты күшейтілуі керек. Мектепте: «Қыздар есейгенде не істеу керек?» деген тақырыпта аптасына бір рет сабақ оқытса, артық болмас еді. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің келеңсіз жағдайға ұшырауы — көңілге қаяу түсіріп қана қоймайды, тағдырлардың тас-талқанын шығарады. Қыз баланың жеңілтектігі, құдай бетін әрмен қылсын, ауыр қасырет. Қазақ өз ғұрпында «Жеңілтек болады» деп, қыз баланы қырқынан ерте шығармаған...

Неге бүгінгі жастар өздерінің баянды болашағына балта шабады, неге немқұрайлылыққа бой ұрындырады? Бұл үлкен сұрақ — мұқым елдің мазасын алуы керек. Өкініштісі: қоғамымызда бұл мәселе-

ге көңіл бөлу — мүлдем қалып барады. Бұл — жақсылыққа апармайды. Соңғы кезде қазақ телеарналары санасыздыққа біржолата бет бұрды. Қазіргі жаһанданууда жар салған қоғамның басты ұрандары: «Бір-ақ рет өмір сүресің, жақсы-жаманның бәрін көріп үлгер», «Жастық мәңгі тұрмайды, көркің мен күшің барда, қызық көріп қал», «Өмір — алдамшы, керегіңді тартып ал» деген сияқты сайтанның сандырағы мен адасушылық жолы.

Мен «азаматтық некеге» үзілді-кесілді қарсымын! Бұл — Еуропадан келген сайқымазақ, біздің мұсылмандыққа да, қазаққа да мүлдем жат нәрсе. Сәбилерін дәретханаға, жол бойына, қоқыс жәшігіне тастаудың жиілеуі; тастанды, жетім балалардың санының артуы — дінсіз батыстың зардабы. Қызғалдақтай құлпырған қыздарымыз — алтын бастарының құнын құлдыратпауы керек. Болашақ ананың арын сақтауы — өмірлік ұстанымы болсын! Күш-қуатты спортқа, өнерге, шығармашылыққа жұмсап, сабырды дос ету керек.

...Бала кезімде үйде құран оқытып, садақа береміз; той-томалақ өтеді, ақ жаулықты аналарымыздың көздері қырағы — тұлымы желбіреген жеткіншектерді сынап, байқап отырады. Сонда әжеміз: «Менің қыздарыма айтар сын, тағар мін таппады» — деп, мақтанып-марқайып отырушы еді...

Өз басым, мектепті бітіргенше, киноға аяқ басқан емеспін, бірде-бір отырысқа

қатыспадым. Концертке аға-жеңгелерімменмен немесе әке-шешеммен қолтықтасып бардым. «Әке тұрып — ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып — қыз сөйлегеннен без» дейтін қазақпыз, артық ауыз сөз айтпадық.

Үй шаруасымен, бала тәрбиесімен айналысқан; он саусағынан өнер тамған қолөнер шебері болған; түкті кілем, алаша, қоржындар тоқып, киіз үй жабдықтарын әзірлеген; қыздарының жасауын дайындап, құрақ көрпеше көркемдеп, жас отаудың жарасымын безендірген бұрынғы қазақ әйелі — саф алтындай асыл қазынамыз ғой. Бәлкім, сол себепті ме: «Бір жақсы қыз — екі жаман ұлға татиды» деген.

Қазір үшінші курста оқитын қызым бар, «заманынан мақұрым қалмасын» деп, аракідік аз-маз аттың басын босатып қоямыз, бірақ, келіскен уақытта, кесімде мезгілде әкесі барып, алып кетеді. Ал, мектеп қабырғасындағы балалар қатаң бақылаудың құрығында, еркінсуге рұқсат жоқ.

— Қазір «Баланы еркін тәрбиелеу керек», «Ойын ашық айтқызу керек», «Ешқандай шектемеу керек», «Балаға ұрыспау керек» деген секілді батыс психологиясы — қазақ қоғамына дендеп-еніп барады...

— Алты жасында қазақтың Ұлы Даласы, сайын сахарасында жайдақ атпен шалқыта шапқан қазақтың баласына бұдан артық қандай еркіндік, кеңқолтық кеңістік керек?!.

Еркіндік — еркелік пен есіруге айналып кетсе, қайтарға жол таппайсың. Әрнәрсенің шегі мен шекарасы болады. Қазақ жас ұрпағы есейгенде, ғылым-білімді дәріптеуге баулып, ақыл-ой тәрбиесінің негізі — терең ойлау мен пайымдау екендігін терең ұғындырған. Қазір ата-аналар «қит» етсе, мұғалімдерді күстаналауды әдет қылды. Бұл — түбірімен қате түсінік.

Әжем жиі айтушы еді: «Баланың құлағын көтерме!» деп. Сөйтсем, жас бала — жасыл қайың секілді нәзік те жұмсақ болады екен, қай жаққа майыстырсаң — сол жағына майысады. Қазіргі күні мыңсан телеарналар, компьютер, ұялы телефон т.б. өркениет құралдары — жас шыбықты әртарапқа тарта түсті. Осының әрбірі әрі кез келгені жасөспірімді орны толмас өкінішке ұрындыруы әбден мүмкін. Әлгі ватсап арқылы танысып, зорлық-қорлық көргендер көбейіп барады.

Бүгінгі мұғалім де шәкіртінің кемшілігін айтып, түзелудің амал-тәсілдерін көрсетуге құқылы. Қаттының салмағын білмейтін бала — жұмсақтың қадірін қайдан біледі?!.

Әкем мен анама да, бауырларым мен келіндеріме де кейде: «Бала мен қыз, немере мен шөбере тек сіздерде ғана емес. Тым еркелете бермеңдер! Жоқты түсінбейтін адам — бардың да берекетін білмейді. Пенде өмірде жоққа да — көндігіп, үйрену керек» деп, қатаңдау ескерту жасаймын.

Өз ошағымда әдейі «жоқ» қылатын

кездерім болады. Балаларыма қабағыммен аңғартқанымда, бас-аяғын жия қояды. Әсіресе, бесінші сыныптағы сырбаз балапаным менің «ым»-ымды күні бұрын түсіне қояды. Мысалы, «Ана балаға қара, қараусыз қалмасын» деген сөзді — дауыс шығарып айтпаймын, қызыма көзімнің қырын тастаймын да, жұмысыма кете беремін. Қас-қабағыма қарап тұрады, қошақаным!

...Әкем мен анамның алдын ешқашан кесіп өткен емеспін, әлі күнге дейін осы бір екі асыл жанның қас-қабақтарына қараймын. Екеуінің сөзі — маған бұлтартпас бұйрық, басты заң. «Қымбаттыларымның жағдайлары жақсы болса екен» деп, тілеймін тәңірден...

— «Қымбат» деген айрықша, асыл сөз ғой, кісінің тағдырындағы ең нәзік, ең осал тұсы шығар, бәлкім?..

— Әрнәрсені өзіңнің басыңа түспей, түсінбейді екенсің. Менің жиырма бір жасар балам қайтыс болғанда нағыз қымбаттың не екендігін, қымбаттың қайғысы мен құнын жете түсіндім...

Жаным жылап, жүрегім жарылып тұрса да, ішімдегі бүкіл запыран-шерімді әке-шешеме айта алмадым. Күллі қасыретімді ішіме жасырдым, ешкіммен бөліспедім. «Денсаулықтары сыр бере бастаған ата-анам ауыр уайымға салынып, күйзеліп-күймесін» дедім...

Бірінші сыныпты бітірген кішкентай қызымның айтқан: «Мама, сіз бізге де керексіз ғой, сіздің енді біз үшін өмір сүруіңіз

керек» деген бір ауыз сөзі — ес-түсімді де, етек-жеңімді де тез жинатты...

...Араға небәрі екі жыл салып, жан бауырым Ерқанат қапияда дүниеден озды. Әкем бір жеті есі кеткен кісідей етпетінен түсіп, тапжылмай жата берді...

Өзіме қанша ауыр тисе де, әкеме жаным ашып, айттым: «Әке! Бұл қасыретті құдай менің басыма да салды ғой, сонда мен әйел басыммен сізге келіп, жылағаным жоқ...»

...Қайран әкем әбден болдырып барып, әрең есін жиды...

Мен де «кемпірдің қызымын» деп, қамшылап жүре беріппін, қырық күннен кейін ғана әке-шешеме, келінім мен жетім қалған балаларына бауырымның қазасының өте ауыр тигенін көріп, өзімнің де батпан соққы алғандығымды сезгенде, естүсімнен айырылып, кескен талдай құлап түстім...

Ауруханада байланыс құралдарын қолдануға болмайды, шамамен, оншақты күн ешкіммен хабарласып, сөйлеспедім. Әкемнің де денсаулығы сыр беріп, орыс жеріне емделуге кеткен. Бірақ, қайғы жұтқан анашым мен көкірегі қарсы айырылған әкетайым ойымнан бір сәт те кетпеді. Күйеуім де өз әкесімен сәл түсінісіңкіремей жүр еді: «Сен қалай шыдап жүрсің?» — деймін...

Өзім әкемнің дауысын бесінші күн естімей, біртүрлі тұншығып, жарылып бара

жатқандаймын. Шыдамадым, видео-байланыспен сөйлестік. Әкемнің көңілі босағанын сезіп тұрмын, мен өз-өзімді мықтап ұстап, күш-қуатымды бойыма жиып: «Әке, болды! «Ауырыптұрдың — аунап тұрдың» деген, жинақталыңыз! Бала-шаға, ел-жұртыңыз, Ерқанаттың жауқазындай жас балалары күтіп отыр, Сізді!» — дедім жігерлі дауыспен...

Сөйтсем, кейін жолдасым басын шайқап: «Сен не деген қатты адамсың» дейді. Өзімнің ішім өксікке толып, жарылайын деп тұрсам да, «әкемнің сағы сынып қалмасын» деген ниетте болдым...

Артынша тағы бір бауырым қатты науқастанып қалды, кіл ұлдардың ортасындағы жалғыз қыз бала болғасын ба, әйтеуір, отбасыма түскен ауырлық, алдымен, менің нәзік жүрегіме тікендей қадалады...

— Ұлдардың, әке-шешенің арасында «мейірімді дәнекер болсын» деп, осы отбасына Алла Тағала сізді әдейі нәсіп еткен шығар...

— Әкем мен шешем қасымда, отбасым бауырымда: мен бақыттымын. Тіпті, келіндерге айқайшымын. Келіндеріміздің бәрі жақсы: кез келген жиында бәрін жиып-теріп, тастай қылып, тазалап кетеді. Анама айтамын: «Құдайға шүкір, әкемнің несібелі дүние-малы, дәулеті екеуіңізге беймарал жетеді: ойланба, жандарыңа не керек, бар нәрсені жеткізіп беремін» деп...

— Негізі, данышпан бабаларымыз бір әулетке бас болып, бағыт сілтейтін бір кісінің керектігін түйсініп, отбасындағы қарияның тәрбиесімен тәлімдеген. Ал, қыз бала — мейлінше мейірімді, әйдік әділ болады.

— Кемпірдің тәрбиесі — жер бетіндегі көптеген кітапта жазылмаған заң, табиғи тылсым. Қазір кейуананың өсиет сөздері мен қазақтың даналықтары үтір-нүктесіне дейін сәйкес келетіндігін түсініп, таң қаламын. Ұлы Даланың данышпандары екен, қарияларымыз: ақ жаулықты аналарымыз бен ақсақал аталарымыз. Небір наркесті академиктеріңізді шаңына да ілестірмейді.

Өмірінің соңғы жылдары кейуананы аптасына бір мәрте моншаға шомылдырып, жуындырып-шайындырып, үйіне жеткізіп тастайтынмын. Бірде: «Қызым, мен түйіліп жатырмын: бір сырқат дендеді-ау...» — деді. Осы заманның шәйнегімен екі шәугім шәй ішетін еді, келесі кесені беріп: «Е, құдай сақтасын!» — деп, көңілін жеңілдеттім...

Әжем мамыр айында қатты ауырды. Кенет, жаздың күндері ғұмырында бүрге көрмеген кейуана сұмдық биттеді. Бәріміз жабылып, мұнтаздай тазаладық...

Қыркүйекте аяқтан қалып, жығылды. Мені шақырып алып былай деді: «Қызым, менің үш қызым бар. Мен өлгенде, сол үш қызым ғана шын жылайды. Сен БІРІНШІ КҮНІ — мені жоқтап, тапжылмай отыр; ЕКІНШІ КҮНІ — сыртқа шығып, тірлік істе:

шешеңді мазаламай, әкеңмен ғана ақылдасып, келіндердің сұрағанын алдырып, жағдайын жаса, «жетпейді» деген болмасын!» — деді.

Ал, дүниеден озардан бір күн бұрын тілден қалды: ымына менен басқа ешкім түсінбейді. Менің шешем мен оның абысынын, анамның соңынан ерген екі келінін — төртеуін түгел шақырып алып, алдымен, менің шешемнің қолын жайды да, абысын мен екі келінінің қолын анамның алақанына қойып, біріктірді. Тіл жоқ. Ыммен, қимылмен ғана ұғындырды. «Төртеуің тату болсаңдар, менің ұлдарым ешқайда кетпейді» дегені...

— Өнегелі өсиетке келіндері адал бола алды ма?

— Үй шаруасындағы әйел — менің анамның алдынан ешкім кес-кестеп өтпейді. Анамды бәрі «әпке» деп атайды. Тіпті, туған қызы — мен де «әпше, тәте» деймін. Әжемнің күллі келіндері, құдайға шүкір, бірауызды, тату: кейуананың өсиетін бұзған жоқ.

— Баяғы бабаларымыз: «Жақсы қыз — жағадағы құндыз» деген, әрбір қазақтың қызы өзіңіздей болсын...

— «Қазақтың қызы» демекші, от басы, ошақ қасынан бөлек, менің жанымды қазақ қыздарының тағдыры қатты алаңдатады. Әсіресе, өмірлік серігін таба алмаған немесе тағдырдың тәлкегімен ажырасып, жалғыз қалған қыздар мен аналарға жүрегім сыздайды. Қазіргі қазақ қоғамында

төрт жүз мыңнан аса жалғызбасты ана бар, олардың жағдайлары ауыр. Мемлекет тарапынан қолдау өте әлсіз болғандықтан, іргесін бөлген көптеген еркектер өзінің жұмыс орнын, жалақысын, табысын жасырады. Ал, шетелге қыз берсе, қыруар салық салған Түркіменстан бүгінде шетелде жұмыс істейтін қыздарын елге қайтарып, қамқорлық жасауда. Қазақтың қызының тағдыры — төл елінде аса өзекті мәселенің біріне айналып отыр.

— Бір қызығы, қыз баланы қызғалдақтай мәпелеп өсіретін қазақ — оның перзенттерін «ел болмас» дегендей сөздермен кежегесі кейін тартыңқырап тұра ма өзі, қалай?..

— Мұның еш құпиясы да, қиямпырлығы да жоқ. Әншейін, бауыр етін кесіп бергендей әзер ажыраған қызғалдағын қиядан ұрын келіп, ұрлаған —күйеу балаға көрсеткен қыры ғой. Әйтпесе, көз алдында аққудай таранып ерке өскен елігін еркелетіп: «Жиен неге ел болмасын — жайлы болса, желке неге ас болмасын — майлы болса» — демес еді...


veter_rock

ТӘУЕКЕЛ ТАУ ЖЫҒАДЫ

Айдар Рақымұлының әңгімесі

«Әке тұрып ұл сөйлесе – ержеткені, шеше тұрып қыз сөйлесе – бойжеткені» дейді жақсы жұртымыз, әлемнің жарығын – анамыз сыйласа, жалғанның қыр-сырын – әкеміз үйретті...



Өткен ғасырдың тоқсан төртінші жылдары мектеп бітірген барлық жеткіншек түгелдей күндізгі оқуға ағылып жатқанда, әкем маған: «Оқу-тоқудың төресі — өмірдің өзі, сен сырттай оқуға түс, еңбекке машықтан, отбасына қолғабыс ет!» — деді.

Содан бақандай он бес жылдай әкемнің қолында, төл тәрбиесінде болдым. Бар білгенін үйретті, бар тәрбиесін берді. Ештеңеден аянып қалған жоқ. «Білмеу — ұят емес, Үйренбеу — ұят!» деген өсиет сөз бар, халқымызда. Шама-шарқымыз жеткенше, тәлім жидық.

Американың 16 президенті Авраам Линкольн: «Әкем маған жұмысты сүюді емес, жұмыс істеуді үйретті» депті ғой, менің тағдырым да дәп сондай болды. «Мұсылманшылық — әсте-әсте» деп, біртіндеп бел қатайтып, там-тұмдап тәжірибе жинақтадым. Әкем әралуан кәсіптің сыры терең салаларын, құпия-қырларын тәтпіштеп санама құйды. Басшылыққа дейін дәрежем өсті. Оншақты жыл бұрын жү-

ген-ноқтамды сыпырып, ақжол тіледі. Мен жеке кәсібімді ашып, бөлек шықтым. Бірақ, бәрібір, бір аулада тұрамыз, біргеміз...

— Әкеңіздің қай мінезіне ұқсағыңыз келеді?

— Құдай берген барлық мінезі — мен үшін өшпес өнеге: ұрысқаны — есіңді жиғызып, жігеріңді қайрайды; айналғаны — жүрегіңді ерітіп, мейіріміңді молайтады. Ешбір есті әке — перзентіне жамандық тілемейді. Менің әкетайымның әрбір ымы, әр сөзі, әр қасиеті — біз үшін ешқашан тоқтамайтын, тәлімі терең терең таза су, ағын су секілді. Қозғалмайтын көлдің суы ғана борсиды, өзеннің ағуынды суы — қашанда мөлдір. Атамыз қазақ: «Ағын су — арнасын табады» демекші, әкемнің әр перзенті өз тағдырының тағылымды арнасымен ағып жатыр...

— Алаш арысы Міржақып Дулатұлы: «Әкеде де — әке, балада да — бала бар» деген екен, өз ошағыңыздың бұзықтарымен таныссақ...

— Қазақтың бір ырымы: «Сәби шалқасынан жатып башпайын тістесе, «үйірін шақырып жатыр» деп ырымдайды. Яғни, оның соңынан тағы бір перзент туылады деген сөз». Келесі бір келісті ғұрпымызда: «Сәби шалқасынан жатып ұйықтаса — елге белгілі азамат болып өседі, етпетінен жатып ұйықтаса — ойшыл болады» дейді. Құдайдың берген құлындарының санын айтпайтын ұлтымыздағы осы айтылған қасиеттерді бойына жинаған жақсылар да

біздің ошағымыздың басында жүр...

— Қазір заман басқа, заң басқа: «балаға ұрыспау керек», «баламен дос болу керек», «баланды тәрбиелеме — өзіңді тәрбиеле» дегенді жиі еститін болдық...

— Жаңаның бәрі — жасампаз болмайды. Өркени өсиеттің қайсыбірінің қазақи түсінікке сәйкес келмеуі мүмкін. Әрбір ұлттың өз болмыс-бітіміне тән, қаны мен тегінен тікелей тарайтын әдет-ғұрпы қалыптасқан.

Қисық кетпейтін, бірдеңе бұлдірмейтін бала болмас. Әкеміз аптығымызды басып, ақылын айтатын: ненің дұрыс, ненің бұрыс болғанын саусақпен санап беретін. Перзенттеріме: «Үлкен кісімен алдымен амандасыңдар, құрметпен орын беріңдер», «Есті кісінің ақылы кемел, айтқаны шындық болады: қарсы шықпаңдар, теріс сөйлемеңдер», «Кез келген істі ақылға салып, терең ойланып шешіңдер», «Кішіге қамқор болыңдар» деп, ата-бабамыздың асыл мұрасымен сусындатуға тырысамын.

Біз де бала әрі шала болдық. Кейде артық кеткен, кейде жетіспей жатқан жерлеріміз кезікті. Әкем сонда: «Мына тірлігің дұрыс, шамалап бүйтсең, орнына келеді, тым асыра сілтеме немесе ерте туып, кеш қалма» — деп, түзу бағыт, тура жолға сілтейтін. Сол тәрбиені өз бала-шағама үйретіп жатырмын.

Қазір жастарды азғырып-тоздыратын қарекеттер қаптап кетті ғой: студент екі баламды қадағалап: «Жастықтың қадірін

біліңдер, білім-білік жиыңдар, мағынасыз қыдырудан — ертеңіңнің кірпішін қалаған артық» — дегенді, саналарына сыналап құямын.

Адам жаман әдетті — жылдам үйреніп алады, жақсылықты сіңіру — анағұрлым қиын. Ел басқарып, кісі болып жүргеніміз — әке-шешеміздің татымды тәлімі мен тағылымды тәрбиесінің нәтижесі.

— «Өнерді үйрен де — жирен» деген нақыл бар, кәсібіңіздің қыр-сыры жариялауға жатпайтын құпия-қатпарлы ма?

— Еш құпиясы жоқ. Құрылыс кәсіпорным бар. Басқа да бірнеше саладағы кәсіппен айналысамын. Есейіп-ес кірсе де, әке-шешеміздің алшақ кетпей қасында тұрамыз, ақыл-кеңесіне мұқтажбыз, қолғабыс та жасаймыз.

Әрбір жаңа шаруаны, тың жобаны бастарда алдында жүгініп, ақ батасын аламыз. «Жаңбырмен — жер көгерер, батамен — ел көгерер» дейтін жұрттың ұланымыз, әгәрәки, ата-анамыздың батасын алуға уақыт жетпей, елеп-ескертпесек, аттап кеткендей қысылтаяңға жолығамыз. Құдауанда, үлкендердің өкпе-реніштерінің ызғар-назы ма екен, жолымыз жабылып, жалымыз жығылып қалып жатады; алға басқан аяғың — артқа тебеді. Баяғыда әкелеріміз айтатын: «Маленков берген байталды, Хрущев келіп қайта алды» дегеннің кері келеді. Жасыратыны жоқ, әке-шешемнің ақжарма тілегі талай ауыр асулардан алып өтті...

— Кіндігінен шыққан балаларын бір аулаға топтастырып, жекелеп отау тігіп беру — мұсылман жұртының ғибратты ғұрпы. Бұл ескі өнеге, көне қадет — бүгінгідей өрісті күндері аяққа тұсау болмай ма?

— Атадан қалған асыл мұраның бірі — әдет-ғұрпымыз. Жер бетіндегі ұлттың бәрі біркелкі емес, әралуан. Әрбірінің өзіне тән түрі мен тілі, ділі мен діні, салт-санасы мен әдет-әдебі бар. Менің өзім де: «Бес күн тіршілікте қасымда отырсын, ауылы алшақ кетсе — арасы да алыстайды, бір-біріне мейірімі мен жанашырлығы суымай, мықты болуы үшін күнде көрісіп жүрсін» — деген ниетпен және, әлбетте, әкемнің үлгісімен төрт балама бір жерден жер алып, дайындап жатырмын.

Қазақ «Алыс туысыңнан — жақын қоңсың артық» дейді, бұл — өте өміршіл әрі суық мәтел. Бауырмал болып, бөлек кетпеуі үшін — іргесі жақын болуы абзал.

«Іргесі берік елді,
Жау ала алмас.
Ауызы бір елді,
Дау ала алмас».

Біздің үлкендердің өмірі мен тарихы, сөзі мен тәрбиесі — тұнып тұрған тәлім. «Бөлінгенді — бөрі жейді», «Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол» деген де баяғы бабаларымыздың базынасы.

— Ер адамдардың сыйысуының жара-

сы жеңіл болар, әйел адамдардың ара-қатынасында алынбас асулар жиі кезігеді...

— Әкеміз бала кезіміздең: «Менің көзімнің барында бастарың біріксе, кейін де тым алшақтай қоймассыңдар: сағынып-сарғайып тұрасыңдар» — деп, санамызға бірлік пен бауырмашылдықтың дәнін екті. Мен де өз балаларыма осы даналықты өнеге етемін.Біздің ортақ ой, үлкен қазан, ұлықты уағдамызға тоқтап үйренген әулетіміздің әйелдері — жеңгелер мен келіндер:

«Ағайын тату болса — ат көп,
Абысын тату болса — ас көп» — деген ұстанымммен достасқан. Балаларымыз бен немерелеріміз ауланың шаңын шығарып, күндіз-түні бірге ойнайды...

— «Бірге тумақ бар, бірге өлмек жоқ» дегенге не дейсіз?..

— Абай ақынның өзі қазақтың қайсыбір мақал-мәтелдеріне қарсы уәж тапқан. Бетін әрмен қылсын, жалғанның соңын ешкім білмейді. Бірақ, бірге тумақ болса, бірге жүрмек неге болмасын? Бір туған бауырлардың бірге жүріп-тұруына — кім қарсы келеді? Керісінше, бірлігі мығым әулетте түсінбестік пен ешқандай кикілжің болмайды. Біздің жолдас-жора, көрші-қолаңымыз да береке-бірлігі жарасқан жайсаң жандар.

— Әкеңізде сізді таң қалдыратын қасиет бар ма?

— Өзіне талапшыл әрі өзінің қателі-

гін ашық айтып, толық мойындап, түзетуге ерінбейді. Өз басының кемшін-мінін білу, анықтау және түзеуге тырысу — кез келген адамның қолынан келмейді. Айталық, менің әкем Дәуіт пайғамбардың кәсібімен айналысқандықтан, оның өмірі мен ғибраты турасында жиі әңгіме айтып, мысалдар келтіреді.

Соның есте қалған біреуі — Алла Тағаланың жаратқан кез келген жанды-жансыз нәрсесін қорашсынбау, кекетпеу-мұқатпау, мазақтамау және ризалықпен қабыл ету. Бірақ, пенде тағдырында көбіне әлсіздігінен — таяқ жеп жатады.

Бірде орынтағында Зәбүр оқып отырған Дәуіт пайғамбар сүйретіліп, әрең кетіп бара жатқан өзгеше түсті бір қасқырды көріп: «Ішінен: «Апыр-ай, бұл қасқырды жаратудағы Хақ Тағаланың мақсаты не болды екен?» — деп, таңданады. Сол кезде Алла Тағаланың құдіретімен тілге келіп, сөйлеген қасқыр: «Әй, пайғамбар! Күн сайын күндізгі уақытта мың рет: «Субханаллаһи уәл-хамду лиллаһи уә лә иләһа иллаллаһу уаллаһу әкбар! (Алланы пәктеймін, мақтау айтамын, Одан басқа тәңір жоқ, Алла — ең Ұлы!) деуді — Алла Тағала маған міндеттеді. Ал, түнде тағы да мың рет: «Аллаһумма салли ала сәйидинә Мұхаммадин нәбиил-умиил уә алә әлиһи уә сахбиһи уә сәллим! (Аллаһ Тағалам, оқу-жазу білмейтін пайғамбарың Мұхаммедке, соның ұрпақтарына, сахабаларына рақымыңды төк, саламаттық бер!)» деуімді міндеттеді. Сен өзің зікірді қайтіп айтасың, білдірші, мен

де тыңдайын?» — депті.

Мұны естіген Дәуіт пайғамбар қасқырдың кейпін сырттай қорашсынғанына өкініп, тәубесін қайталай беріпті...

— Ұлтшылдық — ұлық артықшылық па, әлде, саяз әлсіздік пе?

— Алдымен, әкемнің ешкімді ұлтына қарай бөлгенін көрген емеспін. Адамды әлеуметтік немесе туыстық дәрежесіне қарай алаламайды, бәрін бір кісідей көреді. Бәлкім, бұл — совет адамдарының санасына сіңірілген «Ұлтқа бөлу — мәдениетсіздіктің ең төмен түрі» дейтін қағиданың әсері немесе сарқыншағы шығар. Екінші жағынан, «Ұлтқа бөлу — мәдениетсіздіктің ең төмен түрі» деген совет билігінің тізгінін ұстаған орыс ұлты — басқа ұлттарды басып-жаншыды емес пе? Алаштың арыстары түгел ұлтшылдар болды. Әлгі совет билігі ұлтшылдықты — өздерінің бойына тарап кеткен шовинизммен шатастырып алды.

Ұлтшыл болу — бөтен жұрт, басқа ұлтты кемсіту емес, керісінше, өзіңнің туған ұлтыңды шынайы сүю және жан-тәніңмен қорғау. Тәуелсіз Қазақ Елінің әрбір қазағы — ұлтшыл болуға міндетті. Отанды, еліміз бен жерімізді, аналарымыз бен қыздарымызды жат дұшпаннан, сыртқы жаудан қорғау — адал парызымыз.

— Бұл ұстанымыңызбен әкеңіз келісе қояр ма екен?

— Қазір мен қырықтың қырқасынан

асқан, қазан-ошағы мен кәсіп-нәсібі бар жігіт ағасымын. Демек, өз көзқарасым мен тұжырымым да қалыптасқан. Тәуелсіз Тұран топырағының, еркін Қазақ Елінің толыққанды перзентімін.

Әкемнің: «Ешкімді бөле-жармаңдар, ұлт-ұлысын бетіне шіркеу қылмаңдар, қолдарыңнан келсе, көмек беріңдер. Ешуақытта, ешкімнің ақысын жемеңдер!» — деген ғибратын қаперге аламын. Меніңше, бұл — жүрегі таза, ділі әділ адамның қасиеті. Әкем ешқашан біреудің баласын сөкпейді, кемшілікті жаттан іздемейді, қандай жағдайда да: «Өз үйін, туған баласын» қамшының астына алады. Мүмкін: «Жақыныңды — жаттай сыйла, жат — жанынан түңілсін» дегені шығар...

Дей тұрғанмен, «Әр заманның — өз сұрқылтайы болады» демекші, жаңа уақыт, тың талпыныстар — бетегелі белес, асқаралы асулардан асуға жетелейді. «Бірлік қайда болса, ерлік сонда. Еркіндік қайда болса, елдік сонда» деген, елдің, жердің, ұлттың, мемлекеттің мұрат-мүддесі — әрбір адал азамат, пайымды перзенттің басты қағидасы болуы керек.

— Кәсіпкерлік тәжірибеңіз алыстан менмұндалап тұр екен. Өз кәсібін бастаудың табалдырығындағы жастарға қандай қысқа кеңесіңіз бар?

— Кәсіпкерлік — жеке болғанымен, оның нәтижесі — халыққа ортақ. Демек, елдің алдындағы жауапкершілікті ұмытпау керек. Жалпы, елдің, халықтың тағдыры-

на жауап беретін тұлғалар, әрбір істе қызбалыққа салынбай, сабырлық танытып, «Әліптің артын бағып», ойланып-толғанып әрекет жасауға тиіс.

Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың: «Билікке көтерілдім, бірақ, халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам — ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де — қара жер. Қастерлей білсем, қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да — ел, данаң да — ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім» — деп жазғаны бар.

Екіншіден, менің әкемнен үйренген қасиетімнің бірегейі — тәуекелшілдік. Қазақ: «Тәуекел — тау жығады» дейді. Десе де, тәуекелдің өзі — терең ақылмен, салқын сабырмен, есті есеппен, бағдарлы болжаммен таразылануы керек. Абай да: «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап...» — деген.

Бүгінгі таңда экономиканың нақты салалары — өнім мен өндірісін — ұқсата алған кәсіпкер ұтылмайды. Еселі еңбек, тынымсыз талпыныс — тың тыныс береді.



ТҮПСІЗ СУДЫҢ ТЕРЕҢІ

«Төрт қазығым түгел кезде – төрт құбылам түгел еді, жарқыраған жарқын өмірім сол кезде өте шыққандай... Бауыр етің дүниеден баз кешкенде, өртеген өкініш пен зілді запыран бойыңды толық жайлаған у тәрізді жайылады екен...

Құдай сақтасын, тәубе-тобашылық қылмадық па, мастанып-тасынып кеттік пе, Алланың назарына түсіп қалдық па, әлде, Жаратқан Иеміз ауырлау сынағын жіберді ме, білмеймін, кәдімгідей көңіл жығылып, сағымыз сынып қалды ғой, шырағым! Кеудесінен жаны ғана шықпаған пенденің бірі болып қалдық...

Қазақтың тілі өткір алмас қылышы, жазушы, марқұм Шерхан МҰРТАЗА ағамыздың: «Қолтырауын деген бір хайуан бар. Жемтігін жұтардың алдында көз жасын сығып-сығып алады екен де, қылғытып жібереді екен» – дегені бар. Ажал да сол секілді: қапыда жолығып, жермен-жексен еткенде, өкіруге де, өкінуге де мұршаң келмей қалады екен...»

Рақым көкенің көңіл-күнделігінен...



Қазақтың бала сүю сезімінің сұрапыл күштілігі, түйсіну-сүйсінуінің асқақтығы — ғажап! Ертеңгі күннің талап-мақсатымен үндес, өмір бойы өшпейтін-ескірмейтін өсиет-өнегені — аяулы аналарымыз ұрпағының бойына сәбиі ана құрсағында жатқанда-ақ сіңіріуге тырысып, тәрбиелей бастаған.

Ата-анасының көзайымы, қайырымды бауыр, адал дос, спортты жанындай сүйген, ұлтының көк байрағын желбіреткен Ерқанат Рақымұлы — өзінің аз ғана ғұмырында алдына асқар таудай биік мақсаттар қойған қажырлы азамат болды.

Түркістандай қазақтың — хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары — байыз тапқан киелі топырақтың абыройын асырып, беделін биіктеткен кәсіби спортшы жастарды тәрбиелеп, тыным таппады.

Әженің терең тәрбиесі мен әкенің өнегелі өсиеті — жас жігіттің жігерін жаныпп, қуатын күшейтті. «Жас болса да, бас болып», жауапты қызметтердің тізгінін

ұстады. Білімін — білігіне, тәжірибесін — танымына ұштастыруға машықтанып, әділетті шешім қабылдауға ұмтылды.

Бір қарағанда, мейлінше қарапайым көрінетін — жақсы мен жаманды, пайда мен зиянды таразылаудың тым шиеленісті екендігін — қаланың мұрат-мүддесін мәслихат деңгейінде қорғаған шақтарында түсінді.

Спорт саласы — Ерқанаттың жастайынан қыр-сырын меңгерген кәсібі ғана емес, ұлттық рух пен нағыз намысты жанудың киелі алаңы һәм азаматтың таңдап алған тағдыр даңғылы болды.

Ерқанат үшін «көпшіл болу» деген ұғым — қарасы қалың адамдармен араласу ғана емес, көптің қамын ойлау, қазақтың мұратын мансұқтау, дейтін биік мақсаттармен ұштасып жатты. Сол себепті, ақын Асқар Дүйсенбі:

«Кіндігін күннің кірпігі кескен,
Ізіне көктің дүркірі ілескен.

Алпамса кеуде, батыр ұл еді-ау!..» — деп, дауылдата жыр жазды, Ерқанат туралы...

Ерқанаттың түсінік-түйсігі бойынша, спорт, оның ішіндегі, күрес — физикалық күш-қуат пен рухтың адуын-салмағының өлшемі ғана емес, өріс-өрнегі терең нағыз өнер. Өнердің ғажайып сырын әйгілеу үшін — пайым-парасатпен қоса, рух пен сезім керек.

Ерқанат — ащы тер, тынымсыз ең-

бекпен бірге, мұқалмас рухты жігердің арқасында төрге шықты. Жалынды жас қазақ үшін күрес спорты — өмірмен күрестің баламасы секілді болды. Бойындағы атойлаған бұла намысты қайрап, ішкі һәм сыртқы кемшін-кедергілерді жеңіп, өз ісінің өршіл тарланына айналды.

Байрақты додаларда жеңістің рухымен оянған шадыман шаттық — еркін елінің көк туын желбіретті. Айтыскер ақын Бекарыс Шойбектің: «Мен білетін Ерқанат қазақтың қанына сіңген төл өнердің таңбасы болған жылқыға жаны құмар еді. Серкенің семізін бәйгеге тігіп, дүркіретіп көкпар беріп, шаңқаптырар шабандоздардың басын жиі қосатын» — деген әділ бағасы — күллі қазақ жұртының ортақ бәтуалы батасындай көрінді.

Түркістанның тарихи тағдырын мұнарлатып артта қалдырмаған айбынды алаш баласының бірі де — Ерқанат Рақымұлы болатын. Қазақтың атын шартарапқа танытқан иісі түркі баласының рухани астанасы — Түркістанға әлемнің түкпір-түкпірінен зиярат етіп, ағылып келіп жатқан адамдар киелі топырақта өздерін өз үйіндей сезініп, мейірі тасып, жүрегі жылынуы үшін — жас спортшы қаланың көптеген әлеуметтік мәселелерін белсене күн тәртібіне шығарып, нақты шешімін табуына ықпал етті.

Сарықыздай саңлақ кейуананың тәлімін бойына терең сіңірген көргенді жігіт әйгілі ғұлама Лұқпан хакім баласына айтқан: «Ұлым, даналық немесе хикметке

жеткің келсе, жүрегіңді өлі күйге душар етпе, міскін көрсең — бірге отыр; адамдарды мақтауға арналған мәжілістен қашық жүр; төмен адамдарды — қадірле, құлды — азат ет; ғаріпке — пана бол, пақырға — қолыңды соз. Осылай жасап дағдылансаң, көлденең қауіп-қатерден аман жүресің, бұл амалдар соғыссаң — құралың болады, жалаңаш қалсаң — шапаның болады» деген өсиетін — өмірінің қайыспас қазығы етіп қадады.

Қайран, қайыспас арысымыз, «Шәкіртсіз — ұстаз тұл» деп, өзі демеушілік жасап, шәкірттерін жетектеп жүріп, талай жеңістің тәтті дәмін татқызды. Ерекше адамдық қасиетінің жағымды үлгілері — шәкірттерінің жүрегіне мәңгілік өшпестей орнықты.

Жастығына қарамай, артына игі іс, өрнекті із қалдырған спорт майталманы жайында жазушы Көпен Әмірбек: «Ерқанаттың артында ізі қалды, Дариға, Бірғаным, Бөртедей қызы қалды. Әлихан мен Иманәлідей ұлы қалды. Қыпшақ қызы Мира келіннің жүрегінде сырғанақ өмірдің сызы қалды. Сыз да жылынар, сызат та жазылар. Ел есінде — Ерқанат қалды» — деп, тебіреніпті...

«Саусақ бірікпей — ине ілікпейді», ел ағалары, әулеті мен достары, ниеттестері мен шәкірттері ардақты азаматының дара жолын саралау мақсатында «Ел есінде — Ерқанат» атты көлемді кітап құрастырып шығарды.

...«Қызжібек» көркем фильмінде иесіз оралған ақбозатын құшақтаған сұлу Жібектің: «Өлгені Төлегеннің рас болса...» — дейтін күңіренген жүрек запыраны болушы еді, сорымызға қарай, біз — қазақ — қымбаттың қадірін көрге көміп тастағанда, бір-ақ түсінеміз...

Шындығында, қылшылдаған қызық күндерінің бірінде қапыда-қапияда бақилыққа кете барған Ерқанат батырдың ғұмырлық жары Мира да әлі күнге дейін осынау орасан әділетсіздікке көңілі сенбей, жүрегі илікпей: «Өлгені Ерқанаттың рас болса...» — деп өксігенде, көкірегі қарс айырылады...

Иә, «Жазмыштан — озмыш жоқ», қаншама қайғы жұтып, күркіреп-күңіренгенмен, кеткендер — қайтып келмейді екен...

***

Жыл құсы қайтып келмеді...
Ерқанаттың асыл жары
Мира Әнәпияқызының мұң-зары

...Жыл сайын ерте көктемде ашық аспанды толтыра қиқулап оралатын жыл құстары қайтып мәңгі келмейтіндей жаурауық жалғыздық сезімі бойды биледі... Ерқанатым — таза қазақы мінезді, бірсөзді, уәдеге берік, сертке сенімді тірегім еді...

***

— Бәрін басынан бастай аламыз ба?..

— Өзім Шымкент қаласында туып-өстім. Орысша тәрбиелендім. Қазақылық салт-сананы терең түсінбедім. Төрт түлік мал мүлде жат еді. Орта мектептен кейін Түркістанды тұңғыш рет көрдім. Алғашында жатырқап, үйрене алмай қиналдым. Ерқанатпен сыныптас болып, таныстық...

Әжесі мен әкесінің тәрбиесін көрген Ерқанат басқа сыныптастарға қарағанда, салмақтылығымен ерекшеленетін, жеңіл-желпілік жоқ. Бір ауыз сөзбен барлық нәрсені шешеді. Маған деген кіршіксіз сезімі — көп сөйлемей-ақ айқын байқалып тұрды. Сондай тілсіз-ақ түсіндіретін қасиетті — қайын атамның бойынан да байқадым...

— Жас ғашықтардың алғашқы сезімі, тәтті әңгімесі — бақыттың бастауы ғой...

— Біз басқа құрбы-құрдастарымыздай қағып-соғып, қыдырған жоқпыз. Екеуіміз де тым сабырлы-салиқалы болдық па, сезімімізге — ақыл-парасатты серік қылдық. Бүгініміздің берекесімен бірге, ертеңіміздің еншісін ойладық...

Көгершін өсірушілердің айнымас қағидалары бар екен: егер тұқымы жасық құс — асыл текті кептердің ұясын «бұзып» кетсе, оны бірден өлтірген. Өйткені, аналық кептерді нендей мықтымен жұптастырса да, бәрібір, қанаты әлсіз, түсі бөлек балапан басып шығаратын көрінеді...

Ал, біздің ақылман ата-бабамыз жеті атасына дейін қыз алыспаған. Сондағы мақсат — қан мен геннің тазалығын сақтау.

Ар-абыройын қорғау дегеніміз — тәннің тазалығы, жанның тыныштығы, дұрыс ойлап-байыптау, тұжырым жасап, пікір байлау.

— «Келіні жақсы үйдің — керегесі алтын» дегендей, өзіңіз орыстілді қаланың қызынан гөрі, ақсақалды ауылдың қазақы қызына көбірек ұқсап отырсыз...

— Ұрпағым өсіп жатқан құтты шаңырақ, өнегелі әулеттің әсері ғой. Қайыненеме өкпем жоқ, қал-қадерінше қазақылыққа төзімділікпен тәрбиеледі. «Келіннің — аяғынан, қойшының — таяғынан» дегенді әлімсақтан бері айтатын қазақ — келешектің тағдырын көбінесе келінге байланысты түсінеді. Келіннің беті ашылғаннан кейін сол жақтағы келінді енесі шақырып оң жаққа отырғызады. Бұл — келінді өзінің қызындай көретіндігін білдіріп, өз қызы отырған қадірлі орынға лайық еткені.

Айтпақшы, қайынененің кемеңгерлігі жайлы бір әңгіме естігенім бар еді... Бір қалада өзінің аспаздығымен, тағамдарының дәмділігімен аты шыққан бір кәрі әйел, ұлы мен жаңа түскен келінін кешкі асқа үйіне қонаққа шақырады. Үйде тағы бір қонақ болады. Баласы мен келіні дастарханға жайғасып, дәмнен алғандарында күтпеген жағдай орын алады. Анасының жасаған тамағы, адамның тәбетін қашыратындай өте нашар болады: тәтті бәліштерінен жағымсыз иіс шығып, қамыры жартылай піспей, еті күйіп кеткен. Келіншегіне қанша білдірмеуге тырысса да, ұлының жүзінен асты тәбетсіз ішкені байқалып қалады. Біраздан

кейін тамақтарын жеп болған жаңа жұбайлар анасының батасын алып, қоштасып үйлеріне кетеді.

Ұлы мен келінін шығарып салған кәрі әйелден қонағы: «Сіз тамақты жақсы пісіретін едіңіз ғой, неге бүгін тамағыңыз дәмсіз болды? Әлде, сырқаттанып жүрсіз бе?» деп сұрайды.

Сонда үй иесі күлімсіреп: «Бәрі дұрыс. Әдейі осылай жасадым. Бұдан былай ұлым қайта-қайта менің тамағымның дәмділігін айтып, әйелін ренжітпейтін болады», — деген екен...

— Туған әкеңіз бен қайын атаңыздың алшақтығы тым алыс па?

— Қайын атам мені өз әкемдей қабылдауға тырысты. Үлкен кісі жақын тұтса, кіші адам ізгілігін аямайды. Бірақ, сұсы бар,адуынды адам. Адамға арам ойламағанымен, бір қарап, көзімен тәрбиелейді. «Алмас қылыш — қынға тоқтайды, Адал адам — шынға тоқтайды», ашық айтып, әділ шешімін шығарады. Әрнәрсені адалдықпен қабылдайды, арам пиғылмен қара басының қамын ғана күйттемейді. Дүние, ақшаға да құныққпайды. Базбіреулер сияқты көкмыжыңданып, жұрттың мазасын алмайды. Әр істі ретімен, жөн-жосығымен жайғастырады. Ақыл-кеңестері саф алтындай салмақты. Атамыз балажан емес, тек көңілі тоқ болса, сәбидің басынан сипайды, көңілсіз болса, қасына жоламайды. Көңілді кезінде жадырап, жайланып шыға келеді.

Бұл кісіде біреуге жағыну деген

атымен жоқ. Қалай көреді — солай сенеді. Не ойлайды — соны айтады. Ым-жымынан, көңіл-қабағынан, жүріс-тұрысынан тәрбиелене бересің... Кейде он ауыз сөз айтсаң, сенімен ұрыспайды да, таласпайды да: өзінің өткір екі ауыз сөзімен өшіре қояды. Мысалы, біреуге өкпеңді айтып, шағынғандай болсаң: «Сен ақылды едің ғой, қашан сырыңды алдырып қойғансың?» — деп, өзіңді ұялтып, тығырыққа тірейді. Осынау ойлы сөздерді басқа біреу айтса, жараспас еді. Әркімнің өз болмыс-бітіміне сай сөздері болдады... Кейде ойымды алдын-ала оқып қояды. Атамның болмыс-бітімі, заты — атына (Рақымберді) сай. Көпшілікке көмек қолын созған рақымды істері — ұшан-теңіз. Алла Тағаланың құдіретімен өз әулетіне ғана емес, бүкіл Түркістан халқына жаны ашып отырады.

— Қазіргі қазақ қоғамын — жағыну мен жағымпаздану —өрмекшінің торындай қапсыра құшақтап алды...

— Рас, көп адам қазір бізбіреуге ұнау үшін жағымпазданып, мінезін өзгертеді немесе жалған сөйлеп, өтірік айтады. Атамыз мұндай масқараны жек көреді. «Табынусыз — мәдениет болмайды, ал, мәдениетсіз табыну — қауіп» деген қағида — әкеміздің болмысына мүлдем жат.

Жағыну мен жағымпаздану, «жалт беріп жағынып, тәу етіп табыну» — өзінің шынайы қадірін білетін ер-азаматтың беделіне көлеңке түсіреді. Атамыздың ұстанымы: «Құлдардың мақтағаны — ештеңені де білдірмейді» дегенге саяды. Әкеміз — ар-

зан сөздерге алданбайды. Әрнені өзгемен салыстырып, бағалайды. Жаппай жалаң сөз қуып, жалтақтап-жағымсып жатқандарды жанына жуытпайды. Халықты алдаусыратып қойып, қоғамды да өздеріндей тып-тыныш мүлгітіп қойғандармен күреседі. Елінің, халқының тағдыры үшін, қоғамы мен жеке басының тазалығы үшін — қызылкеңірдек болып, жаға жыртысуға әрдайым әзір.

— Қазақы отбасына үйренісу — ұзаққа созылды ма?

— Білмеймін: аз ба, көп пе: әйтеуір, бір-екі балалы болғаннан кейін ақыл кірді. Жас отауда негізгі салмақ — келінге түседі екен. Байыбына жетіп, терең ойланбасаң; ақырын жүріп, анық баспасаң, сүттей ұйыған отбасының берекесі бұзылып, шаңырағы ортасына түседі.

Осы уақытқа дейін өзімнің әке-шешеме: «Біздің әулетте осындай жағдай болып жатыр» деп, бірнәрсе де айтқан емеспін. Анам әрдайым: «Құдағидың ақылы өзіне жетеді, сенен сұрамайды. Тыныш жүріп, тірлігіңді істе» дейді. Ұсақ-түйек, өсек-жалаға — өзімнің де, Ерқанатымның да жанымыз қарсы еді...

— Бір кем дүние...

— Ерқанат — менің үлкен ұстазым болды. Әкесіне тартқан сұсымен — сабырға шақырса, жүрегінің жылуымен — өмірге іңкәр қылды. Атам үйге келгенде, «бізден бір кінәрат болып қалмасын» деп, бәріміз аяғымыздың ұшымен жүретінбіз.

Ал, атам арнайы шақырып, әңгімелессе — кәдімгідей еңселеніп, қуанып қаласың...

Ерқанатым — табушы, мен — ұқсатушымын. Үйдің шаруасына Ерқанат басы ауырмаған: бар шаруаны өзім істеймін. Мәселен, үйге бір жылқы келсе, өзім-ақ қазымды тығып, қартасын жайғастыра беремін.

Әжемнің немересі, атамның ақылшысы Ерқанаттың жары болғасын, өзімді әлдеқандай маңызды сезініп, тіпті, кейде өзімді «елуден асқан әйелден ақылым аз емес» деп есептеп, «Суға салсаң — батпайтындай, отқа салсаң — жанбайтындай» сезініп, құдай кешірсін, аз-маз асылық қылдым ба, әйтеуір, бір-ақ күнде, бір-ақ сәтте бәрі қирағандай күй кештім...

— «Жалғыздық — құдайға ғана жарасқан»...

— Мен — анамын, перзенттерімнің көңіліне қаяу түсіруге ешқандай құқым жоқ. Ерқанат кеткелі... — өз балаларымды өзім танымай қалдым. Қыздарым тым нәзік, тым үркек, тым аңқау тұрын. Бәрі бір-ақ күнде есейіп кеткендей болды: Алла естерін жидырды ма, екінші қызым Ерқанаттың орнын басқандай салмақтана қалды. Өзінің жүріс-тұрысы да әкесінен аумайды. Бәрі еркелігін жинастырды. Әр жерде шашылған тиындарды жинап, ұйымшыл болды. Бір-бірін тыңдап, бір-бірін басқарып, бесеуі бірікті.Тіпті, менің қаяу көңілімді табу үшін күнде гүл әкелді. Кішкентай балам да қалыспай, аналар күніне

тосын-сый жасады...

Бес баламның тұла бойынан: Ерқанаттың жүрісі мен тұрысын, сөзі мен мінезін, қадеті мен қасиетін көрдім... «Өлді» деуге бола ма?!.

— Атасына бауыр басып, арқа сүйеген бала жақсы жігіт болып өседі...

— Лайым, айтқаныңыз келсін! Таяуда атамыз біздің үйімізде біраз қонақтап еді, қайтарында менің балаларым жабылып: «Ата, біз сізге жақсы қараймыз, бізден басқа ешкім сізге қарай алмайды» — десін...

Кішкентай балам есін жиып үлгермеген тым жас еді, балалық-шалалықпен әкесінің жоқтығын байқамай қалды ма, атасын әкесіндей көріп, қатты бауыр басып кетті. Атасына жабысып, бір-бірінсіз жүре алмайды.

Жақында мен Шымкентке бармақшы болдым, сөйтсем, балам аяғын аттап баспайды, «бармаймын» деп жылайды, еркелігіне қарамай алып кетіп едім, түнімен дұрыс ұйықтамай, құлқынсәріде тұрып алып, ұйқылы-ояу күйінде жастықты сабалап: «Түсімде атамды көрдім...» — деп, мазамызды алғасын, дереу Түркістанға қайтарып жібердім. Араға сағат салмай, көңілді балам айқайлап күліп отыр...

— Немере — перзенттің көзі ғой...

— Расы, атамыз бізге асқан жанашырлықпен қарайды. Ерқанаттан айырылғасын, қырық күн үйден шықпадым. Жүз күн өткенде, анамыз «көңілшәй» жасап,

тамаққа шақырады: қас-қабағымды бағып, ештеңе демеді... Атам Ерқанатымнан айырылғанымда тура сөзін, адал көңілін айтты. Сыртымнан салт әңгіме ергізген жоқ. Баяғы ерте заманда Үмбетей Жырау деген кісі:

«Кетеген болса — түйең жау,
Тебеген болса — биең жау.
Ұрысқақ болса — ұлың жау,
Керіскек болса — келін жау» — депті ғой, құдай сақтасын, өзім құттыханама теріс ойда болған адам емеспін. Өзім де ата-енеме ауыр тимес үшін соңымнан жаман сөз естіртпеймін. Қымбат қосағымның өмірдегі ең қымбат жандары — ата-анасы босағамды аттаса, «қарындыра тойып, көңілдері жайланса екен» деп, зыр жүгіремін...

***

...Ерқанатым жанымда жүрсе, биыл отыз алты жасын тойлар едік. «Шіркін-ай, құдайдың құдыретімен ғайыптан пайда болып, Ерекем қайтып келсе...» деген — тым қиялы, тым алыс, орындалмайтын орасан арманым бар, көкірегімде...

Жыл құстары қайтып оралған сайын уақытша әшейін әскерге кеткендей Ерқанатым да қайтып келетін секілді болады да тұрады...

Мен күтіп жүрген сияқтымын...

***

...Тым алысқа жанарын талдырып, ұзақ телмірген Рахым көкем естілер-естіл-

мес үздік-үздік үнімен екі ауыз сөз айтты:

««Басы ауырмағанның — құдаймен ісі жоқ», менің ішкі запыранымды тірі жан түсіне алмайды. Бала дегенің — жүректің миуасы, көңіліңнің гүлі, көзіңнің нұры екен. Бала — адамның бауыр еті, әкенің білек еті, ананың жүрек еті екен. Мен есіл құлыным Ерқанатыма қатты сеніп, терең арқа сүйеп кеткен екенмін. Ет жүрегім баламмен бірге — артық туған ақылынан да айрылған екенмін...

«Дүние әлі-ақ өтер қимағанмен,
Сыйласқын өз басыңды сыйлағанмен.
Жалғанның ақырында баяны жоқ,
Қазына қызыл-жасыл жинағанмен», — деп, Сүйінбай айтқандай (ақынСүйінбай Аронұлы), түпсіз судың тереңіне батқандай мүсәпір күйдемін... Екі дүниеде де: «Баламның табанына кірген шөңге, менің маңдайыма қадалсын!»

Бірақ...



СҮТКЕНЖЕ

Кенен кенже Ер пайдасы

Дәурен Рақымұлының түйіні

«Әкесі бар баланың жебесі – тастан өтеді» демей ме, алаштың атан ақылманы Бұқар жырау, әкеміздің тәрбиесі бізге – шешеміз арқылы келді. Шешеміз: «Әкең келе жатыр» деген кезде, бес-алты жасар кезіміз, жылап отырсақ та, ойнап отырсақ та, тым-тырыс бола қалып, тіке отыратын тұрғынбыз...



— Адам баласының құзыретіндегі таңдаудың бірі — мамандығы мен кәсібі...

— Жоғарғы оқу орнын бітігенде, құқық қорғау құрылымдарына аңсарым ауды: қызметі те мұнтаздай таза, абыройы да кем емес. Көңілім сан-саққа ауа берді. Сол кезде әкем: «Саған мемлекет қызметі лайық» деді. «Ел ішінде, ағайын арасында абыройы бар адамның қателесуі — сирек», деп топшаладым. Оның үстіне ағаларым да әкемнің пікірін қолдады. «Аға алдында — арсыз іні сөйлейді», «Ағасы ұрар болса, інісі тұрар болсын» деген қазақы тәліммен өскенбіз, тұлға тұтатын әкемнің сөзін жерге тастамадым.

— Мысы да басып, кеудені қысқан жоқ па?

— Мысы — мықты: бірге тамақ ішудің өзі оңай емес. Әкем көбіне сөз шығын қылмайды, көзбен-ақ келістіреді. Екі айтпайды, айтқаны — заң. Әкімшілкке қызметке тұрғанымда: «Ешкімге арамдық қылма, мемлекетке адал бол!» деді. Күнде кешке

әкем: «Бүгін не істедің? Халыққа қандай пайдасы бар?» — деп, қызметімнің бір күнгі тәртібінін бүге-шігесіне дейін тексеріп, бақылайтын. «Ертең мұны былайша істеп, шешімін шығар» — деп, тапсыратын. Тәубе, қызметімде, ортамда абыройлы болдым. Сегіз жылдың ішінде «жетекші маманнан» — «әкімнің орынбасары» дәрежесіне дейін өстім.

«Әкімнің орынбасары» лауазымына дейін әкеме өз ойымды ашық айтуға жүрексіндім. Бұл лауазымда үш жарым жыл істеп, абыроймен кеттім. Үлкен қызметке абыроймен келу — оңай, абыроймен кету — қиын. Абыроймен кету — ғанибет. Өкінішке қарай, менімен қызметтес болған біраз әріптестерімнің қазір әкімшілікке қарай аттап басуға — беттері жоқ, абыройсыздыққа ілігіп қалған...

Өмірлік ұстазымыз, алдымен — өмірдің өзі болса, екінші ұстазымыз — әкеміз. Бір ақылман ұстаздың шәкіртіне үйреткен ерекше ақылы туралы қисса бар. Бірде шәкірті ұстазына келіп: «Ақылды мен ақымақтың айырмашылығы неде?» — деп сұрайды.

Осы кезде таңғы асын ішіп, шәй кесесін қолына ала берген ұстазы шәкірті үшін кеседе ішілмеген шәйын тастап, орнынан тұрады да, жас жігітті соңынан ертіп, тау бөктеріне барады.

Ұстазы шәкіртіне тау етегінде шашылып жатқан ірілі-ұсақты тастарды жоғары шығарып, жинауды сұрайды.

Шәкірті күні бойы терлеп-тепшіп тастарды жоғары тасиды. Ұстазы көлеңкеде тыныстап жатып, кітап оқиды. Шәкірті арып-ашып, қас қарайғанша тастарды жоғары жинап үлгереді.

Сосын, ұстазына келіп, тындырған ісіне масаттана:

— Ұстаз, енді сұрағыма жауап алсам болатын шығар? — дейді. Ұстазы:

— Жоқ, әлі де дайын емессің, — деп, басын шайқайды.

— Ендеше, осыншама тастың бәрін күнібойы ыстыққа қақталып, не үшін тасыдым? — дейді шәкірті.

— Міне! — деп, сұқ саусағын көрсетеді ұстазы. — Ақылды адам — мәнсіз-мағынасыз шаруаға не үшін кірісуі керек екенін бастамай тұрып, сұрауы ерек.

— Әкімшілікте бар он төрт бөлімнің — онынан астамының тізгінін ұстағаныңыз рас па?

— Расында, әрқилы салалардың нанын жедік: әлеуметтік мәселелер, құрылыс, жер т.б. Бүгінде бел шеше кіріскен спортта да жетістіксіз емеспіз. «Көз — қорқақ, қол — батыр», жұмыс көп: кідіруге де, күмілжуге де болмайды. Жаңа мемлекетке жаңаша идеамен, тың көзқараспен қарап, сергек ойлап, серпінді жұмыс жасайтын тұлғалар қажет! Қандай қызмет, нендей лауазымнан да бас тартатын жайымыз жоқ: шама-шарқымыздың жеткенінше, еліміз бен оның болашағы үшін ерінбей еңбектенуге

дайынбыз!

— «Бастысы, өзіңе деген сенім», дейсіз ғой?

— «Әке тәрбиесінің ең мықтылығы — баласының жүрегіне өзінің қабылеті мен күшіне деген сенімін ұялата білуі», деп ойлаймын. Сенім туралы бір хикаятта бір кәсіпкер қарызға әбден батып, дағдарыстан шығудың жол таппай, әбден қиналды. Күнделікті күйбеңнен әбден шаршаған кәсіпкер бір күні оңаңашадағы саябаққа дем алмақшы болып барғанда, шашы мен сақалы ағарған қарияны кездестіреді. Жігіттің солғын кейпін көрген қария кәсіпкерді сөзге тартады. Кәсіпкер басындағы қиын жағдайды баян етеді.

«Мен сізге көмектесе алатын сияқтымын», деген қария кәсіпкердің аты-жөнін сұрап, банк чегін толтырып, қолына ұстатады да: «Мына ақшаны алыңыз. Бір жылдан соң, дәл осы жерде кездеселік, ақшаны сол кезде қайтарарсыз...» — деп, лезде кетіп қалады.

Чектің қаражат көрсететін жеріндегі «500 000 доллар» деген жазуды көрген жігіт оның төменгі жағындағы «Джон Рокфеллер» деген есім-сойға көзі түскенде, мүлдем қозғала алмай қалады.

Джон Рокфеллер — дүние жүзіндегі ең бай әрі атақты адам ғой! «Барлық мәселелерді шешуге мүмкіншілік туды» — деп, нық сенген кәсіпкер басқа амал істеп, чекті сейфке салып қояды. Сол ақшаның өзінде бар екендігінің өзі — іскер жігіттің

бизнесін сақтап қалуына орасан күш-қуат береді. Жаңа серпінмен іске кіріскен жігіт көптеген келісімдер жасап, бизнесі алға басады. Барлық қарыздарынан құтылып, артық ақша табады.

Бір жылдан кейін, жігіт саябақтағы баяғы қарияға кездескен жеріне чегін алып келеді. Бір сәтте қарияның да төбесі көрінеді. Кәсіпкер бар алғысын жаудырып, табысымен бөліспекші болады. Кенет, бір мейірбике пайда бола кетіп, жүгіріп келіп, қарияның қолынан ұстап: «Бұл кісі сізді мазалаған жоқ па? Ақсақал үйінен жиі кетіп қала береді, сосын, жұртқа өзін «Джон Рокфеллермін» деп таныстырады. Бүгін ұстап алғаным жақсы болды ғой!» — деп, қарияны ертіп кете барады.

Ауызы ашылып, аң-таң қалған кәсіпкер бір жыл бойы «қысылып қалсам артымда тығулы жарты миллион доллар қаражатым бар ғой» деген сенімнің ғана — өзіне өлшеусіз күш-қуат бергенін түсінеді...

— Сенім — асқаралы асулардың табалдырығы. Бірақ, кейде тұрмыстағы түйткілдер есті есеп-қисапты да талап етеді. Жұрттың: «Қазақстандағы жол жүру ақысы ең арзан қала — Түркістан» дейтіні шындыққа қаншалықты жақын?

— Бұл — өтірік сөз емес. Шындығында, Қазақстандағы жол жүру ақысы ең арзан қала — Түркістанымыздың берекелі тірлігінің бір пұшпағында менің әкемнің үлкен үлесі бар.

«Әке, сіздің көліктеріңіздің жол ақы-

сы тым арзан, шығыныңызды жаба ма, өзі?» — деп, сұрап қалсаң, бірден бірбеткей жауап береді. «Мысалы, сенің көлікте жүретін елу теңгең бар. Сол тиын-тебен көпшіліктің бәрінен табыла бермейді. Бұл шындықты да біреу — түсінеді, біреу — түсінбейді. Біреу — біледі, біреудің — білгісі келмейді. Ал, менің білгім де келеді, тереңірек түсінгім де келеді, кедейдің жәй-күйін. Жағдайы жоқ көпбалалы отбасы әр баладан және күніне жиырма теңге үнемдесе, бір айда бір қап ұн сатып алатын ақша жинайды...»

Дәйекті дәлел, иманды іске айтарға сөз таппайсың...

«Кедейдің битін сығып, жетімнің көз жасын төгіп жеген нан — нан болмайды, балам! Теңге — тиыннан құралады. Қанағатпен де қарын толтыруға болады. Мәуе тал өсіре алсаң ғана — жемісін жейсің. Өмірде де, кәсіпте де, қызметте де — бұл бұлжымас заңдылық. Қызмет-жұмысыңды адал атқарсаң, адамға қолғабыс етсең, береке-байлық пен абырой-бедел арқасынан еріп, өзі келеді...» — дейді әкем...

Мұндай мән-мағынасы терең тұжырымды жиырма жылдан бері депутат болған халықтың нағыз қалаулысы айта алса керек! Облыстың мәслихаттың мінбері — еріккеннің ермегін өткізіп, ойға келгенді қаузай беретін орын емес, аймақ жұртының тағдырын шешетін киелі орда!

Қазір халық сауатсыз, мәңгүрт тобыр емес, іс пен сөздің алшақтығын, тәкәп-

парлық пен меңмендікті, құр мадақ пен шымыр шешімді әбден ажырата алады. Дүйім жұрттың жүйкесін жұқартып, наразылығын тудыратын бос сөз, құр жалпақшешейліктің уақыты келмеске кетті.

— Әйтпесе, өкінішке қарай, осы күні Қожанасырдың мысалындағыдай, сөзі — басқа, ісі — басқа «халық қалаулылары» қаптап кетті ғой, деген ойға сүйрейді екен, әңгімеңіз...

— Қожекеңнің атпай — құлататын, жатпай — тұралататын уытты әзілдері көп қой...

— Есіңізге түсіріп, айтып берейін. Бірде Қожанасырдан есегін сұрап келген адамға Қожекең: — Есегім жоқ! — депті. Сол кезде қорадан есектің ақырған даусы шығады. Әлгі адам:

— Ел сыйлаған, көпті көрген адамсыз, неге өтірік айтасыз? Есегіңіз қорада тұр ғой, — десе, Қожекең:

— Сен есекке сенесің бе, әлде, ел сыйлаған, көпті көрген құрметті адамға сенесің бе? — деген көрінеді...

Жалпы, таза ындын, тұнық тәлім — тазалықпен келеді. Рақым ағамыз анасын тіліне тынымсыз тиек етеді. Сіз де әженің бауырына басқан баласыз ба?

— Меніңше, әженің бауырын көрген — көпшіл, әке-шешемен өскен — өзімшіл болатын секілді. Әжем — көзі жасыл һәм өткір, бойы 1 м.85 см,салмағы 150 келіге жақын кеңқолтық, денелі кісіеді. От-

тай жанарына тіке қарап, уәж айтуға — жүректің түгі керек. Бір қарағанда, қойшы болып, мал баққан қарапайым адам; екінші жағынан, латын тілін меңгерген жан байлығы, сөз байлығы, тіл байлығы телегей-теңіз, көл-көсір кейуана. Атақты Ақан Сері Қорамсаұлының:

«Ер пайдасы тиеді — сасқан жерде,
Ез жаңылып етегін — басқан жерде.
Жаманға жазатайым ісің түссе,
Жабысып қалады екен Аспан — Жерге!» — деген даналығын әжемнің аузынан естідім.

Әкеден үлгі алып, ой түзеуді үйреткен әжем әрдайым: «Әкеңнің қабағына қара! Сұрамай, қол ұшыңды соз! Дәргейіңмен демеп жібер!» — деп отыратын. Шыны керек, қазір жетпістің жайлауына бет түзеген әкеміз бізді таяқпен емес, қабақпен тәрбиеледі.

—Әкімшілік дегенің — қарбалас қимылдың, жаһандық жаңалықтардың ортасы. Менің көзіме алаңдаулы күйге тартатын бір қызық ақпарат түсті. Әлемдегі ең бай, ең оптимист әрі әйгілі адам Билл Гейтс: «6 айда 30 млн адамның өмірін жалмайтын індет жақындап келеді» депті...

— Әлемде қауесеттер арқылы тараған, бірінен кейін бірі «пайда болған» түрлі індеттерді (мәселен, құс тұмауы, Эбола, т.б.) пайда табу үшін кезінде әлдекімдер ойлап тапқаны, т.б. белгілі.

Жаңа Англияның медициналық мерзімді басылымы мен Массачусет ме-

дицина қоғамы ұйымдастырған эпидемия тақырыбына қатысты пікірталаста Билл Гейтс былай дейді: «Аса қауіпті індет — қауға тиген от секілді әлемнің кез келген түкпіріне тез тарап, жарты жыл ішінде 30 млн адамды опат етуі мүмкін. Жолындағысын жалмап-жұтатын жұт секілді төніп келе жатқан бұл індетке адамзат дайын емес...»

Әрине, Билл Гейтс — полиомиелит және безгек секілді індеттермен және әлемдегі кедейлікпен күресу үшін қаржысын да, уақытын да аямаған адам. Бірақ, ол әлгі деректі қайдан алды? Бұл турасында ақпарат жоқ.

Жер бетіндегі кейбір жекелеген қаскүнем топтардың қарақан басының пайдасы үшін және әлем тұрғындарының саны жылдан-жылға көбейіп бара жатқандықтан, ауруды жасанды жолмен таратуы әбден мүмкін.

Вирустық немесе бактериялық қауіп — әлемнің кез келген түкпірінен пайда болуы ықтимал. Мейлі, ол табиғи жолмен, мейлі ол жасанды жолмен тараса да, оған дайын болған жөн. Билл Гейтс қоры осы салады 12 млн АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлгенін де жайып салды...

...Қазір ерінбеген — етікші, ұялмаған — әнші болған заман туды. Шексіз, шетсіз, шекарасыз ақпарат майданы жүріп жатыр. Тізесіне ноутбугын қойып алып, ойына келгенін жаза беретін блогер дегендерің — классик жазушылардың тіліне тікен тығуға

тырысады. «Жаманның көзі — жақсыдан қалған жарты аяқ асқа түсер» дейді қазақ. Ұлтымыздың ұлық ақыны Абайға да ауыз салды. Мұның бәрі — тектілік пен тәрбиенің жоқтығынан, мәдениет пен тәлім деңгейінің кедейлігінен, құрмет пен қадір атты қасиеттерден мақұрымдықтан...

Бір патша базардан екі құл сатып алыпты. Құлдарының біреуінің — сұры сиықсыз, тістері шірік, аузы сасық болыпты; екіншісі — келбетті, тістері маржандай, аузынан хош иіс шығатын жағымды адам екен.

Патша келбетті құлды сыйлап, моншаға жібереді де, аузы сасыған екінші құлға: «Сені ұнатып едім, әлгі досың сен туралы жағымсыз сөздер айтты. Сен де оның жаман тұстарын айтып берші», — дейді.

Құл жолдасына шаң жуытпай, мақтаудан басқа ештеңе айтпайды. Патша моншадан қайтқан құлды да сынамақшы болып: «Досың айтқан теріс мінездерің болмаса, жап-жақсы жігітсің», — депті.

Сонда құл ашуланып, жолдасын жерден алып, жерден салып, сылқита жамандапты. Патша біраз ойланып: «Кімнің — кім екені белгілі болды. Досың саған бір сөзімен де тілін тигізбеді, тек жақсылығыңды айтты. Сенің досың сасыған аузын тазалап жуса — тазарар; ал, сенің сасыған ішің мен шіріген ісіңді — ешқашан тазалай алмаспыз. Сен сол досыңның қол астында жұмыс істейтін боласың», — деген екен...

— Ғибратты сөзді сүткенжеден есіту

— табиғи заңдылық та тәрізді...

— Түсінемін: қара шаңырақ дегеніміз — үлкен үй, ата-ананың үйі. Қазақта кенже ұл — қара шаңырақ иесі. Кенже ұл, сүткенже — киелі ұғым. Ерекше мейірім, ыстық ықласпен өсетін сүткенже — бала күнінен «шаңырақтың иесі» деген ұғымды құлағына құйып, жетіледі. Үлкен бауырларының қайырымды қамқорлығына шомылған атұстар — ұяның жылылығын сақтауға, түтінін түзу ұшыруға, іргесін берік ұстауға, құндылықтарының ұйытқысы болуға міндетті. Қазақ өз үйін тастап, ешқашан қиянға кетіп қалмаған. Шаңыраққа ие болу — адал міндет, батпан салмақ һәм кез келгенге бұйырмас бақыт.

ЖЫЛҚЫДА ДА ЖЫЛҚЫ БАР

Ер қанаты

««Атам шабандоз болған. Әкем де ат ұстаған. Атқа құмарлық, жылқыға жақындық қанымызда бар. Жиырма жылдан бері ердің үстіндемін. Оңтүстік өңірдегі ең құсқанат тұлпарлар, нөмірі бірінші аттар менде болды. Өмір болғасын, жануарлар сатылып та, қартайып жатады...
Аттың пайдасы көп, қазақ жүрген жерде – ат жүруі керек. Әрдайым айтамын, тағы да қайталайын: ат ұстамаған қазақ – қазақ емес»

Рақым көкенің көңіл-күнделігінен...



— Өткен ғасырда қазақта Асқар Сүлейменов деген жаратылысы да, сөзі де бөлек жазушы болған, сол кісі: «Басқа халық қайдан жаралсын: мейлі маймылдан болсын, шатағым жоқ. Дәл біздің қазақ — жылқыдан, тұлпардан туған!» — депті...

— Жазушы қазақтың жылқы мінезді, рухы биік халық екендігін меңзеген ғой. Әйтпесе, бәріміздің жаратушымыз — Бір Алла! Дініміз — Ислам, кітабымыз — Құран!

— Қазақ — ат құлағында ойнаған халық. Ұлтымыздың нағыз тарихы мен өнерін паш ететін аттың ер-тұрманы мен әбзілдері, жасау-жабдығы, ұлттық киімі қандай ғажап! Бір ғана қамшының өзі — мол мәлімет береді...

— Балаң кезімде Амангелді ағам тұңғыш рет көкпарға алып барды. Ол кезде біз ат ұстамаймыз. «Әй, Төлеген! Әй, пәленше, түгенше...» — деп, біреулерді шақырған ағам атқа мінгізіп, қанат бітірді. Ержеткенде ағамның аттарына қатты қы-

зығып, жиі барғыштап жүрдім. Өткен ғасырдың аяғында атпен «ауырыңқырай» бастадым. Байырғы қазақы жылқылар жинауға кірістім...

— Қайбір жылы Елбасымыз: «Ежелден сәйгүлік баптаған елдің ұрпағымыз. Еліміз егемендік алғалы тұлпарлар тағдыры — қазақы қаны бар азаматтардың қолына көшті» деп еді...

— Үлкен кісінің әр сөзінің тереңі тұнып тұрған тарихты қаузайды. Қазақ даласында Қазан төңкерісі тұсында, 1916 жылы 5 миллион 640 мың бас жылқы болған екен. Арада небәрі он жылдан асқан уақытта 1928 жылы халқымыздың саны 8 миллионға жуықтағанда, 60 миллионнан астам төрт түлік мал қазақ сахарасында еркін жайылған. Әттең, совет билігінің шексіз-аяусыз зорлық-зомбылығы — қазақтың да, құндылықтарымыздың да тамырына балта шапты. Әйтпесе, қазақ аталарымыздың осынау ұланғайыр қасиетті жерін құр шоқпарды сүйретіп, жаяу қорғаған жоқ. Батыр бабаларымыз өздерінің болмыс-бітімінің қайсарлығы мен мықтылығының арқасында және үлкендігі есік пен төрдей азынаған айғырлардың үстінде атамекенімізге жаудың оғын дарытпаған...

Мен жылқыны жанымдай жақсы көремін: атқа қарау, баптап-мәпелеу — жүрегіме жағымды әрекетім. Меніңше, жылқы-жайсаң — тілі ғана жоқ демесең, бәрін түсініп-біліп тұрады: мінгелі жатқаныңды да, көкпарға салуға әзірлігіңді де,

тіпті, ақылды жануар салымды да, соғымды да уайымдайтындай көрінеді, маған. Кейде мөлдіреген көздеріне тура қарауға жүрексінесің...

Өлкеміздің ауылдары мен аудандарында, орталығында көкпар ұйымдастырылса, қалыс қалмаймыз. Жаныма бататы-ны: кейбір жігіттеріміз дүние қуып, ақша жинап, доллар санап, ескі дос, ежелгі серігіміз — атпен ісі болмай жүр. Атамыз қазақ: «Ат — есектің қасында жүрсе, жүрісін бұзады» дейді, қазақтың жігітінің бойынан ұлтымыздың құндылықтарына деген құрметті көргім келіп тұрады. Өкінішке қарай, атқа қызығушылық пен құмарлық — әр қазақтың маңдайына жазылмаған қадет.

— Ат ұстамаған қазақ — кісілік келбетінен айырылып бара жатқан жоқ па?

— Түп-тамырынан айырылған кез келген тірі нәрсе — құрап қалады. Бір орманның жанындағы өзеннің жиегінде өскен бір топ ағаш — күшті және биік өсуге және әдемі гүлдері мен қалың жапырақты болулары үшін бар күштерін жұмсайды екен. Биіктік пен сұлулық маңыздырақ болып көрінген ағаштардың өз тамырларын дамытуға күштері қалмайды. Сол өздерінің биіктігімен һәм үлкен гүлдерімен тамсандырған ағаштардың арасында өсіп тұрған гүлсіз, кішкентай лавр ағашы бар күш-жігерін тамырына жұмсайды екен. Басқа ағаштар үлкен де әдемі гүлдері, алып бойы болмаған лавр ағашын әрдайым мазақ етіп: «Лавр! Сен бар күшіңді несіне тамырға жұмсайсың, бізге қарасаңшы.

Бізді бәрі үлкен — жапырақтарымыз, хош иісті гүлдеріміз, биіктігіміз үшін мақтайды» — дейтін көрінеді. Мәңгі жасыл болып тұратын лавр:«Мен өз күш-қуатымды — тамырыма жұмсаймын: өсемін және маған мұқтаж болғандарға өз жапырақтарымды беремін» — деп, жауап беріпті. Бірде қатты жел соғып, басқа биік те әдемі ағаштардың түгелі тамырлары әлсіз болғандықтан, құлап қалады. Тек бір-екі жапырағын ғана жоғалтқаны болмаса, лавр ағашы дін-аман сақталады. Сол кезде ғана басқа ағаштар қиын сәттерде сыртқы келбет пен түр емес, терең тамыр ғана сақтап қалатындығын түсінген екен.

Қазақ — терең тамырынан ажырамауы керек. Осы мақсатта жастарға өнеге үшін Түркістанда қырық сегіз гектар көкпар шабатын алаң сатып алдым. Жыл сайынғы салығын төлеймін, бір тиын табысы жоқ. Бірақ, болашағымыз үшін баянды. Құдайға шүкір, қазақтың беті атқа қарап келеді. Жылқымен болғанға не жетсін, мәңгілік ешкім өмір сүрмейді. Аракідік бір-екі сағат болса да, ата-бабаңның сүйікті ісін істеуің керек. Сонда ғана ат ұстаған қазақ — кісілік келбетінен айырылмайды.

— Қазақтың тәуелсіздігімен бірге ескілік ерен әдет-ғұрпы, салиқалы салт-санасы, майы тамған тамаша сөздері де қайта оралды? Мысалы, «қазанат» деген сөзді бұрын мүлдем білмейтін едік...

— Аталарымыздың:
«Жігітте де — жігіт бар,
Азаматы — бір бөлек,

Жылқыда да — жылқы бар,

Қазанаты — бір бөлек» — дегенде, қазанаттың — қазақ халқының марқасқа мінезіне, бекем болмысына ұқсайтындығын меңзеген. Қазанат дегеніміз — қазақтың сахарасының сарыны, Ұлы Даласының егіз есімі. Қазанат — қазақтың қазынасы, қанаты, қорғаны, айбыны. Қазақ даласындағы атақты Адай жылқысы, Қостанай жылқылары — ұлтымыздың қайсар қазанаттары.

Қазанаттар — менде бар, делебемді қоздырып, денемді ширататын алты атымның бір-екеуі қазанат. Байтақ жерімізді батырларымыз «Ердің қанаты — ат»-пен қорғап қалған. Түркістанның маңайында, Баянауылдың арғы жағында елу-алпыс атым жүр...

— Қазанаттардың тарихы да тереңде...

— Қазанаттың құстай жылдамдығымен Ұлы Далада ең алғашқы өркениет басталды. Алғаш болып атқа мінген далалықтар — алғашқы қуатты әскер жасақтады. Атты адамды көрген жаяулардың зәре құты қалмай, бытырай қашты. Ежелгі грек аңыздарында жартылай адам, жартылай жылқы тәрізді бейнеленетін атты адамды — «кентавр» деп аталды. Күні бойы ат үстінен түспейтін Азиядағы сақ сарбаздарын көне гректер «атпен бірге жаратылған» деп сеніп, сантүрлі аңыздар таратқан. Грек аңызындағы басы адам, денесі жылқы болып бейнелетін, медицинаны керемет меңгерген емші, ғажап музыкант, әскери өнер мен аңшылықта ешкім тең келмейтін кентавр Хирон — Ұлы Даланың перзенті бо-

луы әбден ықтимал.

Қазақы түсінік бойынша, «Жылқыны алғаш баққан Қамбар ата» және жылқының да пірі — Қамбар ата, бәлкім, шын мәнісінде, жылқыны ең алғаш үйреткен адам — Қамбар ата болар. Әр ауылдың өз Қамбары бар. Күллі әлем үшін «жылқы-Қамбар-қазақ» деген бір ұғым, біте қайнасқан түсінік болуы керек.

— Жылқының жылнамасы — қазақтың жаратылысымен жапсарлас...

— Жылқыны алғаш қолға үйреткен — біздің бабаларымыз. Ежелгі, ортағасырлық тарихы пен мәдениетін білуге әлемге өркениеттің қозғаушысы болған ел — Қазақ Елі. Жылқы — далалықтардың жан серігі: мінсе — көлігі, жесе — еті, шөлдесе — сусыны, тоңса — киімі. Біз бағзы заманнан келе жатқан ұлы өркениеттің мұрагеріміз. Жылқыны көрген кісі — қазақты, қазақты көрген адам — жылқыны еске түсіреді. Тіпті, «Қазақ пен жылқының жаны бір» деп түсінген ежелгі бабаларымыз мінген атын марқұммен бірге жерлеген. Қазақ даласының шығысындағы Шілікті мен Берел қорғандары қазбаларында «скиф-сібір аң стиліне» немесе сақ өнеріне (б.з.д. V-III ғғ.) жататын алтын бұйымдар мен қайтыс болған адамның қорымынан тізерлетіп жерленген 6-13 аттың сүйектері табылуы — бұл болжамның айқын айғағы.

Қазақтың түгел тарихында азаматтың ары мен намысын қорғайтын қазанаттары болған. Мен қазанаттарды іздеуші, ұлттық

құндылықтарды ұлықтаушының бірімін. Қазанаты бар халық — қор болмайды. Ұлы Дала ойындарына бала жастан жаным құмартты. Қазақтың кеңқолтық даласын меңгеру үшін, қаусырып-қорғау тек қазанаттың ғана жалы мен белі, тұяғының желі керек.

Қазір әлемге аты шыққан ағылшын жылқыларының түп-тамыры — ертеде қазақтың сайын даласынан алып кеткен асыл тұқымды арғымақтарға жалғасып жатыр. Бүгінде жержүзінде жылқының 200-ден астам асыл тұқымы болса, қазақтың қазанаты — мұның кез келгенін он орап алады.

Алпамыстың — Байшұбарын, Қобыландының — Тайбурылына, Қамбардың — Қарақасқасына, Исатайдың — Ақтабанына, Абылайханның — Шалқұйрығына, Қабанбайдың — Құбасына, Ақан серінің — Құлагеріне, Бошайдың — Үшқарасына, құрым қытайды мойындатқан Бейжіңгерге — жететін қазанат жоқ, жердің үстінде. Қазақтың қазанатының бойындағы тектілік пен төзімділік, жүйріктік пен тәкәппарлық жер бетіндегі басқа бір де бір жылқыда жоқ.

— Ноғай жылқылары жайлы да жылы жырлар көп...

— Алаштың аймаңдай перзенті Шоқан Уәлиханның «Екі туысқан Ордамыз» деп, жанына тартып; «бір-бірімізді тілмашсыз түсінетін бір ағайын» деп, жақын тұтқан жұрты — ноғайлар төл тағдырында орасан тарихи қателікті, айын құлатқан «әтте-

ген»-айды» жылқыға байланысты жіберген.

Ноғай жылқылары — қайратты, ұзақ жорыққа төзімді болған. Ал, орыстың атты әскеріндегі тек әралуан мерекелерде, әскери шерулерде сәндікке мінетін қазмойынды аттармен ұзақ уақыт соғысу — мүмкін емес. Орыстың Афанасий Никитин деген көпесі Үндістанға барып, әлемнің мейлінше кеңдігін, әралуан халықтардың, құсқанат аттардың, асыл тұқымды жылқылардың бар екенін көріп, орыс патшасына ақбар берген.

Қырым хандарының «Алтын Орданың мұрагері бізбіз» деп, сес көрсетуі — ноғай мырзалары Жаңбыршы мен Мұса билерді Мәскеумен одақтасуға мәжбүр етті. Сол кезде әлі де көшпенділердің езгісінде өмір сүріп жатқан Мәскеудің (орыстың) әккі саясаткері III Иван — әскерде реформа жасау үшін, алдымен, ноғай жылқыларын көтерме саудамен қымбат бағаға сатып ала бастайды. Саудасы қызған ноғайлар ақырына дейін мұның сырын түсінбейді. Кейінірек француз ғалымы Ш.Лемерсье-Келькеже: «Мәскеудің мешеу жаяу әскерін қуатты кавалерияға айналдырған құдірет — ноғай жылқысы. Онсыз орыстар мұсылмандар иелігін басып ала алмаған болар еді» — деп жазды.

Қырым мен Осман империясына, оңтүстікте Персияға экспортталып келген ұзын-саны 40-50 мың таңдаулы ноғай жылқыларын Сарайшық жақтан шыққан саудагерлер Мәскеу базарына айдап апа-

рып сатқанда, бірі қалмай, өтіп кететін болған. Ноғай қазанаттармен жарақтанған орыс әскерлері көп кешікпей, Қазан мен Астраханьды басып алды. Керек десеңіз, соғыс аттарын күтіп-баптаушы атбегілер Мәскеуде болмағандықтан, орыс патшалары ноғай атбегілеріне ең жоғары жалақы тағайындап, арнайы алдыртты. Орыс кавалериясына аттың ер-тоқымының өзі ноғайлыдан әкелінді. Ноғай атының ер-тұрманы — жауынгердің садақ тартуына, жауымен қылыштасып-найзаласуына өте ыңғайлы болды. Орыстың атты әскері қыпшақтардың садақ тартысын үйреніп, ноғайлардың найза сілтеуін меңгерді. Ноғайлар — орыс мұжықтарына қой бағу мен теріден ыңғайлы, жылы тон тігуді де үйретті. Ресейдің Польшаға қарсы соғысында орыс армиясын ноғайлар жылы тонмен қамтамасыз етті.

Ноғайлардың өздерінің баптаған жылқысы — өз төбелерінде ойнап, орысқа оңбай ұтылғанын тым кеш ұқты. Бүгінде жергілікті халыққа сіңіп, жойылып бара жатқан ноғайлардың тума-туысы Еділден түріле көшіп, Түркияға өтіп кетті. Жайықтан — Донға дейін, Оралдан — Каспийге дейінгі аймақты қамтыған қаһарлы Ноғай ордасынан санаулы халық қалды. Сол себепті, біздің аталарымыз бір заманда өзімізге қарсы шабатындығын біліп, ата жауға ат сатпаған...

— Атта әскердің адуыны күшті, алымы алыс қой...

— Ертеде елдердің әскери қуаты —

атты әскер санымен өлшенген. Орта ғасырлық соғыстарда әскердің түгел жойылып кетуіне немесе жеңіп шығуына атты әскер тікелей ықпал еткен. Жер түбіндегі Үндістанда патшалық құрған Бабырдың өзі Қасым ханымыздың үш жүз мың атты әскеріне ерекше сүйсінген. Табиғаттың шектен тыс ылғалдылығы һәм ыстықтығы — жылқы жануардың өсіп-өнуіне қиын болғандықтан, Үндістанда жылқы малын өсіру мүмкін емес еді. Үндістан билеушілері жерлерінің жарамсыздығын, қолайсыздығын мойындап, ықылым заманнан Дешті даласынан бағасы қанша қымбат болса да, 100 мыңдап жылқы тасымалдаған көрінеді. Соғысқа жарамды қазанаттар — кезінде моңғолдардың Үндістанға басып кіруін тойтарып, елді талай сыртқы жаулардан қорғап қалған.

— Ырымшыл қазақ: ««Аты сүріншек болады» деп, жас балаға төстің сүріншегін жегізбейді. Атқа мінгеніңізде, атыңыздың аяқалысы қалай?

— Қазақ қашанда атпен өмір сүрген, өз басым, үш-төрт сағат аттың үстінен түспесем, жаным жадырап, бойым сергіп, демалып қаламын. Май басып, тұз қатқан жерлерің қимылдайды. Тіпті, сал ауруына шалдыққан кісі атқа мінсе, күш-қуат алып, жазылып кетуі де әбден мүмкін. Арасына бес-алты күн салып, атым демін алып, жуасығасын келемін. Әсіресе, қыркүйектің аяғынан бастап, жиірек атқа мінемін. Атқа мінсең, күнделікті күйбеңнің кірбіңдері ұмылытып, жақының аман, малың түгел,

қалтаң қалың секілді жадырап шыға келесің...

Атқа міну — қазақтың өмір сүру тәсілі, тағдыры мен танымы, әдебі мен мәдениеті деп ойлаймын. Мәдениет — ұлттың рухы мен болмысы десек, Ұлы Дала мәдениетінің темірқазығы — Ұлттық спорт. Қазақтың жалғыз Ұлттық ат спортының он бес түрі бар: аламан бәйге, тоқ бәйге, құнан бәйге, жорға жарыс, көкпар, аударыспақ, теңге алу, қыз қуу, тай жарыс, дөнен жарыс, жамбы ату, ат омырауластыру, ат құлағында ойнайтын «ер жігіт ойындары» т.б.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы — жаяулап-баяулаған рухымызды ат жалына мінгізуді, мешеуленген мәдениетімізді мәйектендіруді ерекше ескертті. Мұнделі мақсат жолында жеті қырдан асудың нақты жолдарын парасаттылықпен тереңнен қозғап, дәл көрсетіп, халқымызды өркениет өріне сүйрейтін сауапты жорықты бастап берді. Сондай саңлақ соқпақтың бірі — қазақтың жылқысымен табысуы. Қорамсаққа қол салатын, қол салғанда — мол салатын уақыт жетті.

Скиф заманынан бергі «кентавр» деп жүргеніміз — сақтар, біздің бабаларымыз. Атпен біте қайнасқан халық — қазақтар! Солтүстік Қазақстандағы археологиялық қазба «Ботай мәдениеті» ретінде танылып, сол жерде ежелгі дәуірде «ең алғаш рет жылқыны қолға үйреткен кім» дегенде, біздің қазақтар болып шықты. Бәріміз де осы жердің тарихына ие болуымыз керек.

Мемлекет басшысы ұсынған «Ұлы даланың жеті қыры»-ның ұлағаты — бұрын қолымыз жетпей, қолымыз жетсе де, өзіміздікі екені мойындалмай келген дүниелерді игеруге, меншіктенуге, үйренуге, келешек ұрпаққа қандай ұлт екенімізді дәлелдеуге даңғыл жол ашып отыр. Ұлтымызға өткенін білу — маңызды. Әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына кіру үшін әлемдік өркениетке қосқан үлесің де мол болуы керек.

Қазір қазақ даласында көкпар беу — жиілеп келеді, көкпардың ішіне кіріп кетсең, тілмен айтып жеткізгісіз, ғажайып әлемге енесің... Сосын, бұрнағы бабаларымызға ұқсап: «Атың барда — ел таны желіп жүріп,

Асың барда — ел таны беріп жүріп...» — деп, желе-жортып, ат үстінде әндеткің келеді...



ЖІГІТТІҢ ЖАҚСЫ БОЛМАҒЫ

«Есімізді білгелі – үйге нағашыларым келіп жатады...»

Рақым көкенің көңіл-күнделігінен...



— «Қазақтың әдет-ғұрып, салт-санасы сақталды» дегенмен, жасыратын жоқ, терең тамырымыздан ажырап кетуге шақ қалдық. Кез келген қазақ «жігіттің үш жұрты бар» екендігінен жанама хабардар болса да, дәл атып, анық айтып бере алмайды...

— Қазақтың дәстүрінде ер-жігіттің үш жұрты бар. Ер-жігіттің үш жұрты да жанашыр, сүйеніш, қорғаныш болып саналады.

Өз жұртың — күншіл: «бар болса — көре алмайды, жоқ болса — бере алмайды», «Жақсы болсаң — күндейді, жаман болсаң — жүндейді».

Нағашы жұртың — сыншыл: жақсылығыңа сүйенеді, жамандығыңа күйінеді. Әрқашан тілеуқор, қамқоршы.

Қайын жұртың — міншіл: қолыңның ұзындығына — жағаңның қызылдығына қарайды, берсең — жағасың, бермесең — дауға қаласың.

— «Білгенге — маржан» құндылықтан, қазақтың әдет-ғұрып, ырым-жырымынан жастар алыстап бара жатқан секілді...

— Әке-шешесі мен ата-әжесі, аға-жеңгесі мен әпке-жездесі жас балғынға ұлттың ұлықты дәстүрін айтып, жеткізуге борышты. Әйтпесе, осы күнде ешкім жастардың тәрбиесі үшін мойындарына жауапкершілік алғысы келмейді. Мәселен, қазақ: «Баланы бесікке саларда, ешкім сөйлемейді. Егер біреу сөйлеп қойса, «бала жылауық, өскенде өсекші» болады, деп сақтанады». Сосын, «Сәбидің тілі мезгілінде шықпаса — нағашысының үйінен апарып, бір қойды сойдырып, көтеншегімен буындырады» Ырым-жырымды білгеннің — зияны жоқ.

Нағашы жұрт — аяулы ананың туған топырағы, адамға айрықша ыстық мекен. Жаушықұмда қырық тоғызыншы жылы мен туғанда шешемнің інісі, кейін прокурор болған Байболыс нағашым мектеп бітіріп, елге келген екен: «Аты кім?» деп сұрапты. Сосын, менің атымның «Рақым» екеніні біліп: «Біздің ауылда «Рақым соқыр» деген бастық бар, ең жек көретін адамым. Неге өйтіп қойдыңдар атын, тез өзгертіңдер!» — деп, жылап қоя беріпті. «Аты — Рақым емес, толық аты — Рақымберді» дегенде барып, сабасына зорға түсіп, басылыпты Байболыс нағашым.

— «Салт-сана, әдет-ғұрып» дегеннен шығады, дүниеге келген сәби өз әулетінің ұрпағы болса да, бесікті неге нағашылары әкеледі?

— Бесік — киелі мүлік, бесікпен ұрпақ, әулет өседі. Бесікті нағашының әкелетін бір себебі — жиенді жатсынбауы, «біздің баламыз» деп, бауырына тартуы. Бесік әкелу — құда-құдағи арасындағы көңіл сыйлау, «Бие құлындамаса, ат болады, ағайын-туыс алысып-беріспесе, жат болады» дегендей, құда-жекжатты жақындастыратын дәнекер. Екіншіден, туған-туысын көріп, жас босанған келіннің көңілі көтеріліп, сағынышы басылады. Енесіне айта алмаған сырын туған анасымен бөліседі, көңілі өседі. Үшінші себеп — келіннің төркіні «іздеушісі, сұраушысы бар екен» дегізіп, бір дүйім ел болып, жиеннің бесік-жабдығын түгелімен, түбек-шүмегіне дейін жасап әкеледі.

— Қазақтың «Бесік әкелу» деген салты — керемет бір сән-салтанат қой...

— Негізінен, тек әйел адамдар қатысатын «Бесік әкелу» деген салтына бірде-бір еркектің қатыспайтын себебі — «жас ана — әкесі мен қайынатасының, ағасының немесе інісінің, қайынағасының не қайынінісінің алдында ұялып-қызармасын, ыңғайсызданып-қысылмасын» деген ниеттен шыққан. Сәбилі болған қызының нәрестесіне бесік әкелу — қыз төркінінің, жас ананың — өзінің туған анасының, яғни, нағашы әжесінің парызы. Бесік тойдағы шығынның бәрін нағашы жұрты көтереді: ешкім алғаннан — бай, бергеннен — кедей болып қалмайды. Сәби дүниеге келгенде, жарияға жар салып сүйінші сұрайтын қазақ — қырық күн өткен соң,

«Бесік той» жасайды. Бесікті жабуымен, төсегімен, шашуымен, «тыштымасымен», түбегімен, шүмегімен, ашық түсті маталардан тігілген қолтық жастығымен, тізе жастығымен, кішкентай көрпешелерімен, қысқасы, қажетті жабдықтарын барынша әдемілеп жасап, нәрестенің нағашы әжесі әкеледі. Бұдан бөлек, сәби-жиеннің арнайы төсегі (манеж), велосипеді, әткеншегі, бесікарбасы, үстелі т.б. бар. Келесі үлкен-кең сөмкеде сәбидің жеті жасқа келгенше киетін киімі болса, соңғы қоржында — құда-құдағиларға арналған сый-сияпат болады. Заманына қарай, салт — жаңарып, үрдіс — үлкейіп жатады.

— Бесіктің басына үкі тағатыны қызық...

— Нәрестенің өз жұрты ұрпағының саны өсіп, немерелерінің қатары тағы бір адамға толыққанына қуанып, ата-әже аста-төк дастархан жайып, ел-жұртты, ағайын-туманы, құда-жекжатты тойға шақырады. Әлі буыны қатпаған сәбиге салтанатты киім кигізіп, қолдан-қолға өткізіп, бесікке салу рәсімін жасайды. Бесіктің басына үкі тағатыны — баланы әсемдік пен әдемілікке бесікте жатқан кезінен тәрбиелейді және есі кіре бастағанда «үпілекке алданып-жұбансын» дейді...

— Қазақтың әдет-ғұрпының мықты маманының өзін шаңға қалдырып кетесіз-ау, шаранаға бесіктің пайдасы туралы не дейсіз?

— Есте жоқ ескі замандағы аңыз:

алғашқы бесіктің Жетісу мен Алтай бойын мекендеген Айдархан бидің кезінде пайда болғандығын айтады. Айдархан бидің әкесі, жұртқа танымал — Мизам баба — қазақ даласына ағаш отырғызуымен, орман көбейтуімен аты шыққан. Өзі еккен көшет-талдардан үлкен бау-бақшалар өсіп шығыпты. Мизам баба ұзақ жасап, 150 жыл өмір сүріпті. Мизам бабаның еңбегін қатты қызғанған қара қытай — бабамыз дүниеден өткенде, орман-тоғай тұнып тұрған ауылын өртеп жіберіпті. Алыс сапарда жүрген Мизам бабаның баласы — Айдархан би бір сұмдықтың болғанын сезіп, жедел ауылына келгенде, ну орманның орнында — шөл далаға айналған ауылын көреді. Арада жылдар өтіп, Айдархан би үйленіп, тұңғышы дүниеге келеді. Бірақ, сәби тоқтаусыз жылауық болып, шартарапқа аты шыққан емшілердің түгеліне көрсетеді. Еш емші көмектесе алмаған тынымсыз жылайтын бала бір күні өздігінен жылауын сап тияды. Әкесі қуанып жүгіріп үйге кірсе, сәбиді ақ шапанды бір қария өрттен аман қалған сынық бұтақтарына жатқызып, тербетіп отыр екен. Айдархан би жақындай бергенде, ақсақал көзден ғайып болады. Қарияның орнында қалған ағаш бұтағымен Айдархан қазіргі «бесік» деп аталатын бұйымды жасаған екен...

«Бесік баласы — бек баласы» деген сөз — бекер айтылмаған. Бесік — жас нәрестенің салмақты-салиқалы, ұстамды-ұлағатты өсуіне ықпал етеді. Тізбектей берсең, бесіктің пайдасы мен қасиеті телегей. Бесікке бөленген баланың ұйқысы

тыныш, төсегі жайлы болады. Ал, қол-аяғын ербеңдетіп, бос жатқан сәбидің ұйқысы шала әрі ұйқысы қанбаған баланың зердесі толық жетілмейді. Шарананың мазасыздығы — ананың жүйкесіне әсер етіп, жайсыздығы — сүт арқылы сәбиге беріледі. Бесікке бөленбеген баланың болмысы болашақта сабырсыздыққа бейім қалыптасады. Бесік белгілі бір ырғақпен тербетілгендіктен, сәби денсаулығының мықты болуына, миының дамуына, қол-аяғының дұрыс жетілуіне оңды ықпал етіп, баланың жүйкесі бір жүйе, тәртіпке түседі және бесік жыры, ана әлдиін есітіп өседі.

«Бесік жыры», ана әлдиі — тәлім-тәрбие мен мінез-құлықтың қайнар көзі, өрнекті өнегемен, танымды тәліммен өрілген өлең жолдары нәрестенің бойына көркем мінез, ұлттық қасиет, жомарттық, жанашырлық секілді жағымды-жақсы қасиеттерді дарытудың бастау бұлағы. Ақырында, бесікке бөленген сәбидің тұла бойы мұнтаздай тазалыққа үйренеді. Денесіне дымқыл-сыз дарымай, құрғақ қалпымен сыртқы шаң-тозаң мен жағымсыз энергиядан сақтайды.

— Нағашы жұрттың наркестілігі мен бесіктің баяндылығын ғылым академигіндей терең сіңіріп, жеріне жеткізгеніңізге қарағанда, бүйрегіңіздің анаңыздың еліне ерекше тартып тұратын секілді...

— Нағашы жұртыма ғұмырымда разымын. Нағашыларым отбасында үш бала, төрт қыз. Нағашыларымды жақсы көретін себебім — менің аяғымнан тұрып кетуіме

көп көмек берді. Оқуыма да, жұмыс істеуіме де жәрдемі тиді. Шәуілдірде шопырлыққа оқытты, машина әперді. Шешемді өте жақсы көремін, шешемнің туысқандарын жақсы көремін.

Алпысыншы жылы «Киров»-ке көшіп барғанымызда, Байболыс нағашым бір ұл, бір қызымен келді. Ұзын бойлы, еңселі азамат. Төрекелді бір жасар бала тұғын. Нағашымның тәтті әкеліп: «Нағашым келді, кәмпит әкелді» деп, өлең айт» — дегені есімде қалыпты...

Анамның Әбен деген ағасы — ақкөңіл, жылы, жұмсақ, ғажап адам еді. Өзі соғысқа қатысқан, қызмет істеген, өте бай-бақуатты тұрды.

Байболыс нағашым — заң қызметкері болғасын, елге өнеге болатындай таза, тәртіпке бағынған қаталдау көрінеді.

Сәтболыс нағашым — мекеме басқарды, сауда саласының саңлағы болды. Баяғының қарттары тәрізді ақылды аңыз, есті ертегі, өнегелі өсиеттерді құлағымызға құйып, бізге көп тәрбие берді.

Ертеде бір кемеңгер қария немересіне: «Әр адамның көкірегінде екі қасқырдың өзара тайталасына ұқсас тартыс жүріп жатады. Оның бірі — күншілдік, қызғаныш, өзімшілдік, өтірік сияқты жаман қасиеттерді бейнелесе; екіншісі — сенім, шындық, мейірім, адалдық секілді жақсы қасиеттерді бейнелейді. Бұл екі қасқыр сәт сайын, қадам сайын айқасып, өмір бойы күресумен болады. Ішіңдегі осы

екі қасқырдың қайсысын көбірек қоректендірсең — сонысы жеңеді екен. Баланы ризашылық сезімге үйрет. Бұл — қасиетті сезім. Балаларың бақытты болмай, саған бақыт жоқ, бірақ, олар сенің қайғына да қайғырсын. Балаларынның досы бол, бірақ, құрбысы болма. Балаларыңмен қатар бол, бірақ, биігірек, жоғарырақ, ең жақыны бол, бірақ, бірден қол жеткізерліктей емес. Балаларыңды дүние туралы емес, іс туралы ойлауға үйрет. Балаларыңды байлыққа емес, мейірімділікке, қуануға үйрет. Өзіңіз балалар алдында ашық түрде жұмыс істеңіз, сіздің істеріңізді, шаршаған көздеріңіз бен қолдарыңызды көрсін. Ең қымбатың — асыл анаң. Анасына үш жасар қыз — көмектессін, үш жасар ұл — қорғасын. Анасы қызмет істеп жүргенде, ешкімнің отыруға хақы жоқ. Жер бетіндегі мейірімділік, ізгілік, қайырымдылық, жақсылық атаулының бәрі де ананың ақ сүтінен тарайды» — деген өсиет қалдырып, өмір сырын айшықтап берген екен.

— Нағашыңыздың тәлімі — табиғат-болмысыңызға ықпал еткен тәрізді. Абай ақынға ұқсап, ұлағат айттыңыз..

— Абайды айрықша іңкәрлықпен оқимын. Ой мен сезімнің селін ағызып, тоғанын тұрғызған алып қой. Абай айналасындағы жұрттың мінез-құлқы мен харекетінің ғана емес, киім-кешегі мен тұтынған заттарының да үлкен сыншысы болды. Абай киімді өте таза ұстап киген, «киімің ескі болса да — таза болсын, сыны кетпесін, күтіп ки» деп, кеңес беріп оты-

рған.

Таяуда Абайдың күні бүгінге дейін баспа бетін көрмеген, еш жерде жарияланбаған өлеңінің табылғаны туралы ақпарат шықты. Елмен бірге мен де елең ете қалдым. Абайдың ертеректе жазып, ерен-сіз тастап кеткен бір өлеңі тәрізді. Бірақ, базбіреулер: «Бұл — Абайдың өлеңі емес, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Шаруа және ысырап» деп те жатты. Меніңше, біз қазақтың бас шайырын танудың алтын арнасын байыта беруіміз керек. Ал, Абайдың бір қолжазбадан табылған әлгі өлеңі һәм киім туралы тәмсілі мынадай:

«Қайтер еді, жігіттер,
тым қымбатты кимесек?
Мақтан үшін бүлісті [1],
үсті-үстіне үймесек.
Қаладағы байлардың,
ыңғайына билесек.
Орта кисек — ұрса ма,
біз ешкімге тимесек.
Бұзақылық емес қой,
құр нақақтан күймесек.
Елтірі мен теріні,
жақсы қылып, илесек.
Әрі жылы, әрі берік,
жыртылмайды сүйресек.
Керім, кербез кей жігіт,
жақтырмайды «бүй» десек,
Боламыз ба жазалы,
шаруаны жөндесек?
Әміркенски мәсі, етік [2],
парыз болып шықты ма?
Аяғыңды зорлық қып,

біреу оған тықты ма?
Өңі жылтыр демесең,
опайкеден [3] мықты ма?
Етігіңнен именіп,
жауың қорқып, бұқты ма?
Пұлды киім — борыш боп,
алқымыңнан сықты ма?
Науқас болып немесе,
қазаққа да жұқты ма?
Орынсыз шашқан ысырап,
абұйырыңды жықты ма?
Ұрсыңқырап айтамын,
ерегеспей ұқтың ба?
Үш теңгелік сөкінадан,
мәліскен [4] берік емес пе?
Сыпайы тігіп, жөн пішсе,
құла төбел [5] емес пе?
Шәй ішпей-ақ сүт ішсек,
жұтата ма, кеңеске?
Бал қоспай-ақ — май қоссақ,
келген қонақ жемес пе?
Мұнша неге құмарсың,
түбі пайда емеске?
Күміс тұрман тағынып,
«мен қалай» деп, егеспе.
Қарызданып күн сайын,
шаруа кетті келмеске.
Өкінерсің, көрерсің,
не таңертең, не кеште...
Қымбат ішік, қыл шапан,
попыраш [6]тарттым мақтанып.
Үстімдегі киімді,
тігінші тіккен, ақша алып.
Күміс баулы сағатым,
қолымда тұр сақталып.
Резинке калошым [7],

аяғыма шақталып.
Қуанып өле жаздаймын,
киіміме мақтанып.
Бәрі борыш өйткенмен,
бір күн өтіп кетеді-ау,
іш-қарынды ақтарып...»

(1. Бүліс — мақпал қатарлы кездеме.2. Әміркенски мәсі, етік — әмірқан етік.3. Опайке (фуфайка) — бұзау терісінен өңделген былғары.4. Мәліскен — сырттық қалың мақтаның бір түрі.5. «Қола көбел» емес, «құла төбел» болуы мүмкін. Құла төбел — «орташа» дегені.6. Попыраш (папирос) — темекі.7. Разинке калош (резинка)).

— Пай-пай, шіркін! Абай қазақтың қара сөзі мен қоңыр өлеңіне қамшы салдырмайды ғой: қисық ісіңді — түзеп қояды. Абайдың тәмсілдерін терең сіңіргеніңізден де шығар, әлі күнге дейін нағашыларыңыздан қол үзбепсіз...

— Анашымның ауылынан қалай қол үземін?!. Анамды қатты сағынғанымда, нағашыларымның ауылына тартып кетемін...

Менің анамның тәрбиесінде болған нағашыларымның бәрі іскер, дүниетапқыш, лауазымды, жүріс-тұрыстары тұлғалы болды. Әкелері Әйтімбет — менің нағашы атам — он колхозды қосып жібергенде, он колхоздың басшысы болып шыға келген. Нағашы атам көбіне «троцкийшіл» атанып, жапа шеккен Қазақстанның сол кездегі басшысы Құлымбетовтің үйінен шәй ішкенін марқайып, айтып отыратын.

...Біздің институтта оқитын көкөзек кезімізде қатқылдау Байболыс нағашым үстіне қара костөм-шалбары мен қара топлиын, сол кезеңнің сәнді «нейлоновый» көйлегін киіп алып, ешкімнен сұрамай, автобусқа отырып, кетіп бара жататын...

Анамның тәртібі темірдей, тәрбиесі сұмдық еді. Басына әкемнің бөркін киіп алып, қол-аяғын байламайақ малдың кеңірдегінен іреп, сойып жіберетін.

Бір күні он шақты жігіт бір асау өгізді машинаға мінгізе алмай жаттық. Шешем үйден шықты да: «Әй, екеуің үстіне шығып, басын тартып тұр!» — деді. Шешем құйрығын «пырт» еткізіп бұрап жіберіп еді, өгіз атқып, көлікке өзі шығып кетті...

Қырқымдағы анамның шеберлігіне ешкімнің дәті жетпейді. Колхоздың қойын қырқуға күн сайын оншақты адам келеді. Оншақты еркек пен анам күніне елу қой қырқуға жарысқа түседі. Еркектер бір қой қырыққанда, менің шешем төрт-бес қойды тақырлап тастайды. Қырықтықты бес-алты рет қана салып, айналдыра береді. Елу тоқтыны анам бірінші қырқып бітіреді. Әкем азаннан кешке дейін ілесе алмайды.

Ол-ол ма, адуынды анашым әлгі оншақты кісінің азанғы, түскі, кешкі тамақтарын әзірлеп, арасында айран-сүтін жасап үлгереді. Не деген өжет өріс, ілкімді іскерлік десеңші! Анамды сыйлағандығым сонша — ешқашан бөлмесіне рұқсатсыз кірген емеспін...

— «Үйдің жақсы болмағы — ағашынан,

Жігіттің жақсы болмағы — нағашыдан» дегенге айтар уәжіңіз бар ма?

— Менің бабам бай-бақуатты екен. Ал, атам қарапайым көкпаршы. Әкем қой баққан қатардағы адам. Соқыр қой ізіндей сорабын іздесем, бізге кісілік — нағашы жақтан келген тәрізді. Шындықтың шып-шырғасын шығармай, ақылдың тараз-ысымен өлшесем, тура сөйлеп, кесіп айту — нағашы жұртымның жарамды қадеті. Құдайға шүкір, қазір сыншыл жұртымның жалғасы жайсаң жайлау іспетті: қызметте де, істе де бала-шағасы: аймаңдай ұлдары мен құндыздай қыздары ат басын тартып, жайдары жаз күніндей жайнап, өсіп-өнуде.

ТУЫСЫ БІРДІҢ - УЫСЫ БІР

Асыл аға, алғыр іні...

«Әке-шешеміздің көзі тірі кезде: «мынау – менікі, мынау – сенікі» дегенді білмедік...»

Амангелді Көлбайұлының әңгімесінен.



— Ата-ананың мақсұт-мұддесі тым терең болады екен: «Ұрпағым ұйымшыл болса, бір-бірімен «шәй» деспей, ынтымақпен ғұмыр кешсе...» деген асыл арманның құшағында жалғанын жалғайды екен. «Айтысқан — ауыл болмас, Болыспаған — бауыр болмас» деген даналық содан қалса керек...

— Рақым — менің артымнан ерген, туған інім ғой. Әкемнің арманы — мені совхоздың «бас инженері» қылу болып, жетінші класты бітіргенімде «Дзержинский» атындағы техникумның «механика» факультетіне оқуға берді. Бірақ, бұның баяны болыңқырамай, бір кетіп-бір келіп жүріп, ақырында, «пединститутқа» табан тіредім. Сол кезде мен тиянақтып оқуымды бітіру үшін ақша керек болғасын, Рақым Шәуілдірдегі нағашыларымызға барып, жүргізуші болып, көлік айдады.

Мен оқуды бітіруге жақындағанда Рақымды апарып түсірдім. Кейінірек Түркістанның арғы жағында Қызылшаруа деген жерде мектептің директоры болып,

жұмыс істедім. Отбасының күллі шаруасы Рақым екеуміздің мойынымызда еді.

Інім ізденісті, ізгілікті жігіт болып өсті. Бейнеттен қашқан жоқ, қиындықтан қорықпады. Жоғарғы оқуға сырттай түсіп, «бас инженер» де болды, «Көлік вокзалының бастығы» лауазымын да атқарды.

Дәп сол кезеңде екеуміз қимастықпен қоштасып, екі жерде тұрдық: ол — қалада, мен — ауылда. Сосын, мен де қалаға келіп, өзімнің жеке кәсіпкерлігімді аштым. Інім екеуміз еңбектен мойымадық: талай шаруаның тізгінен ұстадық. Бітпес бейнеттің арқасында бала-шағамызды жеткіздік.

— Іниіңіз кішілігін арқаланып, тым еркелеген кездері болды ма?

— Бәлкім, бала кезімізде бірлі-жарым болған шығар, бірақ, ес білгелі, Рақымның серігі — еселі еңбек. Кішкентай кезімізде екеуміз шалғы шабуға барамыз. Мен үлкен болғасын, аздап атамандығым бар. Түн жарымында әке-шешеміз маған ат, Рақымға есек ерттеп қояды. Ұйқы көрмейміз, торғайдан бұрын тұрып кетеміз. Кешке дейін терлеп-тепшіп, қайтарда шөп артып әкелеміз...

Адамды жетілдіретін де, адам қылатын да, ел ішінде кісі қылатын да, топ алдында сөйлететін де — еңбек. Рақымның екі қанаты — еңбек пен бауырмалдық. Кеңдігі де — кемдік етпеді. Ауызбіршілікті бала-шағасымен көпке өнеге болып отыр.

— Татулық — тауға шығаратын тірлік,

мәмілелік — мәуелі бәйтеректей биік береке ғой...

— Бәлкім, «Арбаның басы қайда жүрсе, соңы да соның ізін басады». Тәубе, әулетіміз тату. Бөлісетін де, бөлектенетін де ештеңе жоқ. Рақым екеуміз құда-жекжатқа бастайтын ақсақалмыз. Ел аман, жұрт тыныш, бала-жағамыз қасымызда: ешқандай арызым жоқ. Балалар өсіп-жетілді, немерелер жұмыс істеп, екеуміз де шөбере сүйдік.

«Болғанда анаң — дария, әкең — кеме,
Апа мен сіңілілерің — алтын бауың,
Артыңда інің болса — болат қылыш,
Алдыңда ағаң болса — асқар тауың»

— демекші, мәуелі бәйтеректей болдық...

«БАЯН ЖЕҢГЕМ КЕЛІН БОЛЫП ТҮСКЕНШЕ, РАҚЫМ АҒАММЕН БІР КӨРПЕДЕ ЖАТТЫМ...»

Төрегелді Көлбайұлының әңгімесінен.

...Рахымнан кейін үш қыздан соң, мен — Төрегелді 1959 жылы дүниеге келдім. Туған күннен бастап, Рекеңнің көз алдындамын...

Әкем малда: көктемде шығып, күзде келеміз... Киіз үйде тұрамыз, үлкен қалың көк көрпеміз болатын: Рақым екеуміз бірге жамыламыз: кенет, жеңге түсіп, Рекеңнен айырылып қалғанымда, ә дегенде, жеңгемді жақтырмай қалдым...

Рақыммен арамыз он жас болса да, тете құсап өстік. Құпия бірдеңе айту, қазіргідей шыж-быж деген бізде жоқ. Мен қазір бір көрпеге екі немеремді жатқыза алмаймын. Екеуі екі жағымда жатпаса, төбелесіп қалады. Адамда мейірім азайып кетті ме, қайдам...

Жеті жасымнан бастап, ағамды таныдым. «Момынбек атаның шүмекі» дейтін жердің соның жағасында тұрдық. Рақым мектептен кейін оқуға түсіп, жерасты қыртыстарын зерттейтін мекемеге кірді.

Біз ол кезде ауданның орталығында тұрдық. Мектеп жанында, талы көп, суы мол. Жүзім, алма самсап тұрады, көкөніс ырғын. Жарық бар, біздің тамымыздың төбесі қызыл қаңылтыр болғанддықтан, жұрт «Қызыл түлкелі Көлекеңнің үйі» деп атайтын.

Рекең мені техникаға тартты өзім де құмарлау болдым. Әйтпесе, «Зорлап қосқан тазы — түлкі алмайды» ғой. Анау кенжеміз еркетайы болды... Үлкен — үлкендігін бәлсінеді, кеші — еркелігін істейді, ең дұрысы, алтын белдік, ортаншы болу екен. Бүгінде өзім де немерелерімнің ортаңғысын жақсы көремін.

Сосын, Қылжалақ ауылына қоныс аудардық. Осындағы кісі айтса — сенбейтін титтей мектепте үшінші класқа дейін оқыдық. Күйбасар деп аталатын жердегі бастауыш мектептің бірінші класында үшеу-төрт бала, екінші класта үш-төрт бүлдіршін, үшіншіде де — сонша, қысқасы, бар-аяғы

оншақты оқушыдан асып-жығылады. Бір ғана мұғалім бар, сол кісі — әрі ұстаз, әрі директор, әрі «завуч»...

Рақым әскери борышын Германияда өтеді. Оралғандағы ойран киімін көрсең, көзің қызығып, ішің қызынады: тік жағалы кәстөм, сымбатын сұлулатқан «галифе» шалбар, жалтылдаған қырым етік. Қазіргі ондай киім генералдарда жоқ...

Мен білетін — ұйықтамайтын жалғыз адам — Рақым. Мәшинесі де «шаршап»-бұзылмайды, өзі де тыным таппайды. Бүгін — Тәшкенге, ертең — Түркістанға, арғы күні — Жетісайға жол тартады... Бір күн — тоғайды аралап, екінші күн — дала кезіп кетеді. Үйге көлігімен түстік ішуге келгенде, мен абайлап, «дырылдатып» шығатынмын...

Кісіні көзінше мақтаған ыңғайсыз ғой, сыртынан айтарым мынау: Рақым ағам болмағанда, мен қатардағы қара шопыр болар едім. Қазір мекеме директормын. Қарамағында он шақты адам бар. Үш бала, бір қызым өсіп-жетілді. Екеуі — мемлекеттік қызметте істейді.

Рекеңнің бауырмашылдығы мен қайырымдылығына қызығасың: ертеректен мәшинаммен Шымкентте жол жүргелі тұрсаң , жақындап келіп, жәй ғана: «Тиын-тебенің бар ма?» — деп, сұрайды. Намысқа тырысып «бар» десең де, қолыңды құр қалдырмайды. Тіпті, алақаныңды толтырып, тапсырған затынанан екі еселеп көп қаржы береді... Сөздің турасы, біздің әулетіміз жа-

былып, бір Рақымның ілкімділігіне ілесе де алмаймыз...

Көп қызығатын көрнекті қасиетінің бірі: бұл кісі біреуге бергенін айтқан емес. Қазір дүниелі, сұрағыш-тілегіш көп, мен кейде: «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген, жұрт сұрай бергенге, шашыла бермесеңші» десем, жымиып: «Менің атымның Рақымберді екенін ұмытпа!» — деп, өзімді орныма қояды. Расында, Алла Тағаланың қасиетті де қадірлі тоқсан тоғыз атының бірі — бұл кісіге бекерден-бекер бұйырмаған шығар...

Бұл кісі нағашымыздың қолында көбірек жүрді. Нағашымыздың баласын да, немересін де оқу бітіртіп, жұмысқа кіргізіп қойды. Өзі күллі Түркістан топырағының жарқын жауынгері, кәнігі патриоты. «Халық үшін, ел үшін» дейді, әрдайым. Өз басым, ақ жағалылардың халық үшін тірлік істеп жатқанын көрген емеспін. Соны кейде есіне салсам, қолын жоғары шошайтып: «Жаратушы Иеміз бәрін біледі!» дейді...

Рекең бірдеңені бүлдіріп қойып, тығылып жүрген кісі емес. Біреулер жоқшылықта ұрлық істеп қояды, ұрлық істеу — бұл кісінің ойына да келмейді, тек қана адал тер, таза еңбек. Адамның ақысын жемейді: таза еңбектеніп, еселі нәпақаңды ал.

«Ағасы ақылдының — ауылы азбайды, Жеңгесі шебердің — жеңі тозбайды» деген, мен өмір бойы Рекеңнен көрген нәрсемді ғана істеп жүрмін...

Бірде ұмытпайтын бір оқшау жағдай болды. Тоқсаныншы жылдары Рекең қалаға депутаттыққа ұсынылды. Ол кезде депутаттыққа кандидат арнайы бағдарлама жазып, жұртқа нендей жақсылық, қандай көмек жасайтындығын; қалайша іске асыратындығын алдан-ала баяндап беретін.

Әлі есімде, Рекеңмен бірге, ұмытпасам Елтаев деген бір кісі, сосын, газет редакторы Сырым Дағмырзаев және мектеп директоры Рая Дастанова бір жерден — бір орынға таласты. Біз Рекеңді қолдауға бардық.

Негізгі жиналыста газет редакторы Сырым Дағмырзаев тілі шұрайлы, шамамен, жарты сағат жақсылап сөйледі. Елтаев деген азамат та ешкімнен кем түскен жоқ.

Кезек Рекеңе келгенде, бұл кісі мінберге шығап: «Жігіттер, мен бағдарламамды оқымаймын. Ортамызда «арпа ішінде — бір бидай», жалғыз қыз бар екен. Бізді шешеміз мандатымызбен қосып туған ғой, бәріміз осы қыз баласына берейік, даусымызды...» — деді.

Жұрт абдырап, аң-таң қалды. Басқа талапкерлер шулап, өкпелеп жатты. Рекең айтарын айтып, шығып кетті... Ақырында, әлгі әйел кісі сексен пайыз дауыс алып, жеңіп шықты.

Қазір халықтың алдына бір рет бармай, «облыс мәслихатының депутаты» болып жүргендер бар. Рекең сайлауға түскенде бұғып қалмады: ұялған да, қорыққан да, жиіркенген де жоқ. Жақсысы мен жама-

ны, масы мен сауы, тентегі мен шоқпары аралас қалың жұрттың арасында жүр...

Рекеңнің өмірлік қосағына деген мейірімі өзгеше, осы уақытқа дейін келіншегіне саусағының ұшын тигізген емес. Бұл да — біз үшін үлкен үлгі.

Сірә, қырық жасқа келгенде ғана Рекеңнің шылым соруға қолы әзер босады...

Біз көпбалалы отбасынан шықтық, қазір жетеуміз тіріміз. Мен үшін басқа бауырларым — бір төбе, Рекең — бір төбе. Өмірімнің өнегесі, тағдырмның темірқазығы, десем болады...

«АҒАМНЫҢ АРҚАСЫНДА
АСҚАР ТАУДА ЖҮРГЕНДЕЙ
ӨМІР СҮРДІМ...»

Сара Көлбайқызының әңгімесінен.

Рақымберді ағаммен арамыз екі жас, туған қарындасымын. Анам мені көтеріп, жүкті болғанда, Рақым әлі емізулі екен. Құлын-тайдай тебісіп, қатар өстік. Отбасындағы үш қызға да жәрдем жасады: қазір үшеудің біреуі қайтты, екеуміз қалдық. Бала кезінде Рақым сәл қомағайлау болатын, тамақты еркек бауырларынан таласып-тартып алып, бізге — қыздарға беретін. Бес саусақ бірдей болмайды, басқаларға қарағанда,Рақымның қыз балаға деген жүрегі елжіреп тұрады. Бір-бірімізді тыңдап, айтқанымызды екі етпедік.

Рақым анамызбен ақылдасып, тірлікті кеңесіп шешетін. Шешеміз дүниеден өткенше, алдын кесіп өтпеді. Анама арқа сүйегені — абыройын арттырды, ризығын еселеді, шүкір бала-шағасы өсіп-өніп жатыр...

Арыс ауданының Аралбай совхозында тұрып, мен үздіксіз отыз екі жыл«акушерка» болып, талай нәрестені дүниеге аман-есен келуіне дәнекер болдым. Аймақта айтулы маман, үлгілі акушерка атандым.

Өткен ғасырдың ақырына таман ел егемендік алғанда, күйеуім жуастау жігіт еді, жұмысында қысқартуға түсіп қалды. Сонда Рақымберді ағам: «Бұлай қол қусырып отырғандарың болмас» — деп, бізді ауылдан Түркістанға көшіріп алды. Тойхана салуда ақылын айтып, білгенін үйретіп, ақшалай да көмектесіп, тірлік жасадық...

Әттең дүниенің бір кемдігі: «Қанаты бүтін — сұңқар жоқ, Тұяғы бүтін — тұлпар жоқ», Рақым ағам бала-шағасының етегін жинап, есін жия берген мезетте, тағдырдың ызғарлы да адуынды дауылы соқты...

Мен ұмырада жүргенімде, жүрегім шаншып, мазам кетті. Сөйтсем, Рақым ағатайымның балаларының алды, көңілінің төрі, аяулы ақылшысы Ерқанат інім қапыда кетіпті...

Сапарластарым менің қалта телефонымды әдейі «бұзып тастап», маған «бұзылып қалды» деп, інітайымның хабарын естіртпеді де, айтпады да...

Бәрібір, сырқаттанып қалдым, дәрігер мәселесі қиындау екен, жанымдағы қыздар көмектесіп, әйтеуір, жаным қалды. Өзім бүк түсіп жатып қалсам да, хал-қадерімше әке-шешемнің, әпкем-інімнің атын атап, бес күн ұмыра жасадым. Мен ұмыраға аттанарда, Ерқанатым: «Әпшежаным!» — деп, бір күн қасымда жатып, әңгімесін айтып кетті. Қоштасты ма екен, құлыным...

Рақым ағам мен Баян жеңгемнің қабырғалары қайысты. Екеуі де еңкейіп, отырып қалды. Сұмдық соққы болды. Қатты күйзелістен, қалпақтай ұшқан ағам ауырып Мәскеу асып, ем-дом алды. Есімізді енді жиып жатырмыз... Әгәрдәкім, Мәскеуге тағы жолы түссе, мені де апармақшы: «Уақытында бейнет қылдың ғой, сен де көрініп келші» — дейді, ағам...

Әрбір ағаның қарындастарына көрсеткен жақсылығы осындай-ақ болсын. Ағамды сыйлағандығымнан «сен» деп, бетіне келмеймін, алдынан көлденең өтпеймін. Шынайы қамқоршым, әкемнің орнына «әке» болған, жаныма айрықша ыстық, ең жақсы көретін ағам Рақымберді. Баян жеңгеміз де анамыздың орнында «ана» бола білген, берекелі-бірлікті, қолы кең, жолы ашық асыл адам. Жеңгем бүгінге дейін біреуміздің бетімізге «сен» деген емес. Бұл ошақтан қолымызға ілініп, көңіліміз құлаған нәрсені еркін алып кете береміз...

Рақымның риясыз рақымын, көлкөсір жақсылығын ешқашан ұмытпаймын! Разы болғандығым сонша: «Ол өлгенше, мен өлейін» деймін. Ағамның арқасында

асқар тауда жүргендей өмір сүрдім. Құдайдан тілейтінім: аға-жеңгеме жалғанның жамандығы жоламай, бала-шағаларының рахатын көрсін!

Өзімде қос өріс, үш атұстарым өз беттерімен тірлік жасап, қызмет істеуде. Мен зиялы зейнетте демалып жатырмын. «Шөберенің қолынан май жаласақ» деген ақжарма ниет бар...

***

Рақымберді Көлбайұлының аға-інісі мен қарындастарының есті естелігі — қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы туралы ғибратты сөзді, дәлірек айтқанда, шайырдың Қорамжан деген ұрыны сырлы сөзімен, нақты ісімен тәрбиелеп, тәлімді өнеге көрсеткенін еріксіз есімізге түсірді.

Бұл айтулы уақиға былайша баяндалады: «Жігітек дейтін рулы елде Қорамжан дейтін кісі болды. Қорамжан тілге шешен, айтқыш кісі екен. Өзі кедей еді, ұрлық істейді екен.Бір күні Абай Қорамжанды шақыртып алып:

— Қорамжан, сенен бір нәрсе сұрайын деп шақырдым. Бересің бе? — дейді. Абыржып қалған Қорамжан:

— Алыңыз, алыңыз, — дей берді. «Жалғыз атынан басқа түгі жоқ Қорамжаннан не сұрайды екен?» деп, басқалар таңырқады. Абай Қорамжаннан көзін айырмай:

— Маған ұрлығыңды берші, — деді. Қорамжан төмен қарап:

— Жоқшылықтан ғой, Абай аға. Аштан өліп, көштен қалмаспын, — деді.

— Ой, шіркін, осы елде сенен басқа кедей жоқ па? Сол кедейлердің бәрі бірдей ұры ма? Онан да: «Бала күннен алған тәрбие, үлгім еді» десеңші. Кәзір осы ауылдан үш-төрт түйе ал да, үйіңді көшіріп әкел. Ұрлыққа қош айтысып кел! — деді Абай.

Сол күні Қорамжан көшіп келді. Ол ұрлықты мүлдем қойып, ел сөзіне араласып, қабырғалы, инабатты адам болды. Абайдың ауылына келген Қорамжан «ұры» атағынан құтылды. Абай Қорамжанды талай дауға, ел арасының бітіміне жұмсады.

Бірде ауыл көшіп-қонып жатқанда, Абайдың балалары Қорамжанның үйінің жанында ойнап жүргенде, Қорамжанның бір келіні үйдің бауын «байла» деудің орнына «жапсыр» дейді. «Бірдеме түсіп қалып еді» деудің орнына «қонып қалды» дейді. Әкесі Абайға бұрын естімеген жаңа сөздерін кешке айтып бергенде, Абай балаларына былай дейді: «Бір адамның, не бір заттың аты — әйелдердің қайнағасына, не атасының, не сол елдің бір үлкен адамының атымен аттас болса, сонда ол адамды, не сол заттың атын атамайды да, жалған ат қойып алады. Мысалы, үлкен атам Құнанбайды халық «Тәте» деп атаған. Кеңгірбай биді «Қабеке» деп атаған. Жас әйелдердің «әтиім», «сылқым», «ортаншым», «тетелес», «кішкентай», «төрежан» деп қайындарына, аталарына жалған ат қойып алуы да — сол ғұрыптан шыққан, әдепті болудан шыққан. Ал, Қорамжанның келіні

«бауды байла» деудің орнына «жапсыр» дегені, «түсіп қалды» дегеннің орнына «қонып қалды» дегені — әдепті болудан, үлкен-кішіні сыйлаудан, ата-аналардың атын атаудан ұялғандықтан шыққан емес. Ол — Жігітек дейтін елдің ұрылары көп болады. Қарулылары ұрлыққа аттанғанда артында — қалғандары тілеуін тілеп: «Ұры қолға түсіп қалды» деген — жаман сөзді айтсақ, шынымен, аттанған ұрыларымыз қолға «түсіп қалады» деп қорқып, «қонып қалды» деп сөйлейді. Ұрыны қолға түссе, байлап қояды. Сондықтан, «байлау» деудің орнына — «жапсыр» дейді. Олар мұны ырым қып айтады. Қорамжанның келіні жаттығып, дағдыланып кеткен сөзін айтып жүр. Болашақта келін ондай сөзді айтпайтын болады. Ұрлыққа аттанбайды және ұрлық істейтін ұрылармен көрші болмайды. Сендер балаларын өздеріңе жақын тартып, оқуға шақырыңдар, тату болыңдар!»

Мінеки, Абайдың ақылының дариядай мол, даладай кең екендігінің дәлелі. Береке-бірлігі бекем ел — сөзге тоқтайды, ел бастаған көргенді көсемді көрнекті етеді: шешімінен ши шығармай, пікірінен пайым байлайды.

Рақым ағамыз да — құдай пейіліне берген, әулетін түгел демеп, басие болған; әрбірінің аузын аққа, қолын жақсылыққа жеткерген жайсаң жан; жақын-жұрағатының маңдайына басқан тірегі, әкедей арқа сүйер ақылшы азаматы.

ЖАУҒА - МЫЛТЫҚ, ДОСҚА - ЫНТЫҚ

Асыл аға, алғыр іні...

Әуез Айтметов айтады
(Рахым Көлбайұлының досы)

Қазақ халқында: «Ең жақын жан досыңды көрсет, сенің кім екенінді айтып берейін» деген бір ғибрат бар...



...Рақымды жарты ғасыр білемін, елу жыл — бір адамның өмірі. Қазақты мынадай ырым бар: «Сәбиге қарғыс өтпеу үшін оны үш кемпірдің бұтынан өткізіп алады». Меніңше, Рақымды үш емес-ау, отыз кемпірдің бұтынан өткізіп алған сияқты. Әрине, пенденің шалыс баспайтыны, артық айтпайтыны болмайды. Жұрттың бәрі сыпыра мақтап, тілеуіне қоспайды. Тілі қышып, жөнді-жөнсіз сөз тигізуге құмарлар көп. Сондайда құдайға: «Рақым досымды тіл-көзден сақта!» — деп, дұға қыламын...

Рақаңа мансап-қызмет те, бақ-дәулет те, абырой-бедел де, бес мәрте депутат мәртебе де келді. Асынып-тасынған жоқ. Қазір қарттықтың аулына бет түзеді. Балалық шағынан — қария шағына дейін білемін: адами қасиеттері еш өзгермеді. Мен көрген-білген болмыс-бітімі берік, мінезі мір жалғыз адам — Рақым.

***

...Бір досымыз Мемлекеттік қа-

үіпсіздік комитетінде қызмет істеді. Жақсы жігіт еді, марқұм ертерек өтті, дүниеден...

Сол заманда жаңа кітаптарды кітап дүкенінен де, басқа жерден де таба алмайсың. Негізі, басында оқуымды орыс мектептен бастаған мен кітапқұмар болдым, орыстың классик жазушыларының кітаптарды кешке бастап, азанға дейін оқып бітіріп тастаймын.

Бір күні әлгі «комитетші» марқұм досым «кітаптарға алдан-ала тапсырыс беріп, жазылуға болатындығын» айтты. Түркістандағы қазіргі екі «Дәулет»-тің арасында арық болатын да, жанында кітап дүкені бар еді. Бір кәрі адам кітап дүкенінің сатушысы болып істейтін. Сөйтсем, қаланың бүкіл «кітаптарға алдан-ала тапсырыс»-тары бәрі осы дүкенге түседі екен. «Комитетші» досым ертіп апарып еді, кітап дегенің — телегей-теңіз көп. Достоевскийдің, Чеховтың, Тургеневтің т.б. тау-тау томдары.

Жақсы кітап — адамды тәрбиелейді, дүниетанымын кеңейтеді. Жақсы дос — адамдарды сүйгізеді, кешірімділікке тәлімдейді. Сол себепті, «Досы көпті — жау алмайды, ақылы көпті — дау алмайды». Менің тәрбиешім — кітап болса, тәлімгерім — Рақым болды...

***

1970 жылы әскерден отан алдындағы борышын адал өтеп оралған қылшылдаған жас жігітпін, мамыр айында «Жолашылардың көлік мекемесіне» (ПАТП) жұмысқа

түстім. Арада екі жылға таяу уақыт өткенде, біздің мекемеге Рақым менің «ауысым серігім» болып келді.

Рақымды бұрыннан танитынмын. Екеуміз де жаспыз, ол ауылдан келген қазақы тұрпатты тылсым жігіт, мен қаланың қағылезімін: бір-бірімізді тез түсінісіп кеттік. Сырбаз сыйласып, тәжірибе алмастық. Ол уақыттың техникасы жетіксіздеу болғанымен, «сүйегі» мықты болатын.

Қысқасы, біздің көлігімізге күрделі жөндеу қажет болды: моторын ауыстырып, жаңа «коробка» қойдырып, артқы белдеуін салдыру қажет. Көлікті «Алматы жөндеу зауытына» (АРЗ) апаруымыз керек.

Рақым екеуміз үлкен қалаға сапар шегіп, менің орысша оқыған пысықтығымның әсері ме, әйтеуір, зауыттың директорының үйіне бір-ақ бардым. Рақым ішке кірмей, сыртта күтіп, қалып қойды. Зауыт басшысы бір мыңболғыр азамат екен, жайдары қарсы алды. Әйелі де мінезі биязы, әдепті әйел болып шықты, бізді қияннан келген туысындай сыйлап, дастарханынан дәм татқызды. Зауыт басшысына имандай шынымызды жайып салдық. Құдайдың шапағаты түскен азамат екен, балалық-шалалығымызды елемей, қарапайым-қарабайырлығымызға қарамай, автобусымызды мұздай жаңалап берді. Ол кезде Рақымның әкесі мен шешесі бар еді, «Қызыл шаруа» ауылында тұратын. Үлкен кісілер жас балаша шаттанып, шексіз қуанды.

Сөйтіп, темір «тұяқ» ұлпарымыз-

бен берекелі іске бел шешіп кірістік. Сол кезеңде Түркістаннан — Тәшкенге біраз жұрт қоныс аударды. Кеткен жұрт пен қалған елдің арасы үзілмеді: туыс-бауыр, құда-жекжат үзілмейді. Біздің жаңа көлігімізге тойға, құдалыққа, беташарға, сырға салуға, сүндет тойға және толып жатқан басқа басқосуларға тапсырыстар түсе бастады. «Арамыз ашылып қалмасын» деген қариялар «қызды осы жақтан алыңдар, келінді бұл жаққа беріңдер» деп, пәтуаға келетін тұғын. Сунақтан, Шорнақтан, Бабайдай аққудай келіндер түсіп жатады...

Рақым екеуміздің бойымыздағы қызу қайнап тұр: Тәшкенге, Шымкентке баруға құстай ұшамыз. Өзбек астанасындағы қызылды-жасылды бағдаршамдарға қатты қызығамыз. Елдегі жігіттерге жыр қылып, айтып береміз. Жол — нашар, бірақ, қайран Қазығұртқа аңсарымыз ауады да тұрады: табиғаты тылсым, жері сұлу. Ұзақ жолды — қариялардың қызық қиссалары мен әсерлі әңгімелері қысқартып тастайды.

***

Әупірімдеп, су жаңа «ВАЗ» дейтін көлікке де қолымыз жетті. Рақымның әкесі — Көлбай көкем сондай бір кеңпейіл, жомарт адам еді, үлкен бір қой атады. Бала-шағалы болып қалғанбыз, гараждағы жасы өзіміз қатарлы бес-алты жігіт отбасымызбен қоян-қолтық араласамыз.

Сырдарияға көкке шығып, демалыс құрамыз. Бірде Көлбай көкем салмағы қырықшақты келі жайын аулап қойыпты.

Жабайы балық көрмеген әйелдеріміз бен бала-шағамыз улап-шулап, мәз-мейрам.

Жастау кезінде балықты мықты аулаған Көлбай көкем қысты күні барсақ: «Қоян атып келейін ба?» — деп, шыр-пыр болады; күзгісалым: «Қырғауыл атып келемін, шырағым!» деп, мылтығына ұмтылады...

Көкеме көп баратын едім, бір күні басымыз жиналғанда: «Әй, Әуез! Үлкен ұлым — Амангелді, одан кейін — сен, сосын, Рақым. Сен де — біздің бір баламызсың» — деді. Бұрыннан да араласып жүрсек те,сол күннен бастап, ресми һәм жария түрде Көлбай көкемнің өкіл ұлы, сол шаңырақтың бір баласы болдым...

***

...Созақ деген жерге автобуспен қатынаймыз. Көбіне күні суық, таулы аймақ, желі қатты. Бір жолы жоғарғы оқу орнында бірге білім алған созақтық жолдастарым кездесіп қалды. Бұл өңірдің халқы өте қонақжай, тамақты тәуір дайындайды, дастарханы мол, көңілі ақжарқын. Жолдастарым үйіне қонақ қылды. Не керек, сол құдайсыз заманның жазылмаған заңы іспетті — тентек су араласқан жер оңбайды, мұрттай ұштым. Азанда кенезем кеуіп барады: «Рақым, ауырып, болмай бара жатырмын» — деп қоямын, жастық қуат кемел, бірден жолға шықтық. Басында: «Рақым, асықпай жүр» — деп, тоқтау салып отыр едім, Жуантөбе (Степной) дейтін жерден (уран қаза ма, барлау жұмыстары

ма, әйтеуір, кислота таситын ұзын үлкен машиналары болатын) өткенде, адам таситын «ЛАЗ» маркалы автобусы бізден озды.

Шалалық пен шатасу ғой, мен: «Ей, Рақым! Саған не болды, көрінгенді оздырып?..» — деп, шоққа май тамызып қоямын, бірақ; Рақаң лəм-мим демейді. Көліктің жылдамдығын да қоспайды, бірқалыппен жүріп келеді. Сөйсек, бір қырдан ассақ, әлгі ЛАЗ» автобусы аунап жатыр. Бізді құдай сақтапты, Рақымның сабыры жәрдем беріпті.

Жол апатынан жарақат алған адамдарды Бәйдібек ауданының орталығы Алғабасқа қарай таси бастадық. Қылшылдағын жаспыз, бар күш-қуатымызды сарп етіп, көп шаруа тындырдық. Біраз адамның өмірін аман алып қалдық...

***

Уақыт жылжып, біздің де балаларымыз туылып, өсе бастады. Рақым «Бас инженер» болды. «Жолаушы тасымалы» мекемесіндегі жұмыс өте ауыр еді. Мені «Өндіріс бастығы» етіп тағайындады. Жауапкершілігі орасан: бір адамның тырнағы сынбауы керек, бір адамның мұрны қанамауы керек. Мекеменің жарығы да, суы да мойныңда. Құрал-жабдықтарға да, станоктарға да, дәнекерлеуші мен жүргізушіге де, көліктерді жөндеп-майлауға да жауаптысың. Бұл лауазымда он жеті жыл тапжылмай қызмет қылдым.

Рақым күндердің бір күнінде: «Жанар-жағармай бекеті шаршатып жіберді.

Адамдарға сенбеуге болмайды, ал, сенейін десем, күніне төрт жүзге жақын литр бензин жоқ» дейді. Ол уақытта 300-400 литр емес, 30-40 литр бензиннің өзі қиын болатын. Бірақ, мен іске кіріскен бірінші күні тағы да үш жүзге таяу литр бензин жетпей қалды. Ұяттан өртене жаздадым. Бір жағынан, белгілі құралғымен өлшеп, жанар-жағармайдың мөлшерін анық көріп тұрмыз; екінші жағынан, бәрібір, тасымалданған бензин тым аз. «Қарауылдар қолды қылады» деудің де қисыны жоқ, әр цистернаның белгілі мөрі бар. Басым қатты...

Сол арада Рақымның «Межколхозстрой» мекемесінде «механик» болып істейтін Төрегелді деген інісі трактор құюға «солярка» сұрап келді. Төрегелдінің трактористері жанар-жағармай бекетіндегі май құю қондырғыларының жанынан 1,5 метр жерді тереңдеп қазып еді, сасыған майдың иісі мұңкіп, ылғалданып тұр. Сөйтсек, бекеттің май құю қондырғыларының топырақтың астындағы бөлігі шіріп, шұрқ тесіліп қалған екен, есіл бензин жерге ағып, топыраққа сіңіп жатыр. Қондырғыларды жаңартып, ауыстырып едік, шығын сап тиылды.

«Жаман дос — көлеңке: басыңды күн шалса — қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса — іздеп таба алмайсың» демей ме, қашанда адал дос, жақсы замандас болуға күш салдық...

Рақаң бір күні: «Машинаны қоятын уақытың келді ғой» дегесін, «механик» болдым. Сосын, «қауіпсіздік жөніндегі ин-

женер»; тіпті, «профком» жұмысын алып, қарапайым жұмысшылардың құқықтарын қорғадым. «Бас инженерлік» лауазыммен зейнетке шықтым...

***

Қазақта: «Үйге кіріп келе жатқан бала есік алдына құлап қалса — үйге береке, ырыс, байлық келеді. Оны төрге апарып үш рет аунатады» деген ырым бар. Мен Рақаңның табалдырықта құлаған-құламағынан білмеймін, бірақ, жастайынан алға ұмтылуы сұмдық күшті еді. Арамызда кесесі ағармай кеткен жігіттер көп болды. Еселі еңбек — Рақымның ажырамас досына айналды. Бабы да нақты, бағы да шапты.

Директордың бөлмесінде «БК» дейтін дарылдаған ауа салқындатқыш (кондиционер) болатын. Рақым: «Директор салқын жерде рахаттанып отыр. Мен де директор боламын» дейтін...

Кезекті еңбек демалысынан келсем, «Гараж бастығы» болыпты. Мені бір тәуірлеу машинаға ауыстырып қойыпты.

Ал, «Автовокзалға бастығын» алғанда, екеуміз еңселі «Икарус» автобусымен барып, бұйрықты алып келгенбіз...

Рақыммен қайда да бірге шығуға болады, жолда қалмайсың. Көңілінің тазалығы сонша: шын айтсаң да — сенеді, өтірік айтсаң да — сенеді...

***

...Сарықыз апам:«Әуез келіп-кет-

сін!» — деп, сәлем айтыпты.

Апам: «Әй, Әуез! Нағашың Жетісайға прокурор болды, құтты болсын айтып келуіміз керек» — деді, амандасып жатқанымда.

Жетісайға баратын күнді белгіледік. Әбілда жолдасымыздың тәуір автобусына міндік. Жетісайда мақта уақыты екен. Түркістаннан келген қонақтарға арнап, прокурор нағашымыз дәу қошқар жіберіпті. Жұмысы қауырт нағашымыз түннің ортасында есік ашты.

Орыс саясатының осқырынып тұрған кезі, бірақ, қазақтың кеңпейілдігі оған қарай ма, екі күн емен-жарқын аунап-қуанап қайттық...

***

...Менің қайын жұртым Шұғанақ ауылында тұратын еді, Көлбай көкем екеуміз қонаққа барсақ, дәу атыз жоңышқа жайқалып тұр. Жеңіл шәй-пайдан соң, көкем «Орақ бар ма?» деп сұрады. Сөйтті де, өзі үлкен шалғымен әп сәтте әлгі мол да қалың жоңышқаны орып, жапырып тастады. Мен қол орағымман алысып жүрмін. Қайын атам Көлбай көкеме өте риза болып, екеуі жақын араласып кетті...

Рақыммен жарым ғасыр бірге жүрміз. Құдайдың берген беделі: бес рет депутат болды, абыройы жеткілікті. Сол депутаттыққа о баста екеуміз жаяу жүріп, шаң-тозаң жұтып, майлы топыраққа көміліп, дауыс жинадық, оңай түскен жоқ. Ниетіміз

таза екен, еңбегіміздің ақталды...

...Жағымды қария, жұмсақ мінезді, әулие пейілді Көлбай көкем де кетті...

Өр кеуделі, ер жүректі, көңілі аяқаптай ашық да дархан, үрім-бұтағын тәлімді тәрбие мен ерен еңбекке байлаған бейнетқор кейуана Сарықыз апам да жарлық түскен күні кідірмеді...

ҰЛБОСЫН ТАЛДЫБЕКОВАНЫҢ ӘҢГІМЕСІ...

(Рақым Көлбайұлының әріптес-замандасы)

...Мәслихат депутаты кезімде, Рекең «Автовокзал»-дың директоры еді. 1982 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Ауылшаруашылық институтының «Экономика» факультетіне қабылданғанымда, Рекең де «Механика» факультетіне оқуға түскен. Күздегі қырық күндік сессияда Рекеңді институттың қабырғасынан көрдік.

Жас аралығымыз оншақты жас болғанымен, әрі замандас, әрі құрдас сияқтымыз. Ол кісіні «аға» тұтамын, Рекең да «Қарындасым» деп, құрметтеп тұрады. Ағалық қамқорлығын көп көрдім: жаның қысылғанда, адамдық қасиетін көрсете алады. Жұмыс бабында пікір алшақтығы болса да, кек сақтамайды. Қатаң талап та қояды, кешірімі де жылдам: арада сақал сипағанша уақыт өтпей, жағдайыңды сұрап

тұрады. Ағалы-қарындастай сырымызды айтамыз.

Болмысы жанашыр, бітімі мейірімді. Қуанышың мен ренішіңде бірдей ой қосып, азаматтық кісілік көрсетеді. Әкеме еркелеп өскен қызы болғасын, екі мың төртінші жылы дүниеден өткенде жалғызсырап қалдым. Рекең әкемнің орнын басқандай болды: сырымды да, шынымды да бөлісе беремін. Отбасымызбен де қарым-қатынастамыз. Өзімнің Рекеңмен әріптес болғаныма, отыз жылға жуықтады. Бір жерде ұзақ жұмыс істеу — бірінші басшының адами-кәсіби деңгейіне тікелей байланысты. Інім мен сіңілім де қасымда...

Жетпісінші жылдардың аяғында он бір жыл «Күйші» совхозында жұмыс істедім. Үш директор ауысты. Жүгері звеносында жұмыс істеп, аудандық мәслихатқа депутат болдым. 1982 жылы облыстың бірінші хатшысы Асанбай Асқаровтың қолынан мен Газ-24 жеңіл көлігінің кілтін алдым. Қызметіңнің жоғарылағанын, әл-ауқатыңның артқанын көре алмайтын директорларды да көрдім. Совхоздың директоры: «Көлігіңді маған бер» деген әңгімеге дейін барды. «Комсомолдың хатшысы» болғанмын, мінезім тік, бетіне айтамын. Әлгі совхоз басшысы «құда түскен» жеңіл көлігімді тоқсаныншы жылдары сатып, сіңіліме үй алдық.

Рекең — ірі адам. Қызғаныш, көреалмаушылықтан ада. Жаратылысының жақсылығы, жүректілігі имандылығы — үлгі тұтарлық. Мекемеміздегі үш бойдақ қызға

«баспаналы болыңдар» деп, мөлтек ауданнан үй алдық.

Рекең әркез сенім көрсетіп: «Үлеке, өзіңіз істесеңіз, бәрі дұрыс болады» дейді. Сол сенімге көңілім мәз болып қалады.

«Кей құрбы бүгін — тату, ертең — қату,Тілеуі, жақындығы — бәрі сату» деп жатады, мен ондай ошаған емеспін, отыз жыл бір кісінің мінезімен бітеқайнасып, ың-жыңсыз бірге еңбектену — әсте оңай болмас.

Зәрі жоқ, адамгершілігі мол, жүрегі кең Рекеңнен басқа адаммен, қайдам, менің де ұзақ шабуым — екіталай. Мен де адаммын әрі әйел затымын аракідік өкпелеп қалатыным бар. Сондай кезде Рекең түк болмағандай жадырайп сөйлеп: «Мен сені «өзім» деп айтамын, жұмысыңды ретте» дегенде — кірірге қара жерден саңылау таппаймын...

Қазақта, мысалы, сәби өз мезгілінде еңбектемесе — оның бауырынан тағам толы табақ өткізеді, сонда тез еңбектеп кетеді. Мен кейде Рекеңді — бізге тағам толы табақ әкеле жатқан әкеміздей елестетемін, көзіме.

Бәлкім, елдің, ұлттың әкесі осындай болатын шығар...



АТАДАН БӨЗ ҚАЛҒАНША, СӨЗ ҚАЛСЫН!

Рахымның риясыз өсиеті...

Рақаң – қарны тойып, тынық ұйықтағанын міне тұтып, маңғаздана күн кешетін тегін қазақ емес. Саясаттың сырын да, тарихтың тереңін де, ертеңнің еленін де, отбасының ой-қырын да кең көсіле ой талқысына салып, шымыр шешімдерін шығарады.

Рақым Көлбайұлы алаштың ертеңіне еленделп, қарақұрым қытайдың қаупін айтады; қазақтың шыққан тегін тым қияннан іздеп, төрт мың жылға ұзартады; отбасындағы еркектің қадірі мен әйелдің лайықты орыны жайлы ойланады. Рақымның үш өсиеті осындай...



ҚАЗАҚТЫҢ ҚАУПІ — ҚАРАҚҰРЫМ ҚЫТАЙ...

Құдай бетін әрмен қылсын, қазақтың ертеңіне елеңдесем, ең зор қауіп — Қытай! Қара қытайдың қалың экспансиясына — тамырым мен талшығыма дейін қарсымын. Қазақ мұнайының 25 пайызына ие қытай қазақтың біраз мұнай кәсіпорындарын иемденіп, ондаған жылдар бойы қара алтынын дәу құбырлармен тынымсыз сорып жатыр. Президентіміздің өзі бізде 1200 қытай компаниясының жұмыс істеп жатқанын айтты. Қара қытай қазақ жерінде жылдам, нәтижелі, табысты жұмыс істеуге құлшынуда. Битін сығып, қанын сорған; атжалманын аулап, етін соққан құмырсқадай қаптаған қарақұрым — еліне кіргізіп, жеріне енгізіп қойған қазақтың жомарттығына әлі риза емес. Қазақтың ұлтшылдығы мен жершілдігін, шенеуніктердің шалымсыздығы мен қырсыздығын сынайды. Кеңбайтақ жеріміз бен байлығымызға сілекейі шұбырған қытай асыл арманына бір сәтте жете алмаса да, мысықтабандап

жылжып, қазақ топырағын улауға кірісті.

Қытай азаматтары елімізге тынымсыз ағылып келуде, отыз мың қытай — Қазақстан азаматтығын алып, жиырма мың қытай — қазақ қыздарына үйленген көрінеді. Қазірдің өзінде Қазақстанда құжатсыз, жасырынған қытайлардың қарасы миллион адамға жуық екен. Енді 72 сағат «визасыз кіруге» рұқсат берілсе, тәуелсіздігімізге қауіп төнеді, бұл — ақылды ат теуіп алжасқан нағыз көрсоқырлық. Құлығына құрық бойламайтын қу қытайлар сол уақыт ішінде осындағы компаниялары мен қаптаған кәсіпорындарына кіріп жасырынып үлгереді. Қытайдың ұлыдержавалық шовинизмімен соған негізделген жымысқы саясаты ешқашан жойылмайды.

1949 жылы сол кездегі қытай көсемі Мао Цзе Дун Мәскеуге келіпті. Төрт жылға созылған соғыста Кеңес Одағының жиырма миллион жауынгері қаза тапқан ауыр жылдар еді. Қирап қалған мыңдаған қалалар мен селолар әлі қалпына келе қоймаған. Ер адамдар тым аз, жұмысшы күші жетіспейді, ауыр жұмыстарды әйелдер атқарады. Соны көрген Мао Сталинге: «Біз сіздерге 100 мың қытай жұмысшысын көмекке берейік, қираған шаруашылықтарыңды тез қалпына келтіреді» — деп, ұсыныс айтады.

Сонда: «Рахмет, Мао жолдас! Бізді бейбіт жаулап алудың қажеті жоқ!» — деген Сталин шекарашыларға: «Шекарадан бір қытай түгілі, бір шыбыны өтпесін!» — деп, бұйрық түсірген...

Карталарында қазақ жерін «Балқаш көліне дейін біздің жеріміз» — деп көрсеткен «қытаймен достық» деген — бос сөз. «Доспыз» деп жүрген қытай — бірнеше рет тұтқиылдан соғыс ашқан. Қытай 18 ғасырда Жоңғария қалмақтарын бірін қалдырмай қырып, жер бетінен жойып жіберген. Өткен ғасырда Жалаңашкөлде қытай Қазақстан жеріне басып кіріп, соғысқан. Орыстың Сібіріне де шабуылдап, Даман аралдарын басып алып, әскери күштің арқасында кері қуып шыққан. Бүгін Қытайға жалға жер берген Ресей зардап шегуде. Иркутск облысы жеріндегі қытайдың ағаш өңдеу заводының жұмысшылары буряттармен төбелес шығарып, жаңа жеңіл көліктерін трактормен тапап тастаған. Буряттар ағаш заводын жауып, қытайды қуып жіберуді талап етті. Қазіргі таңда Тәжікстан Қытайдан алған қарызын қайтара алмай, өтеуіне Таулы Бадахшан өңірін беруге мәжбүр болды...

1970 жылдары Солтүстік Вьетнам мен Оңтүстік Вьетнам арасында бірнеше жыл бойы қырғын соғыс жүрді. Оңтүстік Вьетнамға Америка көмек қолын созып, социалистік Солтүстік Вьетнам қоғамы компартиясының көсемі Хо Ши Мин Мәскеу мен Пекиннен көмек сұрады. Кеңес Одағының қаржы мен қару беретінін, Қытай қаруға қоса, бір миллион солдат беруге дайын екенін айтады. Хо Шин Мин өз үкіметінен «қайсысының көмегін алайық» деп сұрағанда: «Қару да, әскер де беретін іргедегі Қытайдың көмегін алайық» — деседі. Сонда ақылман басшы Хо Шин Мин: «Қы-

тайдың бір миллион солдатына тағы да бір миллион қызмет көрсететін адамдары қоса келіп, оның бәрін елден шығара алмаймыз. Адам шығыны көп болса да, кеңестің көмегін аламыз, есесіне, отанымыздың тұтастығын сақтап қаламыз» — деген кемеңгерлік шешім шығарады. Бұл — көрегендік геосаяси сұңғыла саясаттың тәлім аларлық озық үлгісі.

Қытайдың көздегені — Қазақтың ұланғайыр жерін қарусыз жаулап алу, жеті басты айдаһар «екі шайнап бір жұтсам» дейді. Көңілге қорқыныш ұялайды. Қазір Қытайдағы қазақтарды зар қақсатқан жантүршігерлік сұмдық оқиғалар дүние жүзін қатты алаңдатып отыр. Бұл — қазақ басшысына астарлы қыр көрсету. Сондықтан, «Қазаққа сырттан біреу келіп, жаны ашып, нан береді» деген қияли ертегіні — түбірімен ұмытуымыз керек. Ешкім, ешқашан Қазақстанға қаржы қыруар құйып, адамы мен техникасын әкеліп, қазақ экономикасының «тізесін жазып, аяғынан тұрғызбайды». Басқа-басқа, діні мен ділі бір түріктің өзі — қазаққа тегіннен-тегін бір тиынын шығындамайды. Орыс пен ағылшынды, американ мен қытайды сөз етудің өзі — ақымақтық. Әркім өзінің пайдасы мен мүддесін көздейді.

ТАМЫРЫМЫЗ — ТЫМ ТЕРЕҢДЕ...

Қазақ халқының 40 ғасырлық антропологиялық тарихы ғылыми анықтамалармен толық дәлелденді.Төрт мың жылғы

сүйектерді зерттегенде, қазақтың денесінде осыдан 40 ғасыр өмір сүрген көне тайпалардың ерекшеліктерінің үштен бірі сақталғаны анықталды. Халқымыздың азу тісі 4 мың жылда 60 пайыз өзгерген, төменгі азу тісі сол қалпында қалған. Демек, 4 мың жыл ішінде қазақтың жеріне сырттан кірген тайпалар болмаған. Бұл — үлкен жаңалық. Әлемде 4 мың жылдық тарихы бар — еврей ұлты ғана. Олар оны теологиялық тұжырыммен дәлелдеді. Еуразия кеңістігінде төрт мың жылдық тарихы бар жалғыз ұлт — қазақ. Біз оны ғылыммен дәлелдедік.

Атандай бір институт арқалайтын жүкті жалғыз өзі көтеріп, еліміздегі антропология ғылымына із салып, мектеп қалыптастырған көрнекті тұлға, майталман ғалым Оразақ Смағұлов.

Дінмұхаммед Қонаев өз естелігінде: «Г.Колбин антрополог-ғалым Оразақ Смағұловтың кітабын таратпай, өртеп жіберді» —деп жазды. Оразақ Смағұловтың өзі бір сөзінде: «Егер Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қолдамағанда, Қазақстанда антропология ғылымы да, қырық ғасырлық тарих та болмас еді...» — дегенді ашық айтты.

Орысың да, қытайың да — қуатты көршісі, кешегі атышулы «Алтын Орда» империясының тікелей мұрагері — қазақ ұлтының кешегісінің кемелдігіне де, бүгінінің бақуаттылығына да, ертеңінің ерендігіне де мүдделі емес. Сол себепті орыс билігі өткен ғасырдың отызыншы жылдары қолдан қасақана аштық орнатып, халқымызды қынадай қырды. Мұндай зомбылық-зұл-

матты ұмытуға болмайды...

ЕРКЕКТІҢ АТЫ — ЕРКЕК

Бүгінгі қазақ отбасының мәйегі бұзылды: еркек пен әйел өз орнынан жаңылды. Еркек — отағасы, әйел — отанасы, екендігінің тамыры жұқарды. Бұл қасырет — ұлтымыздың болашағының тамырына балта шабады.

Қазіргі жастарымыз баяу қалыппен, байқаусыз сарынмен жаһандану-айдаһардың кеңірдегін жұтылып барады: бүлдіршіндей қызғалдақ-қыздарымыз кіндігін ашып тастап, шұрық тесік шалбармен немесе ішкиіміне дейін көрінетін қысқа көйлекпен бар байлығы мен қымбатын көрсетіп, көшеде желкілдеп жүр. Ертең елін қорғап, қамын күйттеп, атұстайтын ұлдарымыз — жауапкершілік пен иманнан тым алыс, тіпті, болашақ ұрпағының таза болмыс-бітіміне де бас ауыртпай, кездескенмен бой таласып, тексіздікке бет бұрған... Қазақтың наркесті ақыны Мұхтар Шаханов қазақтың жігіттерін былайша жігерлендіріп келеді:

«Сен жыладың, жігітім!
«Көп көрдім, — деп, —
Тұрмыстың тапшылығын»,
«Қайтпады, — деп, — Жұртқа
еткен жақсылығым»...
Сен жыладың:
«Аңғармай қалдым орды» деп,
«Қадамым сәтсіз болды» деп.
«Бір қатты соққы алдым» деп,
«Бақытсыз болып қалдым» деп.

...Әй, әй, жігіт,сен маған ұнамадың...
Жас нәресте көруге тиісті емес,
Әкесінің еңкілдеп жылағанын,
Әкесінің тым күйреп, құлағанын...
Ерлік пенен ездіктің жолы қатар,
Екеуінің арасы — бір-ақ адым...
Көтер қане, басыңды!
Күніңді босқа өткізіп пе едің?..
Тағдырың неге сыр айтты сараң?
Өмірдің барлық сәтсіздіктерін,
«Бақытсыздық» деп, кім айтты саған?!
Кім айтты саған:
«Тұлпарды сүрінбейді» деп,
«Асауды мінілмейді» деп,
«Ақ көйлек кірлемейді» деп,
«Қара ешкі мүжіген ағаш —
Қайтадан гүлдемейді» деп.
Кім айтты саған:
«Жұрттың бәрі мейірбан,
арайлы» деп,
«Жұрттың бәрі шындықты
қалайды» деп,
«Биікті ардақтайды» деп,
«Асылды қорлатпайды» деп.
Тоқырау білмес — айбыны,
Адалдық деген — әлемнің
ұлы байлығы.
Бетіне жиған ұятты!
Әйтсе де, кейде ол —
кінәмшіл бала сияқты:
Тірлікте осы баланы —
Өкпелететіндер бар да,
Жұбататындар бар.
Жек көретіндер бар да,
Ұнататындар бар.
Арын сатып, қорлайтындар бар да,

Жанын салып, қорғайтындар бар.
Қиналып бекер алаңдадың-ау,
Ойыңды шығар өріске!
Өзің-ақ айтшы, ғаламда мынау,
Жеңудің бәрі — жеңіс пе?
Жігітке арман жеткізіп пе еді,
Өз сорын өзі — жеңбесе...
Өмірдің барлық сәтсіздіктері —
Бақытсыздық емес, ендеше!..»

Қазақтың отбасындағы еркек — отағасы, ошақ қасындағы әйел — отанасы. Қадым заманнан қалған «Еркектің аты — еркек» деген мәтел бар: осы сөздің терең мағынасын ері мен әйелі толық түсініп, бала-шағасының бойына сіңіре алса, жас шаңырақтардың уығы сынып, ортасына ойылып түспейтін болады. Әркімнің өзіне тән орыны мен міндетін айқын біліп, үйлесімді үмітпен, ықыласты ынтымақпен ғұмыр кешкені абзал. Діңкілдеген әйел мен күмілжіген еркектен — жігерлі жігіт, ибалы қыз өсіп шықпайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген, қазақтың бесігі — бейбіт күннің жылуымен тербеле беру үшін — ата-баба тәлімінің терең тамырынан нәр алуымыз керек.

...Баяғыда Мөңке би түс көріп, сол түсін Сырым батырға жорытпақ болады: «Бір жолы бәйгеге 40 ат қостым, біреуі де бәйгеден келмеді. 30 ат қостым біреуі де келмеді. 5 ат қостым, төртеуі бәйгеден келмеді де, біреуі ғана қарақшыға аман жетті. Аман жеткені сол, келе сала пышаққа ілікті. Әлгі аттың ішін жарып жібергенімде, қасқыр шықты, қасқырды жарғанда түл-

кі шықты. Түлкіні жарғанда, қоян шықты. Осыны жорып берші, — дейді Мөңке би. Бірақ, Сырым түс жорудың жолын Мөңкенің ұзатылып кеткен қызына беруді ұйғарады. Бірақ, қызы би үш рет шақыру жібергеннен кейін, әрең келеді. Қыз түстің жайын білген соң, Сырымға: ««Түсті жезденe жорытпа, жиеніңе жорытпа, әйелге жорытпа» деген сөз бар еді, сонда да айтайын: түс — «адал түс», «қияли түс», «шайтан түс» деп үшке бөлінеді. Мұны қай түске жатқызарымды білмеймін, бірақ, оның шешуі мынадай: «40 ат дегеніміз — мұсылманның 40 парызы орындалмай қалатын заман болады екен; 30 аттың бәйгеден келмей қалатыны — 30 күн ораза ұстамайтын заман туады екен; 5 аттың төртеуі келмей, біреуі келгені — бес уақыт намаз қаза болып, оны біреу оқып, біреу оқымайтын кез келеді екен; қасқырдың шыққаны — кісінікін тартып алып, ұрлап жейтін зорлықшыл заманның туады; түлкі шыққаны — алдаушы мен арбаушы көбейетін, түлкідей бұлаңдаған заманның күтіп тұр; қоян шыққаны — ұрпақ үрейленіп өсетін, көлеңкесінен қорқып жүретін заман болар...» — деген Мөңке бидің қызы: «Маған түс жорытқандарыңыз қате болды, күндердің күнінде әйел билеген заман келеді. Ол заманда әйелден — ұят кетеді, еркектен — намыс қашады, менің үш рет шақырғанда зорға келуімнің сыры — осында еді» — дейді.

Мінеки, таза қазақы тәлімнің бастау бұлағы осындай болады...

СҰҢҚАР ҚИЯСЫН САҒЫНАДЫ...

Түйін



Жалған күннің күйбеңі бітпейді, тіршілік көші тоқтамайды. Кезекті бір жаңа жылесік ашты. «Жыл қайыру» — қашанда он екі жыл. Жаратқанның он екі жануары сап түзеген, алтауы — үй серігі, алтауы — түз тағысы: тышқан, сиыр, барыс,қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, қара киік (доңыз). Аталарымыз тұжырымдаған адам жасын білудің ең ыңғайлы, ең тағылымды, ең тапқыр есеп-жүйесі әрі ұлт даналығының бір қыры. Бұрынғы қариялarымыз жасын сұрағанға «бес мүшелге толдым», «жеті мүшелден астым» деп, жауап қатқан. Демек, бір мүшел — он үш жас, екі мүшел — жиырма бес, үш мүшел — отыз жеті, төрт мүшел — қырық тоғыз, бес мүшел — алпыс бір, алты мүшел — жетпіс үш, жеті мүшел — сексен бес, сегіз мүшел — тоқсан жеті жас болып, жалғаса береді.

Рақаңның алтыншы мүшеліне бақандай үш жыл қалыпты. Әрбір күн — әрбір жылымыз — үміт пен сенімнің толғаулы жалғасы. Үлкен үміт, салмақты сенім, қуат-

ты қуаныш — адамның көңілін жасартады, өмірін ұзартады.Бұл жыл — тыныштықтың, бейбітшіліктің, салмақтылықтың, сабырдың, жайлылықтың, жылулықтың жылы саналады. Ашыққанның — қарыны тойып, адасқанның — асығы алшысынан түспек...

«Сұңқар қиясын сағынады, Торғай ұясын сағынады» демекші, тағдырында асығы алшысынан түсіп, адаспай асылын тапқан Рақаң ауылға әрдайым асыққан сайын сонау алыста қол бұлғап қалған бозбала шағын, шаңырақ көтерген қызықты күндерін, «Құдай қосқан қосағың — ар-ұятың» деп отыратын қосақ-ғұмырдың ыстық-суығын бірге кешкен өмірлік серігі, ардақты ұлдары мен алтын кекіл қыздарының аяулы анасы — Баян апамызды елжірей еске алғанда, інжу гүлі туралы бір тәлімді тәмсілді ой елегінен өткізеді...

«Жастары сексеннің сеңгіріне шығып қартайған ерлі-зайыпты қария ұлғайып, егде тартқан шақтарында ажырасу үшін сотқа арызданған көрінеді.Көзінен тоқтаусыз аққан жасын орамалының ұшымен сүрткен кейуана былай депті: «Елу жыл бұрын күйеуім әкеп берген інжу гүлді екеуміз айрықша жақсы көрдік. Перзент сүюді Жаратқан Иеміз нәсіп етпегесін, інжу гүлін «балам» деп білдім. Сәбидей мәпелеп, жыл сайын тұқымын жаңартып,сүйіспеншілікпен өсірдім. Түннің сәулесімен суармаса, інжудің солып қалатынын біліп, елу жыл бойы түннің жарымында ұйқымнан оянып, су құйып тұрдым. Елу жыл бойы күйеуім, ең құрығанда, бір мәрте тәтті ұй-

қысын қиып, «гүлді мен суарайын» демеді. Таяуда қатты шаршап, тағатым таусылып, қатты ұйықтап кетіппін. Сөйтіп, інжу гүлім солып қалды...

Мен бар өмірін, үлкен үмітімді бір өзіне ғана арнаған осындай адаммен елу жыл өмір сүріппін...»

Сүйенген таяғымен зорға жүрген ақсақал баяу үнмен мынадай уәж айтады: «Отан алдындағы әскери борышымды «бағбан» ретінде өтедім. Бақшаның ғажап көрінісі үшін аянбай, қажымай еңбек еттім. Көркем гүлдермен де, сүйікті жарыммен де сол жерде таныстым. Шаңырақ көтеріп, шалқыған жұбайлық өміріміз басталғанда, әйелімнің мойны ауырып, дәрігерге апарғанымда: «Келіншегіңіз түн жарымында ұзақ қозғалмай жатып қалса, мойнындағы шеміршегі қатайып кетіп, тұншығып қалуы мүмкін. Түнде ұйқысын бөліп оянып, аздап қимылдамаса, қайғылы жағдайға ұшырауы ықтимал» деді. Балғын әйелімді түнгі тәтті ұйқысынан күн сайын ояту қиын еді. Көп ойланып-толғанып, бір шешім ойлап таптым. Жас әйеліме: «Жұпар исі бұрқырап-баурап, жаныңды жадыратып, жүректі елжіреткен інжу гүлді түннің жарық сәулесімен суармаса, солып қалады» дедім. Әйелім елу жыл бойы түннің жарымында ұйқымнан оянып, су құйғанда, ұйықтап жатқан кейіп танытқан мен шындығында ояу жататынмын да, келіншегімнің көзі ұйқыға кеткенде, дереу атып тұрып, гүлдің құмырасындағы суды төгіп тастап, қайта жататынмын. Өйткені, шын мәнісінде,

інжу гүлін түнде суаруға болмайды. Соңғы кезде қарттық жеңді ме қайдам, ұйықтап қалыппын...Гүлдің басқасын сатып алуға болар, менің қатты қорыққаным: сүйіктімнің мойнындағы шеміршегі қатайып, тұншығып қалуы мүмкін еді. Мен жарты ғасыр бойы ең асыл адамыма жаңылмай жасаған қамқорлығымнан бір рет қателесекенім үшін кінәлімін! Бірақ, бәрібір, сүйіктімді жүрегім тоқтағанша сүйіп өтемін...»

Ғазиз қарияның таң шығындай таза, шынайы сезіміне еріксіз елжіреген жұрт — жанарларынан аққан жасты тоқтата алмады...»

Осындай орасан жарасым, мөлтілдеген мейірім, сахарадай ыстық сыйластық, кең даладай дарқан кешірімшілдік — Рақым ағамыз бен Баян апамыздың көтерген шаңырақтарының беделін биіктетіп, бақыт пен баянға кенелтті.Ынтымақ пен ырыс, бірлік пен береке — от басы-ошақ қасының құтты қонағы болды.

«Түркістанның Атымтай жомарты» атанған тіршілік тұжырымы мен адам тағдырының қатпарлы қалтарысын қалт жібермей, дөп басқан наркесті намысшыл, айрықша ақжүреказамат Рахым Тәңірбергенов бір сөзінде: «Өмірде бәрі өтеді де кетеді, артыңда қалатыны — ғұмырлық ісің, өшпес ізің, ұлағат-үлгің» — деп еді.

Тағдырдың тандырдан ыстық, мұзтаудан суық өтінде қақталып-шыңдалған өткір алдаспанның қарапайым шындығы осы. Қылыштың алмас-болаттан соғылған

басы үлкен, жүзі жалпағы; қарулы батыр ғана беліне байлап немесе иығына асып жүретін қынға сыймайтын айрықша ауыры, ең таңдаулысы, ең асылы, бір шапқаннан кесіп түсетін ең өткірі — Алдаспан!

«Қазақтар әргі тарихын білсе, жер жүзін жаулап алады», — деп, жаны қалмай қорыққан орыстың қатын патшасы Екінші Екатерина қазақтың арасында талай алдаспанның жарқырап жүргенін сезген. Көнеден күнгейі түскен сақ пен ғұн, бергідегі тапырақ түркілер — жер бетінің жұртын титіркенткен ұлы елдің ұрпағы. Бүгінгі қазақтың буыны бекімей, қабырғасы қатпаған жастары ата-бабамыздың атойлы арынын терең түсініп, тарихи жадын су түбіне батырмауы керек. Еркіндігіміз есімізді жиғызып, шыңырауға шым батпай, сайдағы сайраған — санымыз бен құмдағы жаңғырған — ізімізді айқындауға тиіспіз.

Жетпіс жастың желкенін жайған жайсаң Түркістанның алдаспаны елі мен жеріне, от басы-ошақ қасына, әр қазақтың басына жайдары жақсылықтың кемерінен асып, жиған-тергеннің үйіне сыймайтын күннің де келеріне кәміл сенеді.

Қазақ ауылы — имандылық пен қайырымдылықтың ордасы. Рақаңдай жүрегі таза, жаны жомарт, елге етене, көпке сыйлы тұлғалар тұрғанда, қазақтың көк жалауы желбірей береді, ауылының ошағы сөнбейді.

Еркін қазақпыз, ауызды құр шөппен сүртетін халде емеспіз. Бізге тақыр жерге

тамыр жайып, тыңнан түрен салудың қажеті жоқ: кезкелген менменсіген мемлекеттің тарихын он орап алатын орасан бай тарихымыз бар. Тәуекелге байланған тағдырлы сәттен жадағай сөз, жалаң ұрансыз аман-есен өттік. Ұлықты ұлт болып ұйыстық, ит басына іркіт төгілген күндер келді.

Ескі сөз, ерен есімізге оралдық: әліпби ауыстырып, тарихи қадам жасадық. Билік пен халықтың арасы — ашық, шынайы, сенімді, жауапкершілікті үрдіске бет бұрды. Әлем жұрты қызыққан, адамзат баласы тамсанған тәуелсіздігіміздің тұғыры — Астана салдық. Қазақстанның ажар-айнасындай жарқыраған Бас қаламыз — Ақ Ордамыз әруақты рухымыздың жаңғырығы!

Елімізді ерекше есіркеген ескі жылдың басты жаңалығы һәм жақсылығы — Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың күллі түркі жұртын дүр сілкіндірген тарихи даналық шешімі —иісі Түркінің рухани астанасы —Түркістан қаласына аттас облыстың орталығы мәртебесін беруі туралы жарлыққа қол қоюы болды.

Ақ түйенің қарны жарылды.Ірі өнеркәсіп, байсалды білім ордалары, көрнекті кәсіпкерлік шоғырланған аймақ — жаңадан құрылған Түркістан облысы — қазақ жұртының шынайы жаңғыруына бастайтын баянды баспалдық, жаңа мүмкіндік.«-Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік даңғыл-дәлізі өтетін өскелең өңірдің — құтты құрылықтағы тұтас Орталық Азия экономикасына тың серпін беретіні

даусыз.

Текті Тұранның тылсым топырағындағы «Екі дүниенің есігі» атанғанқасиетті Түркістан – ерен Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы мен «Ұлы Даланың жеті қыры» құнды еңбегінің аялы аясында асқақ рух пен ұлттық ұлағаттың күнгейлі келешегіне керуен түзеді.

МАЗМҰНЫ

Киелі жер — көрнекті кісі 3
Тегіне тартса, еліне тартады 11
Асқар таудың күнгейі 25
Қадіріңді білдім бе, қайран шешем! 55
Ерін сыйлаған — есікте қалмас 85
Жағадағы құндыз 107
Тәуекел — тау жығады 123
Түпсіз судың тереңі 135
Сүткенже 151
Жылқыда да жылқы бар 163
Жігіттің жақсы болмағы 177
Туысы бірдің — уысы бір 191
Жауға — мылтық, досқа — ынтық 205
Атадан сөз қалғанша, бөз қалсын 219
Сұңқар қиясын сағынады 229

Гүлжаз Қарыбек

АЛДАСПАН

Өмірбаяндық эссе

Редакторы Ж. Бейсембаева
Компьютерде беттеген және
мұқабасын көркемдеген Б. Сердәлі

Басуға 03.01.2019 жылы қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік басылым.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №

Тапсырыс берушінің файлдарынан
Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат»
ЖШС-інде басылды.
050002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41